

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА  
ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ**

Әдістемелік нұсқау хат

Нұр-Сұлтан қ. – 2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттамасы)

2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан қ.: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 422 б.

Жинаққа 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепалды даярлық және білім беру ұйымдарының 1-11-сыныптарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша материалдар енгізілген.

Жинақ жалпы орта білім беретін мектептердің басшылары, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне, бастауыш сынып және пән мұғалімдеріне, сонымен қатар білім басқармалары/бөлімдерінің, білім саласындағы бақылау департаменттерінің басшыларына, мамандарына арналған.

- 1 *НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ*
- 2 *ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ*
- 3 *БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГ*
- 4 *ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ*
- 5 *2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.*
  - 5.1 Мектепке дейінгі дайындық топтары мен сыныптары
  - 5.2 Бастауыш білім беру деңгейі
  - 5.3 Негізгі орта білім беру деңгейі
  - 5.4 Жалпы орта білім беру деңгейі
- 6 *БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ*
- 7 *ШАҒЫНЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ*
- 8 *РЕСУРСТАР*

*ҚОСЫМША*

# 1. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

2020-2021 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруда қолданыста болатын МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламалары келесі кестеде берілген. 2020-2021 оқу жылына арналған ӘНХ-тың электронды қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сілтемемен өтуге болады.

✓ Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары осы Әдістемелік-нұсқау хатты, сонымен бірге «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алады».

**1-кесте.** 2020-2021 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруда қолданыста болатын НҚА

Білім беру деңгейлері	МЖМБС	Типтік оқу жоспарлары	Типтік оқу бағдарламалары
Мектепалды дайындық		12.12.2012 №557	12.08.2016 №499
<b>1-4-сыныптар</b>		<b>8.11.2012 №500 (4.09.2018 №441)</b>	<b>3.04.2013 №115 (8.04.2016 №226, 10.05.2018 №199, 17.10.2018 №576)</b>
<b>5-9-сыныптар</b>	ҚР МЖМБС (№604 31.10.2018ж)	<b>8.11.2012 №500 (4.09.2018 №441 17.08.2020 №350)</b>	<b>3.04.2013 №115 (25.10.2017 №545)</b>
<b>10-11-сыныптар</b>		<b>8.11.2012 №500 (4.09.2018 №441, 15.05.2019 №205 17.08.2020 №350)</b>	<b>3.04.2013 №115 (27.07.2017 №352, 7.03.2019 №105, 21.04.2020 №154)</b>

***1-4-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:***

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы;

✓ Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы № 595 30 қазандағы ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы;

✓ «Арнайы білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы.

***5-11-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:***

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы

3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 3 сәуірдегі № 352 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен»);

✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары (2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы бекіткен №595 бұйрығы;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Арнаулы білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы

✓ ҚР білім және ғылым Министрінің 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы № 596 мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы (соңғы өзгертулер және толықтырулармен 21.09.2018 жылғы № 477 бұйрығы);

✓ «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығы (2019 жылғы 16 мамырдағы № 208 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы (2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 662 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 494 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім мен ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;

✓ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығы;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2020 - 2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 340 бұйрығы;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» № 345 бұйрығы;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 372 бұйрығы;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы

28 тамыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 373 бұйрығы;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» № 374 бұйрығы.

Келесі кестеде 2019 жылдың 27 желтоқсанында қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Заңның негізінде бекітілген орта білім беру жүйесіне қатысты НҚА және жаңа оқу жылының қарсаңында бекітілген негізгі нормативтік құжаттар келтірілген.

**2-кесте.** «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануына байланысты бекітілген орта білім беру жүйесіне қатысты НҚА және жаңадан қабылданған негізгі нормативтік құжаттар

<b>2019 жылдың 27 желтоқсанында қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Заңның негізінде бекітілген орта білім беру жүйесіне қатысты НҚА</b>	
<b>ҚАБЫЛДАНҒАН НҚА АТАУЫ</b>	<b>НҚА-ҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР / МАЗМҰНЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ АҚПАРАТ</b>
<p><b>1. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы</i></p>	<p>Бастауыш мектеп деңгейінде:            10-1. Оқытуы қазақ тіліндегі оқушылар үшін «Сауат ашу» пәні бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері «Әліппе» оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезең міндеттері «Ана тілі» оқулығымен 2-жартыжылдықта; оқытуы орыс тіліндегі оқушылар үшін «Букварь»/«Обучение грамоте» пәні бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері «Букварь» оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезең міндеттері «Обучение грамоте» оқулығымен 2-жартыжылдықта жүзеге асырылады.            48, 64, 95. Сыныпта ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар болған жағдайда сынып толымдылығы осындай әр балаға барлық білім алушылар санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.            51.1.Сыныптарды топтарға бөлу 51-тармақта көрсетілген пәндерден басқа инвариантты компонент пәндері бойынша сабақтар өткізу кезінде білім алушылар санына қарамастан, қалалық, ауылдық білім беру ұйымдарында, шағын жинақты мектептерде рұқсат етіледі.</p>
<p><b>2. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта</b></p>	<p>Биылғы жылы балаларды бірінші сыныпқа</p>



<p><b>білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы</i></p>	<p>қабылдау ережесіне өзгерістер енгізілді. Барлық осы процестер толығымен автоматтандырылады және «Электрондық үкімет» арқылы қол жетімді болады. <u>1-сыныпқа қабылдау үшін</u> портал арқылы ағымдағы жылдың <i>1 сәуірінен 1 тамызына дейін</i> өз үйінде бола отырып өтініш беруге болады. <i>Оқушыларды</i> бір мектептен екіншісіне <u>ауыстыру</u> жаңа форматта жүргізіледі, ол да автоматтандырылады. Ата-аналар бір мектептен екіншісіне барып, құжаттарды қағаз форматта тапсырудың қажеті жоқ, ескі мектепте шығу үшін түбіртектерді, содан кейін келу түбіршегін ресімдеудің қажеті жоқ.  <i>Мамандандырылған ұйымдардан, гимназиялардан және лицейлерден басқа, білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына балаларды қабылдау кезінде түсу емтихандарын, тестілеуді, сынақтарды, конкурстарды өткізуге жол берілмейді.</i></p>
<p><b>3. «Орта білім беру ұйымдарында 2020 - 2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы №340 бұйрығы</i></p>	<p>1) 2020 - 2021 оқу жылының басталуы - 2020 жылғы 1 қыркүйек;  2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.  3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:  1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 10 күн (2020 жылғы 5-14 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2021 жылғы 20-31 наурыз аралығында);  1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпан аралығында).</p>
<p><b>4. «Педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығы</i></p>	<p>3. Педагогикалық кеңес:  1) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;  2) оқу жұмыс жоспарларын бекіту;  3) білім беру қызметтерін ұсыну сапасы;  4) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;  5) білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу, оларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағазымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіру туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргендігі туралы аттестат, жалпы орта білімі</p>

	<p>туралы үздік аттестат, жалпы орта білімі туралы аттестат, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» <u>бұйрығына</u> сәйкес белгіленген үлгідегі анықтама беру туралы шешімдер қабылдау;</p> <p>6) мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы педагогтердің оқу жүктемесін бөлу, оларды аттестаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеу;</p> <p>7) білім беру ұйымының үш тілде оқытуға ауысуы;</p> <p>8) экстернаттық оқыту нысанындағы білім алушыларға рұқсат беру, қорытынды аттестаттау жүргізу;</p> <p>9) зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музыкалық-шығармашылық конкурстарға қатысушы білім алушыларға жеке жұмысты ұйымдастыру;</p> <p>10) сабақ кестесін құрастыру;</p> <p>11) білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) қабылдау, ауыстыру және бітіріп шығару;</p> <p>12) білім алушының (тәрбиеленушінің) эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу;</p> <p>13) оқуы мен тәрбиесінде тұрақты қиындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру;</p> <p>14) кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау мәселелерін қарастырады.</p> <p>4-тармақ мынадай редакцияда жазылған: «4. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымдарының барлық педагогтары кіреді».</p> <p>Педагогикалық кеңесте қысқартылған жүктеме бойынша Типтік оқу жоспарларын таңдау, топтарға бөлу, жоғары сыныптарда физика, химия, биология, информатиканы ағылшын тілінде оқыту және білім беру ұйымдары қызметінің басқа да мәселелері бойынша өз бетінше шешім қабылдауға болады.</p>
<p><b>5. «Білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы.</b></p>	<p>Мұғалімдер үшін келесі құжаттарды жүргізу белгіленген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сынып журналы;</li> <li>- күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар;</li> <li>- сабақ жоспарлары (қысқа мерзімді жоспар);</li> <li>- критериалды бағалау бойынша құжаттар (жиынтық және формативті бағалау);</li> <li>- сынып жетекшілерге арналған құжаттар нысандары.</li> </ul> <p>Сынып журналы мектептің әрбір мұғалімі үшін жүргізуге міндетті мемлекеттік құжат болып табылады.</p>

	<p>Сынып журналы орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда тек қана электрондық форматта толтырылады, оны қағаз нұсқасында толтыруға жол берілмейді.</p> <p>Оқушылар бір мектептен екінші мектепке ауысқан кезде, оқу жылы көлеміндегі оның жиынтық бағалау нәтижесі (бөлім (ортақ тақырыптар) және тоқсан үшін жиынтық бағалаудың максималды балы және білім алушының қорытынды балдары) электронды (қағаз) журналдан жазба арқылы ресімделіп, директор және мектеп мөрімен расталып, оқушының жеке іс қағазымен беріледі (ҚР Білім және ғылым министрінің 09.02.2018 № 47 бұйрығының редакциясында).</p> <p><i>Оқу жылының, төрттің қорытындысы бойынша электрондық журнал басып шығарылмайды, білім беру ұйымында электрондық журналды электрондық тасымалдағышта (флеш, диск) сақтау көзделуі тиіс.</i></p>
<p><b>6. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 149 бұйрығы</i></p>	<p>9(10), 11 (12) сынып оқушылары үшін қорытынды аттестаттау жазбаша түрде, жаңа форматта өткізіледі(37-85 тт.).</p> <p>Ұйымдастыру шарттары белгіленді.</p> <p>14-9. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда тоқсанға бір БЖБ, тоқсанның соңында ТЖБ өткізіледі.</p> <p>20-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда БЖБ мен ТЖБ қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып ұйымдастырылады.</p> <p>50-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қорытынды аттестаттау ағымдағы оқу жылының жылдық бағасы негізінде жүргізіледі.</p> <p>52-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 61 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13110 болып тіркелген) Экстернат нысанында оқыту <u>қағидаларына</u> сәйкес білім алушы балалар қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып БЖБ нысанында қорытынды бітіру емтиханын тапсырады.</p> <p>53-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда шетелге оқуға түсу үшін кеткенде немесе тұрғылықты орнын шетелге ауыстырған жағдайда, растайтын құжаттарын ұсынған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың бітірушілері үшін оқу жылының аяқталуына дейін 2 ай бұрын қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып онлайн режимінде қорытынды бітіру емтихандары немесе</p>

	<p>мемлекеттік бітіру емтихандары ұйымдастырылады.</p> <p>54-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға баратын және сол жақта білім беру мекемелерін аяқтайтын 11 (12) сыныпты бітірушілер 11 (12) сынып үшін қорытынды аттестаттаудан 10 (11) сыныптағы жылдық бағасын ескере отырып оқыған елдегі ағымдағы бағаларының негізінде өтеді.</p>
<p><b>7. «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы</b></p>	<p>2020 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 4 бабының 3 тармағына сәйкес «педагог» ұғымына енгізілген лауазымдар тізбесі ұсынылған жаңа НҚА. Жаңа педагогикалық лауазымдар енгізілді: педагог-ассисент, педагог-психолог, арнайы педагог.</p>
<p><b>8. «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы</b></p>	<p>Жаңа НҚА. Педагогтердің жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін белгілейді.</p> <p>2.3. Педагогтердің жұмыс уақыты атқаратын лауазымына, сондай-ақ білім беру ұйымдарының типі мен түріне қарай: оқу (оқытушылық), тәрбие жұмысын, білім алушылармен жеке жұмысты, лауазымдық міндеттерімен және (немесе) оқу-тәрбие жұмысының жоспарларымен көзделген ғылыми, шығармашылық және зерттеу жұмысын қамтиды.</p> <p>2.10. Білім беру ұйымдарында типтері мен түрлеріне қарай педагогтердің нақты жүктемесін, оқу-тәрбие жұмысының жоспарын, оқу кестесін және қолда бар материалдық-техникалық, кадрлық ресурстарды ескере отырып, бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасы белгіленеді.</p>
<p><b>9. «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы</b></p>	<p>1.1. Педагогтік қайта даярлау қағидалары «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының <u>2-тармағына</u> сәйкес әзірленді және кәсіптік білімі бар, педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін тұлғалар үшін педагогикалық қайта даярлау тәртібін айқындайды.</p> <p>2.3. Курстарды кәсіптік білімі бар, педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін тұлғалар үшін 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы <u>Заңына</u> сәйкес лицензиясы бар ЖОО-ның базасында жоғары оқу орны өткізеді.</p> <p>2.4. Педагогикалық кадрларды қайта даярлау курстары күндізгі оқу нысаны бойынша жүргізіледі.</p> <p>2.11. Педагогикалық қайта даярлау бағдарламасынан сәтті өткен тыңдаушыларға ЖОО сертификаты беріледі.</p>
<p><b>10. «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан</b></p>	<p>Конкурсты өткізу шарты кәсіби қызметті бағалау критерийлерімен толықтырылды.</p>

<p><b>Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 157 бұйрығы</i></p>	<p>2.4. «Үздік педагог» атағы бір адамға он жыл ішінде бір реттен артық берілмейді. Конкурсқа мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- білім беру ұйымдарының штаттағы педагогтері болып табылатын;</li> <li>- Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үзіліссіз педагогикалық өтілі бар.</li> </ul> <p>1-параграф.  Конкурстың I кезеңі – аудандық (қалалық), жыл сайын сәуір айында өткізіледі, онда екінші кезеңге қатысуға ұсынылған Конкурс жеңімпаздары айқындалады.  Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздарға Комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде ауданның (қаланың) "Үздік педагог" атағы беріледі және осы Қағидаларға <u>5-қосымшаға</u> сәйкес куәлік табыс етіледі.</p> <p>2-параграф. Конкурстың II кезеңі – облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және астана, жыл сайын мамыр айында өткізіледі, онда үшінші кезеңге қатысуға ұсынылған Конкурс жеңімпаздары анықталады.  «Үздік педагог» атағының иегеріне «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының <u>6-тармағына</u> сәйкес жергілікті атқарушы органдар «2020-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2019 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген кемінде айлық есептік көрсеткіштің 300 еселенген мөлшерінде сыйақы төлейді, ол оның ағымдағы шотына бір уақытта аударылады.</p> <p>3-параграф. Конкурстың III кезеңі – республикалық, жыл сайын тамыз-қыркүйек айларында өткізіледі, онда Конкурстың жеңімпаздары анықталады.</p> <p>48. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпазға Комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде «Үздік педагог» атағы беріледі және осы Қағидаларға <u>5-қосымшаға</u> сәйкес куәлік, осы Қағидаларға <u>6-қосымшаға</u> сәйкес төсбелгі табыс етіледі.</p> <p>49. «Үздік педагог» атағының иегеріне "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының <u>5-тармағымен</u> белгіленген мөлшерде және тәртіпте сыйақы төленеді.</p> <p><i>2-тарау. 3-параграф.</i> 43-тармақ. Педагогтердің кәсіби қызметіндегі жетістігі осы Қағидалардың «Үздік педагог» атағын беруге арналған конкурсқа қатысушылардың кәсіби қызметін бағалау өлшемшарттары</p>
---	--



	4-қосымшасына сәйкес бағаланады.
<p><b>11. «Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 204 қаулысы</i></p>	<p>1.1. Осы Қағидалар «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының <u>5-тармағына</u> сәйкес әзірленді және «Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу тәртібін айқындайды.</p> <p>1.3. Сыйақы 1000 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.</p>
<p><b>12. «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы</i></p>	<p>2.3. Орта білім беру ұйымына кәсіптік қызметке алғаш рет кіріскен педагогке (бұдан әрі – педагог) бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог (бұдан әрі – тәлімгер) бекітіледі.</p> <p>2.12. Тәлімгерге тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді.</p> <p>2.13. Тәлімгерлер резервін педагогикалық кеңес осы Қағидалардың <u>14, 15-тармақтарында</u> белгіленген талаптарға сәйкес, орта білім беру ұйымының басшысы мен басшының орынбасарларын қоспағанда, барлық жұмыс істейтін педагогтер қатарынан әдістемелік бірлестіктердің ұсынысы бойынша қалыптастырады.</p> <p>3.14. Шағын жинақты мектептегі тәлімгерден басқа, тәлімгер мынадай талаптарға сәйкес болуы қажет:</p> <p>1) «педагог-зерттеуші» не «педагог-шебер» біліктілік санаты;</p> <p>1) педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтауы;</p> <p>2) соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім алушылардың білім сапасы кемінде 60% - 70% .</p> <p>3.15. Шағын жинақты мектептегі тәлімгер мынадай талаптарға сай болуы қажет:</p> <p>1) «педагог-зерттеуші» не «педагог-шебер» біліктілік санаты;</p> <p>2) педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтауы;</p> <p>3) соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім сапасы кемінде 50% - 60%.</p>
<p><b>13. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы</i></p>	<p>Педагогтердің жаңа лауазымдарының Үлгілік біліктілік сипаттамалары бекітілді (<i>педагог-ассисент, педагог-психолог, арнайы педагог</i>).</p>
<p><b>14. «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы</i></p>	<p><b>3.14.</b> Өз қызметінде академиялық адалдық принциптерін мүлтіксіз сақтайды, соның ішінде академиялық ортада адалдық пен өзара сыйластық қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз етеді, педагогтің академиялық</p>

	<p>мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тәлімгер ретінде өзінің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне құрмет көрсету, білім беру процесіне қатысушыларды академиялық адалдықтың жоғары стандарттарын алға жылжытуға және қорғауға ынталандыру және көтермелеу, педагогтің пәннің нақты саясатын, білім алушылардан күтілетін талаптарды анықтауы, білім алушылардың жауапкершілігін қамтамасыз ету және олардың академиялық адалдық қағидалары мен стандарттарын бұзғаны үшін пәрменді шаралар қабылдау, білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық әділетсіздік танытуға мүмкіндік бермейтін академиялық орта құру.</p> <p><b>3.15.</b> материалдарды БАҚ-та, оның ішінде интернет-басылымдарда жариялайды, жеке тұлға ретінде өз атынан ғана көпшілік алдында сөйлейді, бұл ретте педагогтің жоғары атағына нұқсан келтірмей, пікірталасты дұрыс түрде жүргізуді қамтамасыз етеді, мемлекеттің лауазымды тұлғаларының атына сындарлы емес сыннан және әдепсіз пікірден тартынады, жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашпайды, қоғамда педагогтің жоғары атағына нұқсан келтірмейді.</p> <p><i>2-қосымша.</i> Осы Қағидалар педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастыруды анықтайды. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) білім беру ұйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.</p> <p>Білім беру ұйымдарының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады.</p>
<p><b>15. «Мемлекеттік ұйымдар педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 191 бұйрығы</i></p>	<p>Жаңа НҚА педагогтердің жалақысын есептеу ережесін анықтайды. «Төтенше жағдай кезеңінде есептеу тәртібі» тармағын қамтиды.</p>
<p><b>16. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 14 мамырдағы № 202 бұйрығы</i></p>	<p>2-тарау. 3-тармақ. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдар атқаратын педагогтерді аттестаттау (бұдан әрі – педагог) мынадай кезеңдерді қамтиды:</p> <p><b>педагогтер үшін:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Ұлттық біліктілік тестілеу;</li> <li>2) біліктілік санатын беру (растау) рәсімі;</li> </ol>

	<p>білім беру ұйымдары басшысының орынбасарлары үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) біліктілік бағалау;</li> <li>2) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.</li> </ol> <p>білім беру ұйымдарының басшылары үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Ұлттық біліктілік тестілеу;</li> <li>2) біліктілік бағалау;</li> <li>3) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.</li> </ol> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) басшы лауазымына конкурстық тағайындау өткізу тәртібі</li> <li>2) басшы лауазымына конкурстық тағайындау тәртібі.</li> </ol> <p>2-тарау. 4-тармақ. Педагогтерді аттестаттау бес жылда кемінде бір рет, білім беру ұйымдарының басшыларын – «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының <u>5-тармағына</u> сәйкес үш жылда бір рет өткізіледі.</p> <p>2-тарау. 11-тармақ. Ұлттық біліктілік тестілеу келесі тест тапсырмаларынан тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері үшін:       <ul style="list-style-type: none"> <li>«Мектепке дейінгі педагогика және психология» - отыз тапсырма;</li> <li>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;</li> </ul> </li> <li>2) Жалпы орта білім беру педагогтері үшін:       <ul style="list-style-type: none"> <li>«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;</li> <li>«Оқу пәнінің мазмұны» - жетпіс тапсырма;</li> </ul>       Бастауыш білім беру педагогтері тестілеуді: қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі), әдеби оқу, математика пәндері бойынша тапсырады.       <ul style="list-style-type: none"> <li>Арнайы пәндер бойынша педагогтер:           <ul style="list-style-type: none"> <li>«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;</li> <li>«Қызмет бағыты бойынша» - жетпіс тапсырма;</li> </ul> </li> <li>Өндірістік оқыту шеберлері:           <ul style="list-style-type: none"> <li>«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;</li> <li>«Қызмет бағыты бойынша» - отыз тапсырма;</li> </ul> </li> </ul> </li> <li>4) Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:       <ul style="list-style-type: none"> <li>«Психология негіздері» - отыз тапсырма;</li> <li>«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;</li> </ul> </li> <li>5) Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін:       <ul style="list-style-type: none"> <li>«Оқу пәнінің мазмұны» - жетпіс тапсырма;</li> <li>«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма.</li> </ul> </li> <li>6) Білім беру ұйымдарының басшылары үшін:       <ul style="list-style-type: none"> <li>«Заңнаманы білу» бағыты бойынша - 80 (сексен) сұрақ;</li> <li>Қазақстан Республикасының <u>Еңбек кодексі</u> - 20 (жиырма) сұрақ;</li> <li>«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» <u>Кодексі</u> - 20 (жиырма) сұрақ;</li> </ul> </li> </ol>
--	---



	<p>«Білім туралы» Қазақстан Республикасының <u>Заңы</u> - 20 (жиырма) сұрақ;  «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының <u>Заңы</u> - 10 (он) сұрақ;  «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының <u>Заңы</u> - 10 (он) сұрақ;  «Басқару құзыреті» бағыты бойынша - 20 (жиырма) сұрақ.</p> <p>2-тарау. 26-т. 6-т-ша. Жоғары оқу орындарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін жұмысқа алғаш рет қабылданғанда:  «Оқу пәнінің мазмұны»:  «педагог-модератор» біліктілік санаты - 60%;  «Педагогика, оқыту әдістемесі»:  «педагог-модератор» біліктілік санаты - 30 % .</p> <p>3-тарау. 63-т. Білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларын (бұдан әрі – аттестатталушы) аттестаттау портфолио негізінде біліктілік бағалауды және қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жалпылауды ғана қамтиды.</p> <p>64-т. Аттестатталушы аттестаттау кезінде алғаш рет кез келген біліктілік санаттарына өтініш бере алады. Әрі қарай - бірізділікті сақтай отырып береді.</p> <p>3-тарау. 89-т. <u>Білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларын аттестаттау нәтижелері бойынша</u> Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:  өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;  өтініш берілген санатты растаумен аттестатталды;  өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.</p> <p>93-т. <u>Білім беру ұйымдарының басшыларын аттестаттау нәтижелері бойынша</u> Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:  өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;  өтініш берілген біліктілік санатына ротациямен аттестатталды;  өтініш берілген біліктілік санатына растаумен аттестатталды;  өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады;  еңбек шартты бұзуымен өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.</p>
<p><b>17. «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы»</b>  <i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы</i></p>	<p>1.2. Білім беру ұйымы жыл сайын 1 қыркүйекке дейін алдағы қаржы жылына біліктілік санаттарын берудің (растаудың) перспективалық жоспарын жасайды және бекітеді, ол қажеттілігіне қарай түзетіледі.</p> <p><i>1-параграф.</i> 34-т. Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне (әдіскерлеріне)</p>

	<p>біліктілік санаттары диплом бойынша және атқаратын лауазымы ескеріле отырып беріледі.</p> <p><i>1-параграф.</i> 40-т. «Көркем еңбек» пәні бойынша педагогтерге кезекті біліктілік санатын беруде «Технология», «Бейнелеу өнері», «Сызу» мамандықтары бойынша диплом, сондай-ақ бұрын берілген біліктілік санатын ескере отырып, кәсіптік оқыту негізге алынады.</p> <p><i>2-параграф.</i> 50-т. «Педагог-модератор» біліктілік санаты CLIL әдістемесі және шет тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаты бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің: ағылшын тілі бойынша: IELTS - 6,5 балл; TOEFL - 60-65 балл; француз тілі бойынша: DELF - C1; неміс тілі бойынша: Goethe Zertifikat - C1 менгерген педагогтеріне жеке өтініші негізінде біліктілік санатын беру рәсімінен өтпей беріледі.</p> <p>«Педагог-сарапшы» біліктілік санаты CLIL әдістемесі және шет тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаты бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің: ағылшын тілі бойынша: IELTS - 6,5 балл; TOEFL - 66-78 балл; француз тілі бойынша: DELF - C1; неміс тілі бойынша: Goethe Zertifikat - C1 менгерген педагогтеріне жеке өтініші негізінде біліктілік санатын беру рәсімінен өтпей беріледі.</p> <p>«Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты CLIL әдістемесі және шет тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаты бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің: ағылшын тілі бойынша: IELTS - 7 балл; TOEFL - 79-95 балл; француз тілі бойынша: DELF - C2; неміс тілі бойынша: Goethe Zertifikat - C2 менгерген педагогтеріне жеке өтініші негізінде біліктілік санатын беру рәсімінен өтпей беріледі.</p> <p>«Педагог-шебер» біліктілік санаты CLIL әдістемесі және шет тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаты бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің: ағылшын тілі бойынша: IELTS -7,7 балл; TOEFL - 96 - 110 балл; француз тілі бойынша: DELF - C2; неміс тілі бойынша: Goethe Zertifikat - C2 менгерген педагогтеріне жеке өтініші негізінде біліктілік санатын беру рәсімінен өтпей беріледі.</p>
<p><b>18. «Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 213 бұйрығы</b></p>	<p>Басшылардың лауазымына конкурстық тағайындау өткізу тәртібі және басшы лауазымына конкурстық тағайындау тәртібі бекітілді.</p>



## ҚОСЫМША АҚПАРАТ

✚ Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) және оқу бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының [www.nao.kz](http://www.nao.kz) сайтында орналастырылған.

✚ Білім беру ұйымдарының әкімшілігінде МЖМБС-ның, үлгілік оқу жоспарларының, үлгілік оқу бағдарламаларының бір дана қағаз нұсқасы болуы керек.

✚ Педагогтер МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламаларының электронды нұсқасымен жұмыс істей алады.

✚ Барлық оқу пәндерінен 1-11-сыныптарға арналған орта мерзімді жоспарлардың үлгілері жүйелік-әдістемелік кешенге орналастырылған (сілтеме: [smk.edu.kz](http://smk.edu.kz)).

✚ Қысқа мерзімді жоспарды мұғалім әр сабаққа әзірлейді және электронды немесе қағаз түрінде ұсына алады.

❖ Сондай-ақ мамандандырылған ұйымдарды, гимназиялар мен лицейлерді қоспағанда, балаларды білім беру ұйымының бірінші сыныбына қабылдау кезінде түсу емтихандарын, тестілеу, сынақ, конкурстарды өткізуге жол берілмейді.



### Назар аударыңыз!

Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, **қайталауға арналған сағаттар** есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады. Сабақ өткізу күні сәйкес келген жағдайда сабақ тақырыптарын/оқыту мақсаттарын **оқу пәні бойынша жақын/мәндес тақырыптармен/ мақсаттармен біріктіру / қосу**, көрсетілген күнге дейінгі немесе одан кейінгі сабақтарда аз сағат санымен өткізіледі. Бұл ретте, қосымша сағаттар бөлінбейді. Біріктірілген сабақтар тақырыбы журналда бір жолда көрсетіледі. Білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде бұл өзгерістер электрондық журнал жүйесінде параметрлердің көмегімен көрсетіледі (осы бағытта сұрақтар туындаған жағдайда электрондық журналдар мен күнделіктер сайтындағы техникалық қолдау көрсету: колцентр, қолдау қызметі, нұсқаулықтар арқылы нақтылауға болады).

## Электрондық журналдарды толтыру



### 1. «Kundelik.kz» электронды журналы

**Kundelik.kz** – бұл сынып журналы мен күнделік мүмкіндіктерін, сондай-ақ білім беру үдерісінің барлық қатысушылары арасындағы желілік өзара іс-қимыл құралдарымен электрондық құжат айналымын біріктіретін интернет-портал.

«Күнделік» журналы тегін және сайтты пайдалану үшін Kundelik.kz абоненттік төлем алынбайды.

Ата-анаға сайтта тегін мүмкіндік беріледі Kundelik.kz өз логині мен паролімен «Балалар» – «Күнделік» бөлімінде өз баласының электрондық күнделігіне қол жеткізу, бағалар мен үй тапсырмасын білу. Мектептерден сайтты пайдалану үшін ешқандай төлем алынбайды.

Пайдаланушы деректерін қорғауға қатысты. Kundelik.kz сайты пайдаланушылардың барлық деректері «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ мемлекеттік ақпараттық жүйелер операторына тиесілі және «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі» ММ-не бекітілген Ақпараттық-есептеу ресурстарында Қазақстан Республикасының аумағында жабық қорғалған датаорталықта орналастырылады. Осы пайдаланушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағында болады. Жүйеге кіру Kundelik.kz жабық, сырттан ешқандай деректер қол жетімді емес. Ішінде Kundelik.kz әлеуметтік желі бар. Бұл байланыс құралы, оның арқасында пайдаланушылар өзара жүйенің ішінде сөйлесе алады. Бұл әлеуметтік желіде анонимді өз бетінше тіркеле алмайды. Әрбір пайдаланушы мектеп тіркейді.

Осылайша, Күнделік желісінде балаларға қауіп төндіретін анонимді тұлғалар пайда бола алмайды, мұндай пайдаланушы бірден анықталады және бұғатталады.

Сонымен қатар, әрбір пайдаланушы өз профилінің деректерін ешкімге көрсетпейтін параметрлерін таңдай алады. Бұл жасайды Kundelik.kz жасөспірімдердің қарым-қатынасы үшін ең қауіпсіз білім беру ортасы.

**Пайдаланушының ЖСН тіркеу үшін міндетті алаң болып табылмайды.** Ата-анаға тіркелу үшін тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін және жынысын хабарлау қажет. Басқа деректер міндетті емес. Ата-аналарды тіркеу қажет, өйткені үлгерімі туралы ақпараттан басқа, ата-ана оқушыларға әрдайым арналмаған мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінен жеке хабарламалар ала алады.

Осылайша, ата-аналар мен педагогтер арасында тікелей онлайн байланыс құрылады. Сондай-ақ болашақта ата-аналарға арналған ақпараттық бөлімдер пайда болады, мысалы, ата-аналар кеңесі және басқалар.

2020-2021 оқу жылында Қазақстанның білім беру ұйымдарында жанартылған білім беру мазмұнына толық көшу жүзеге асырылуда. Критериалды бағалау журналы электронды журналдар жүйесі («Күнделік», «Білімал», «Мектеп.edu.kz»). қолдау көрсететін 1-11 сыныптар аралығында қолданылады. Оқу жылының басында сынып параметрлерінде журнал түрін таңдау қажет – «критериалды бағалау журналы».

Критериалды бағалау журналында оқу бағдарламасының бөлімдері үшін жиынтық баллдардың ең жоғары ықтимал санын қою көзделген және ең жоғары балл көрсетілген баған бар. Егер оқу бағдарламасының бөлімдері аз болса (мысалы, 2 бірлік), онда 2 қосымша жиынтық жұмыс үшін максималды балл қоюдың қажеті жоқ.

#### *Жиынтық бағалау журналына:*

\* кері байланыс үшін түсініктемелерді пайдалана отырып, қалыптастырушы бағалау балы (1-ден 10 балға дейін) ;

\* бөлім бойынша жиынтық жұмыс үшін балл (БЖБ) - жинаған баллдардың сомасы және оқу жетістіктерінің тиісті деңгейі;

\* оқу кезеңіндегі жиынтық жұмыс үшін балл (ТЖБ) – спецификацияға сәйкес жиналған баллдардың сомасы;

\* жылдық баға-шкалаға сәйкес барлық оқу кезеңдерінде жинаған баллдардың максималды мүмкін болатын балға пайыздық қатынасы қойылады.

Пайыздарды шығару үшін баллдарды енгізгенде браузер бетін жаңарту қажет: бетте «Ctrl+F5» пернелер комбинациясын басу.

Егер балды түзету немесе жою қажет болса, онда курсорды қажетті балға қойып, түзету немесе жою керек, содан кейін пернетақтада «Enter» пернесін басу керек. Егер қате бөлім толтырылмаса, онда алдымен баллдарды алып тастау керек, содан кейін ең жоғары баллды жоюға болады.

Жиынтық бағалауды қою үшін ең алдымен «Макс.балл» қою, содан кейін БЖБ мен ТЖБ қою қажет. **2020-2021 оқу жылында бірінші сыныптарда бағалау жүргізілмейді. Мұғалімнің кері байланысы орындалған тапсырмалар бойынша түсініктемелер, рубрика, ұсыныстар беру арқылы жүзеге асырылады.**

Жаңа оқу жылында электрондық журналға үй тапсырмасы және айдарлармен жұмыс істеу кезінде Күнделік жүйесінің функционалын пайдалану бойынша педагогтерге ұсыныстар, сондай-ақ электрондық журнал жүргізу және үйде оқитын балалар үшін сабақ кестесін құру бойынша педагогтерге кері байланыстың ауызша түсініктеме беру құралдарын пайдалану бойынша ұсыныстар енгізілді.

Жаңа білім беру ұйымдарының жүйесіне қосылуын ескере отырып және түсіндіру жұмыстары мақсатында мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылардан жиі кездесетін сұрақтар іріктеліп алынды.

*Қалай тіркелуге болады? Жүйеге қалай кіруге болады?*

Оқушылар мен олардың ата-аналарына тіркелу, логин мен пароль алу үшін жүйеге мәліметтерді толтыру бойынша жауапты тұлға болып табылатын қызметкерге, яғни әкімшіге мектепке жүгіну қажет. Егер әкімші туралы ақпарат болмаса, деректерді алу үшін сынып жетекшісіне хабарласыңыз.

*Неліктен профиль параметрлерінде өз аты-жөнін өзгертуге болмайды және қажет болған жағдайда оларды қалай өзгертуге болады?*

ААЖ жүйесінің көмегімен «Kundelik.kz» оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер туралы статистиканы автоматты түрде жинауды жүзеге асырады, сондықтан пайдаланушылардың аты-жөнін, туған күнін және жынысын редакциялауға болмайды. Бұл білім беру саласындағы электрондық құжат айналымының мәні болып табылады. Ұсынылатын ақпараттың шынайылығын қамтамасыз ету үшін жеке деректерді редакциялау құқығы тек қана мектеп әкімшісіне беріледі:

- басшылық;
- сынып жетекшісі.

*Бағалауды, үй (оқу) тапсырмасын және кестені қалай көруге болады?*

Оқу ақпаратына көшу үшін экранның жоғарғы бөлігінде «Білім» – «Күнделік» бөлімін таңдау қажет. Осы ата-ананың навигациялық жолағында «балалар» бөлімі бар. Осы сілтемені басқан кезде ол барлық деректер жиналған бетке түседі. «Күнделік» сілтемесі бойынша: күнделік (ағымдағы аптада әдетті сабақ, бағалау және үй тапсырмасы туралы ақпарат); сабақта зерделенген және үйге тапсырма беру қол жетімді болады.

«Мұғалімнің ескертпелері» бағаны жекелеген білім алушылардың мінез-құлқы, олардың оқу жұмысында алға жылжуы немесе артта қалуы туралы мұғалімнің ескертулерін жазуға арналған.

Білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері бойынша бөлімдер/аралық тақырыптар, тоқсан балдары осы жұмыс жүргізілгеннен кейін екі күнтізбелік күн ішінде журнал бағанына қойылады.

Үй тапсырмалары «үй тапсырмалары» бөлімінде қол жетімді, ал қоңырау мен сабақ кестесін «кесте» бөлімінен табуға болады.

*Мұғалімдердің, оқушылардың және олардың ата-аналарының деректерін жүйеге қалай енгізу керек?*

Мұғалімдердің, оқушылардың және олардың ата-аналарының деректерін жүйеге импорттауға болады, бұл қызметкерлердің мектеп профилін толтыруға уақытын үнемдейді. Қажетті үлгілері бар адамдарды импорттау жөніндегі Нұсқаулық қолдау қызметінің порталында болады.

*Бағалар журналдан өшіріліп қалған жағдайда не істеу керек?*

Журналда бағалаудың жоғалуы мүмкін:

- \* журналдағы бағаларды нүктелік жою әдейі немесе кездейсоқ әкімші, пән мұғалімі, редактор-мұғалім немесе сынып жетекшісі жүргізді;
- \* кестені кездейсоқ немесе әдейі әкімші алып тастағанда;
- \* бағаларды қою кезінде Internet Explorer браузері пайдаланылғанда;

\* бағалау жүйесі мәжбүрлеп өзгертудің бірнеше себептері бар.

Естеріңізге сала кетейік, мұндай оқиғаларды болдырмау үшін үш адамнан артық қызметкерге әкімшілік құқық бермеу ұсынылады.

Kundelik жүйесіндегі жұмыс үстелі-мұғалімнің басты құралы.

Жұмыс үстелі-сайттың қажетті білім бөлімдеріне жылдам өту үшін жасалған виджет. Пайдаланушының құқықтары мен рөліне байланысты жұмыс үстелінде әртүрлі блоктар көрсетіледі.

✓ *Мектепті басқару-әкімші* құралына, адамдар тізіміне және жаңа пайдаланушыларды құруға арналған белсенді сілтемелермен;

✓ *Сынып жетекшісінің нұсқаулығы-сынып* кестесінің бетіне, журналға, есептерге және сынып мүшелерінің тізіміне, соның ішінде ата-аналарға ауысатын белсенді сілтемелермен;

✓ *Пәндер мен сыныптардың тізімі-* журнал бетіне, күнтізбелік жоспарлау мен сабақ бетіне өтетін белсенді сілтемелері бар.

*Сабақ кестесін құру және түзету.*

Сабақ кестесін құруды оқу жылының басында мектеп әкімшісі жүзеге асырады. Кестені құрудың ыңғайлылығы үшін арнайы құрал - сабақ генераторы қолданылады, ол тоқсан немесе басқа оқу кезеңі үшін оны жариялау мүмкіндігімен бір немесе бірнеше кесте схемаларын жасауға мүмкіндік береді.

Кесте схемасын құру кезінде ескеру қажет:

- сыныпты топтарға бөлу (топтар, сыныпқа сабақ кестесін құрудан бұрын құрылады);

- сабақтың қиылысуы;

- қоңырау кестесі.

Оқу жылының басынан бастап, сынып кестесіндегі ықтимал өзгерістерге байланысты, сабақ кестесін жаңа тоқсанның басында құру және әр тоқсанның алдында жариялау ұсынылады.

Сабақ генераторынан басқа, Kundelik жүйесіндегі сабақ кестесі:

- сабақтарды ауыстыру;

- сабақты тоқтату / жою;

- сабақты редакциялауды жүзеге асыру;

- сабаққа енгізілген өзгерістерге түсініктеме беру.

Кестені жаппай түзету кезінде журналды және күнтізбелік жоспарлауды экспорттау ұсынылады, өйткені сабақтарды кестеден алып тастау сабаққа қатысты барлық ақпаратты жоюды білдіреді.

*Жүйеде жұмыс істеу үшін қандай браузерді пайдалану керек? Арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату керек пе?*

Жоқ, жүйеге кіру және жұмыс әдеттегі браузерлер арқылы жүзеге асырылады. Пайдаланушыларды қолдау порталында «ұсынылатын браузерлер» мақаласында жүйенің дұрыс жұмысын қолдайтын және кепілдік беретін браузерлер тізімі бар.

Жеке білім беру ұйымдары «Күнделік» электрондық журналына қосыла



алады. Бұл үшін басты сайтта қажет <https://kundelik.kz> / қосылуға өтінім беру («ҚБ қосу» командасы).

Пайдалануға қатысты кез келген қиындықтар туындаған кезде:

8(727)313-18-32 немесе [team@kundelik.kz](mailto:team@kundelik.kz) Kundelik.kz пайдаланушыларды қолдау қызметіне хабарласуға болады.



## Мектепшілік бақылау

Оқу жылына мектепшілік бақылау жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 17-қосымшаға сәйкес жасалады.

Мектепшілік бақылау МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарларының, Үлгілік оқу бағдарламаларының, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлардың, оқушылардың жеке істерінің және т.б. орындаған жұмыстарын тексеруді қамтиды.

Білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізуді ескере отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыру және мектепшілік бақылауды жүзеге асыру үшін жалпы білім беретін мектептердің әкімшілігі үшін мынадай нормативтер ұсынылады (3-кесте).

Карантиндік және шектеу шаралары кезеңінде оқыту жағдайында мектепшілік бақылау әрбір білім беру ұйымының жағдайына қарай жүргізіледі. Мектепшілік бақылаудың барлық түрлері жүзеге асырылмауы мүмкін.

3-кесте. Жалпы білім беретін мектептердің әкімшілігіне арналған мектепшілік бақылау нормативтері

№ р/н	Бақылау нысандары	Нормалар
1	Сабаққа қатысу, бақылау және талдау	- айына (директор орынбасарлары үшін) 10-15 сабақтан кем емес - айына (білім беру ұйымының директоры үшін) 8-10 сабақтан кем емес; - мақсатқа байланысты сабаққа қатысу 15-тен 40 минутқа дейін созылуы мүмкін <i>карантиндік және шектеу шаралары кезеңінде оқыту жағдайында жүргізілмейді</i>
2	Қысқа мерзімді жоспарлар мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды тексеру	қажет болған жағдайда
3	Сынып журналдарын тексеру	қажет болған жағдайда



4	БЖБ және ТЖБ-ның орындалуын тексеру	тоқсанына 1 рет
5	Оқыту процесінде педагогтердің қашықтан оқыту технологиялары мен СБР қолдануы	тоқсанына 1 рет

Қажет болған жағдайда білім алушылардың біліміне бақылау кесінділерін жүргізуге жол беріледі.

### ***Сабаққа қатысу, бақылау және талдау жөніндегі басшылық***

*Карантиндік және шектеу шаралары кезеңінде оқыту жағдайында сабақты бақылау және талдау әрбір білім беру ұйымының жағдайына қарай жүргізіледі. Барлық жағдайларда сабақты бақылау және талдау жүзеге асырыла бермейді.*

Сабақты бақылау – білім алушылардың жұмысын, олардың жетістіктерін, білім алушылардың эмоционалдық және психологиялық көңіл-күйін, оқыту әдістемесін, білім беру үдерісін ұйымдастыруды бақылауға мүмкіндік беретін рәсім.

Бақылаудың мақсаты-деректерді жинау, талдау негізінде сабақтың тиімділігін бағалау екенін есте ұстаған жөн.

Бақылау нәтижесіндегі жазбаларда мұғалімдер туралы ойлар немесе пікірлер болмауы тиіс.

*Сабақты бақылау парақтары сабаққа қатысу мақсатына байланысты жасалады (қосымша 3).*

Сабаққа қатысу мақсаты мониторинг. Келесі критерийлерге назар аудару ұсынылады:

- сабақтың оқу мақсаттарына сәйкес келуі;
- сабақта мұғалімнің формативті бағалау өткізуі;
- педагогтың кері байланысты жүзеге асыруы;
- педагогтың білім алушыларды оқыту процесіне тартуы;
- оқыту процесінде сараланған тәсілдерді қолдануы;
- сабақта сандық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі;
- белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану және басқа.

Барлық сабақтардан кейін қатысқан сабақтарға бірлесіп талқылау жүргізу ұсынылады. Бақылаушы сабақта өткізетін уақыт аралығы әртүрлі болуы мүмкін – сабақ бойы, сабақтың жартысы немесе сабақтың аз бөлігі ғана.

Ең бастысы, сабақты таңдап алған уақыт аралығында оқу бағдарламасы шеңберінде оқу мақсатын іске асыру бойынша нақты қорытынды жасауға мүмкіндік болуы тиіс.

*Сабаққа барған кезде сыпайылықпен, қолайлы және жайлы орта қалыптастыра білу керек. Егер сабақты бақылауды жоспарлаған болсаңыз,*

онда уақытында келіп, сіздің келуіңіздің негізгі мақсатын түсіндіру, сабаққа кедергі жасамау маңызды.

Сабақ кезінде сынып бөлмесі мүмкіндік берсе және егер бұл оқу процесіне кедергі келтірмесе, онда сыныпта жүруге болады.

### ***Сабақтың бақылауынан кейінгі рефлексия***

1. Сабақтың бақылау парағындағы барлық негізгі сәттерді белгілеу.

2. Талдау сабақ/сабақ үзіндісінің оң аспектілерінен бастау қажет және одан кейін сабаққа дайындалу кезінде ескеру маңызды сәттерді атап өту қажет. Мұғалімнің жеке қасиеттеріне емес, сабақтың табысты немесе керісінше, үлгермеген нәтижелерінің дәлелдемелеріне назар аудару қажет.

3. Талқылау кезінде мұғалімге кері байланыс беру үшін сабаққа негізгі түсініктемелер беру керек.

4. Мұғалім өз пікірін білдіргеннен кейін, сабақтың оң сәттерінен бастап, жақсартуға болатын немесе қажет болған сәттерді талқылаумен диалогті жалғастыра отырып, кері байланыс беру қажет.

5. Сабаққа қатысты кері байланыс барысында, ең алдымен, мұғалімге ол өткен сабақ бойынша не ойлайды, яғни сабақта жақсы өтті және тиімді оқыту үшін не жақсартуға болады деген сұрақ қойыңыз.

Сабақтарды бақылау оқу пәндерін оқыту практикасын жақсарту, мұғалімнің кәсіби өсуі мен дамуы, сондай-ақ білім алушылардың білім сапасын арттыру үшін негіз болуы тиіс. Сабақтарды бақылау нәтижелері педагогикалық кеңестердің отырыстарында ұдайы тыңдалуға тиіс.

## **2. ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

Қазақстанда білім мен ғылымды дамыту бойынша жүйелі кешенді шаралар іске асырылуда. 2015 жылы республика Біріккен Ұлттар Ұйымының *2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу*, оның ішінде жалпыға бірдей қамту және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы оқу мүмкіндігін көтермелеу бойынша міндеттемелерді өзіне алды. Оған қол жеткізу үшін әлемде білім беруді дамытудың негізгі бағыттары анықталды: мектепалды даярлықты қамтамасыз ету, 12 жылдық мектептегі білім беру моделі, білім алушылардың 21- ғасыр дағдыларын дамыту, қымбат емес және сапалы ТжКБ мен жоғары білімге тең қол жеткізу. Аталған бағыттар қазақстандық білім беру жүйесі үшін де басым бағыт болып табылады. Тиісті мақсаттар 2020-2025 жылдарға арналған БҒДМЖ белгіленген.



Осы бағыттар бойынша мақсаттарды іске асыру үшін мынадай міндеттер анықталды:

1. Педагог мамандығының жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білімді жаңғырту;

2. Қалалық және ауылдық мектептер, өңірлер, оқу орындары, білім алушылар арасындағы білім беру сапасының ашықтығын қысқарту;

3. Білім берудің қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету;

4. Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу;

5. Экономиканың қажеттіліктері мен өңірлік ерекшеліктеріне сәйкес оқытудың, кәсіптік даярлаудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету;

6. Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету;

7. Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру;

8. Білім беруді тікелей басқару және қаржыландыру жүйесін енгізу.

2020-2021 оқу жылында 11-сынып білім берудің жаңартылған мазмұнына ауысады, елімізде орта білім беру жүйесінің мазмұнын жаңартуға көшу аяқталуда. Орта білім беру жүйесін одан әрі жаңғырту мақсатында 2020-2025 жылдарға арналған БҒДМБ-да орта білім беру жүйесін жетілдіру бойынша мынадай негізгі ұстанымдар белгіленген:

- ❖ білім берудің жаңартылған мазмұнына көшуді аяқтау;
- ❖ оқулықтарды әзірлеу, сараптау, шығарудың жаңа жүйесін енгізу;
- ❖ критериялды бағалау жүйесін жетілдіру;
- ❖ 12 жылдық білім беруге көшу;

❖ қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқыту процесін ұйымдастыру.

Қазіргі заманғы білім берудің негізгі үрдісі білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету және оқытуда жаңа технологияларды пайдалану үшін қосымша ресурс ретінде оқыту процесінде қашықтан оқыту технологияларын пайдалану болып табылады.

Қашықтан білім беру технологиялары бойынша білім алу «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес бекітілген Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Орта білім беру ұйымдарында оқу процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету мақсатында 2020-2021 оқу жылында қашықтан оқыту нысанында «Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы (бұдан әрі-ҚБТ)» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (2020 жылғы 28 тамыздағы өзгерістер).

*ҚБТ мыналарға:*

1) білім берудің барлық деңгейлерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, I және II топтағы мүгедектер болып табылатын тұлғаларға;

2) денсаулық мүмкіндіктері уақытша шектелген және білім беру ұйымдарына тұрақты баруға мүмкіндігі жоқ тұлғаларға;

3) мекемеде тиісті техникалық жағдайлар болған кезде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын және бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларға сотталғандарға жүргізіледі.

2020-2021 оқу жылында тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында қосымша білім беру, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар қашықтан білім алуда.

### **Орта мектепте қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша халықаралық тәжірибе**

Барлық дерлік елдер үшін қашықтан оқыту нысанына көшу пандемия жағдайында қажет болды. Қытайдың, Францияның, Ұлыбританияның, Латвияның, Эстонияның, Әзірбайжанның орта мектептері мұғалімдерінің сұхбаттарын талдау қашықтан оқытуды ұйымдастырудың ерекше ерекшеліктері мен жалпы сәттерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді.

*Францияда* мектеп бағдарламалары мұғалімдерге сыныптағы оқытуды қашықтан ұйымдастыру формасына көшіруге мүмкіндік берді, өйткені оқу, жазу, жобалау көлеміне қойылатын талаптар әрқашан оқушының дербестігін, бастамашылдығын және шығармашылық жұмысын болжады. Бұл елдегі бастауыш білім берудің негізгі бағыттары - математика, табысты қарым-

қатынас, француз тілінде дұрыс сөйлеу және жазу және эстетикалық тәрбие. Сондықтан пандемия жағдайында бастауыш мектепте қашықтан оқыту көптеген жобалар мен шығармашылық жұмыстарды көздеді. Барлық лицейлердің қашықтан оқытуға өз көзқарастары болды, сондықтан қашықтан оқытудың форматы, режимі мен формалары да әртүрлі сипатқа ие болды. Алайда, барлық оқыту дербес ұйымдастыру дағдыларын дамытуға бағытталған.

*Қытайда* сабақтарды бейнежазбаға түсіруге қатаң тыйым салынып бақыланды, оқушының күн тәртібіне ерекше назар аударылды. Күн сайынғы кестесінде таңғы ас пен үзілістер болды. Сондай-ақ, Қытайда әрбір мектептің өз оқу күнтізбесі бар және кейбір мектептерде оқу жылы шілде айының ортасына дейін созылады.

*Латвияда* мектептер қашықтан оқытуды ұйымдастыру бостандығына ие болды.

*Эстонияда* бірнеше жыл бойы бір күн қашықтан оқыту тәжірибесі сыналған, яғни барлық мектептер аптасына бір рет қашықтан оқу мүмкіндігіне ие болды. Сәйкесінше, бұл елде қашықтан оқытуға көшу жеңіл және едәуір икемді өтті.

*Әртүрлі елдер мектептерінің зерделенген тәжірибесін жинақтай отырып*, қашықтан оқыту форматы пандемия жағдайында халықтың өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі нақты шараларға байланысты екенін ескертеміз.

Қашықтан оқыту кезеңінде пәндер бойынша арнайы ұйымдастырылған телевизиялық сабақтар болған жоқ, тек қолда бар бейне ресурстарды толықтыру ретінде ғана жүзеге асырылды. Сонымен бірге, Қазақстандағыдай, көптеген елдерде мұғалімдерге күн тәртібін ұйымдастыру, сабақты жоспарлау, бағалау, тапсырмаларды таңдау және сабақ уақытын реттеу бойынша ұсыныстар берілді.

Мектеп сабақтарын ұйымдастыру және жоспарлау мәселелерінде, оқыту мен бағалау процесін жүзеге асыруда көп еркіндік берілді. Айырмашылықтар мектептің оқу бағдарламасын таңдауымен байланысты болды. Қашықтан оқыту пәндік міндеттерді жеңілдетуге бағытталған. Педагогтерге шығармашылық тапсырмаларды жоспарлау және өздігінен оқу, жазу дағдыларын дамыту, ақпарат көздерімен және рефлексия материалдарымен жұмыс жасау ұсынылды. Оқушыларға мұражайлардың виртуалды көрмелеріне, ғылыми зертханаларға, спектакльдерге, фильмдерге бару ұсынылды. Осылайша, нақты өмірмен байланысты жүзеге асырды.

Жоғарыда аталған елдердің педагогтері де танымал цифрлық платформалар арқылы оқушылармен байланыс орнатуға талпыныс жасады. Сонымен бірге педагогтердің пәндер бойынша сандық ресурстарды пайдалану құқығы болды.

Сонымен қатар, келесі ортақ мәселелер көрініс тапты: оқу бағдарламасын қашықтан игертуді жүзеге асыру, кері байланысты ұйымдастыру, бағалау, балалардың ынтасының болмауы және өзіндік жұмыс. Көптеген орта мектептерде интернет пен цифрлық платформалар бойынша қиындықтар туындады. Бұл мәселе техникалық қамтамасыз ету тұрғысынан да,

оқушылардың компьютерлік сауаттылығы тұрғысынан да, педагогтердің үйреншікті оқытуын ауыстырудан да көрініс тапты.

## 2019-2020 оқу жылының 4-ші тоқсанындағы қашықтан оқыту қорытындысы

Қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін *нормативтік-құқықтық құжаттар* қабылданды. Нақты:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясы кезеңінде оқу процесін қашықтан білім беру технологияларына көшіру кезінде білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» 2002 жылғы 08 сәуірдегі N 135 бұйрығы;

3) «Білім беру ұйымдарында, пандемия кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бұйрығы» (13.04.2020 ж. *толықтыруларымен*);

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы «30» сәуірдегі №168 бұйрығына қосымшада, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 8 сәуірдегі № 135 «Қашықтан оқыту жағдайында жиынтық жұмыстарды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бұйрығына 2-қосымша.

*Қашықтан оқыту аясында төмендегідей әдістемелік ұсыныстар әзірленді:*

1. ТВ-сабақ тұжырымдамасы;

2. Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес пәндер тізбесі, оқу жүктемесінің көлемі, оқу материалының мазмұны және ТВ-сабақтар мен бейне-сабақтарды әзірлеу бойынша ұсынымдар;

3. Байқау сабақтарын өткізу бойынша ұсыныстар;

4. Қашықтықтан ата-аналар жиналысы мен сынып сағаттарын өткізу бойынша ұсыныстар;

5. Қашықтан технологияларды қолдану арқылы бағалау жүргізу бойынша ұсыныстар;

6. ҚББ бойынша білім алушылар мен ата-аналарға арналған психологтың ұсыныстары;

7. Қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін сандық платформалар мен ресурстар тізімі және олармен жұмыс істеу бойынша нұсқаулықтар.

Қашықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі – ҚБТ) пайдалана отырып, оқу процесін ұйымдастыру білім алушылардың МЖМБС-ға сәйкес оқу бағдарламаларын меңгеруі үшін жүзеге асырылады.

*Қашықтан оқыту жүзеге асырылды:*

– «EL ARNA», «Balapan» телеарналарындағы телесабақтар арқылы;

– әртүрлі интернет-платформаларын қолдану арқылы;



– тапсырмаларды Қазпошта арқылы немесе қолма-қол қағаз тасығышта беру арқылы.

Қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде оқыту жұмысының түрлері бойынша уақыт нормаларын білім беру ұйымы дербес икемдеп, жеке кесте құрды.

1. Телесабақтар «EL ARNA» («Радио Классик» арнасында қосымша аудиосабақтар), «Balapan» («Қазақ радиосы» арнасында қосымша аудиосабақтар) телеарналарында аптасына 5 күн 10 минуттан 1-11 (12) сыныптардың оқу пәндері бойынша өткізілді.

Телесабақ форматын пайдаланған кезде кері байланыс «Kundelik.kz» электронды журналы, «Bilimal.kz», «Mekter.edu.kz» жүйелері арқылы жүзеге асырылды, электронды журнал болмаған жағдайда – педагогтің қалауы бойынша байланыстың қолжетімді түрлері арқылы жүргізілді (кері байланысты ұсыну мерзімділігін мұғалім өздігінен анықтайды).

2. Сабақтар интернет-платформа арқылы өткізілді. Сабақты жоспарлау кезінде педагог білім алушыларға өздігінен оқуға тапсырмалар/ оқулықтан оқу материалын орындау үшін ұсынды. Сонымен қатар, интернет-платформаларда орналастырылған сабақтар ұсынылды, қолжетімді сандық білім беру ресурстары қолданылды.

Сонымен қатар, өздігінен орындауға арналған оқу тапсырмасы электронды журналдар жүйесінде, интернет-платформалар, электрондық пошта, WhatsApp, Aitu-чат және басқа мессенджерлер арқылы ұсынылды.

Кері байланыс Kundelik.kz, Bilimal.kz, Mekter.edu.kz журналдары арқылы, электронды журналдар болмаған жағдайда - мұғалімнің қалауы бойынша байланыстың қолжетімді түрлері арқылы (кері байланысты ұсыну мерзімділігін мұғалім өздігінен анықтайды) жүзеге асырылды.

3. Байланыс, интернет болмаған жағдайда оқу материалдары Қазпошта арқылы жіберілді және штаттық режимде оқыды. Алыс оқшауланған елді мекендерде орналасқан 5-тен 80-ге дейінгі балалар саны бар мектептерде санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып (кварцтау, желдету, ауысымдылық және т.б.) штаттық режимде оқыту жүргізілді.

***БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы республикада қашықтан оқыту бойынша зерттеу жүргізді. Зерттеу қорытындысын талдау мынаны көрсетті.***

1. Білім алушылардың қашықтықтан оқытудың әртүрлі құралдарын пайдалануы:

– орыс тілінде оқытатын мектептердің мұғалімдері сандық оқу материалдарын көбірек пайдаланды;

– Респонденттердің 22,2%-ы өз мұғалімінің сабағы арқылы видеобайланыс, телеабақтар режимінде қашықтан оқытындарын айтқан;

– оқушылардың 49% - дан астамы қашықтан оқыту кезінде дербес оқуға төселді.

2. Зерттеу қорытындысы бойынша қашықтан оқыту түрінің артықшылықтары:

- тұрғылықты жеріне қарамастан қол жетімді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға мүмкіндік береді;
- жеке білім беру траекторияларын құруға мүмкіндік береді. Мысалы, үлгерімі нашар оқушылар, педагогтердің пікірінше, оқу тапсырмаларын орындауға қызығушылықпен және жауапкершілікпен қарады;
- білім алушыларды өзіндік жұмысқа ынталандырады;
- елдің географиялық ерекшеліктерін және ауыл мектептері үшін қашықтан оқытудың қолжетімділігін ескере отырып, оқытудың осындай нысанын қолдану өзекті болып табылады.

2. Зерттеу қорытындысы бойынша қашықтан оқыту нысанының қиындықтары:

- жаңартылған бағдарламалар бойынша педагогтердің пәндік білімдері мен жұмыс дағдыларының жеткіліксіздігі;
- мұғалімдердің қашықтан жұмыс істеуге дайын болмауы. Білім беру платформаларында жұмыс тәжірибесінің, желіде жұмыс істеу дағдыларының болмауы;
- жүйелі түрде интернет пен сандық платформалармен қиындықтар туындады.

Дәстүрлі емес жағдайларда оқытудың жаңа және өзекті ақпараттық-коммуникациялық технологияларын белсенді меңгерген, өзінің кәсіби қызметі үшін жағдайларды түбегейлі өзгертуге дайын болған педагогтердің басым көпшілігінің жақсы бейімделу қабілеті қалыптасқаны байқалды.

Субъективті және объективті сипаттағы қиындықтар қашықтан оқыту технологиясына техникалық және әдістемелік қолдауды күшейту; қашықтан білім беру процесін ұйымдастыру бойынша педагогтердің жүйелі курстық дайындығын қамтамасыз ету қажеттілігіне себепші болды.

Оқу бағдарламасы мазмұнының көлемін оңтайландыру, тақырыпты барынша ашу үшін тапсырмалар түрлерін таңдау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар контекстінде қолда бар электрондық цифрлық ресурстарды бағалау мен қолдануды ұйымдастыру мәселелері біліктілікті арттыру курстарының мазмұнында өз орнын табуы тиіс.

Қиындықтар мен проблемаларға қарамастан, қашықтан оқыту оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып және білім беру мазмұнының тұтастығын сақтай отырып, жалпы білім беретін мектептерде білім беру процесін жалғастыруға мүмкіндік берді.

**2020-2021 оқу жылының бірінші тоқсанында қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқуға көшуге байланысты «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» әзірленді (ҚР БҒМ 13.08.20ж №345 бұйрығымен бекітілген)**





## **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

❖ Жалпы орта білім беретін мектептердің мектепалды даярлық, 1-4 сынып оқушыларына әр сыныпқа 15 балаға дейін кезекшілік сыныптар ашуға рұқсат етіледі. Мектептерде тиісті жағдайлар болған жағдайда, ата-аналардың немесе балалардың заңды өкілдерінің өтініші бойынша білім алушылар қабылданады.

❖ 5-тен 180 адамға дейін контингенті бар шалғайдағы ауыл мектептерінде, санитариялық қауіпсіздік шараларын қатаң сақтай отырып, сыныптарда балалар саны 15 адамға дейін штаттық режимде оқыту жүзеге асырылады. Егер ата-ана/заңды өкіл баланың оқуын қашықтықтан жалғастырғысы келсе, бұл жағдайда білім беру ұйымы қашықтықтан оқыту үшін жағдай жасайды.

❖ Халықтың сырқаттанушылық деңгейінің тұрақты төмендеуіне байланысты санитарлық талаптарды сақтай отырып, мектептердің аралас және штаттық оқыту форматтарына біртіндеп көшуі жүзеге асырылады.

❖ Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарда (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға) ата-аналардың өтініштері негізінде, тиісті жағдайлар болған жағдайда, қатаң санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, барлық сыртқы байланыстарды шектей отырып, жабық режимде жұмыс ұйымдастырылатын болады.

❖ Мектеп қашықтан оқытудан штаттық режимге ауысқан кезде білім алушылар ата-аналарының қалауы бойынша қашықтан оқытуды жалғастыруы мүмкін. Ол үшін ата-аналар *1-қосымшада* ұсынылған үлгі бойынша өтініш беруі керек.

❖ 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін мектептерде мәдени-бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар толығымен тоқтатылады.

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар мынадай тарауларды қамтиды:

### ***1. Жалпы ережелер***

### ***2. Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу процесін қашықтан ұйымдастыру***

*2.1 5-тен 180 балаға дейін контингенті бар мектептерде штаттық режимде оқытуды ұйымдастыру*

*2.2 Елде карантиндік шаралардың қолданылу кезеңінде кезекші сыныпта оқытуды ұйымдастыру*

*2.3 Штаттық форматта 1-4 сыныптарды оқытуды ұйымдастыру*

*2.4 Санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру*

*3. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар, оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарда оқу процесін ұйымдастыру*

*4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау*

*5-тарау. Қашықтан оқыту кезінде білім алушылардың оқу тапсырмаларының көлемін оңтайландыру*

*6-тарау. Қашықтан оқыту технологияларын пайдаланумен бейне сабақтар мен сабақтар*

**Әдістемелік ұсынымдардың қосымшасында (ҚР БҒМ 13.08.20ж №345 бұйрығына қосымша):** ата-аналардың өтініш беру үлгілері (1-қосымша); сыныптар және пәндер бойынша бірінші тоқсандағы БЖБ және ТЖБ саны (2-қосымша).

Әдістемелік ұсынымдарға сілтеме [www.nao.kz](http://www.nao.kz).

### **3. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГ**

Педагог мәртебесін Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы айқындайды және педагогтің құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін, шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.

Білім беру саласында кәсіптік қызметін жүзеге асырған және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті ұйыммен еңбек қатынастарында болған кезеңде адам педагог мәртебесіне ие болады.

**Педагог кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алуға міндетті.**

«Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы» «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқармасының төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына сәйкес, педагог бес еңбек қызметін жүзеге асырады: :

**Оқытушылық:** оқу ақпаратын таратады, өз бетімен оқуды үйретеді

**Тәрбиелік:** білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тартады

**Әдістемелік:** білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады

**Зерттеушілік:** білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделейді, білім ортасын зерттейді

**Әлеуметтік - коммуникативтік:** кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады

Дескрипторлар дербестік пен жауапкершілікті және педагогтің атқаратын еңбек қызметінің күрделілігін ескереді:

1) «іскерлік пен дағдылар» көрсеткішінде **дербестік дәрежесі** көрсетілген;

2) «тұлғалық және кәсіби құзыреттілік» көрсеткішінде **жауапкершілік дәрежесі** көрсетілген;

### 3) «білім» көрсеткішінде педагог мамандығының күрделілік дәрежесі көрсетілген


#### Тұлғалық және кәсіби құзыреттілік:

- білім алушының тұлғасына құрмет білдіреді және білім алушының білім жетістігіне өзінің оң үлесін қосады;
- оқыту үдерісінде әріптестерімен тілектестік қарым-қатынастың маңыздылығын түсінеді;
- мектептің педагогикалық қоғамдастық жағдайында жұмыс жасай алады;
- өз тәжірибесі бойынша кері байланыс жасай алады және өзгерістер енгізе алады;
- сындарлы пікірге және ұсынымдарға сай әрекет етеді;
- өзінің кәсіптік даму аспектілері бойынша түсінігі және үнемі жетілуге ұмтылысы бар;
- мектеп тәжірибесін зерттейді және бағалайды, өз және әріптестерінің тәжірибесін жетілдіру үшін зерттеу нәтижелерін және басқа да дәлелдік дереккөздерді қолданады;
- педагогикалық зерттеудің әдіснамасын біледі;
- өз тәжірибесін талдай алады;
- тиімді мектеп тәжірибесіне жету мақсатында жоспарлау үдерісінің жауапкершілігін сезінеді;
- кәсіптік даму мақсатында әріптестерімен бірге қызмет жасайды;
- командада жұмыс жасауға қабілетті, тұлғалық және мәдениет айырмашылықтарын толеранттылықпен қабылдайды;
- мемлекеттік және де басқа да тілдерде табысты және оң іскерлік қарым-қатынас жасауға қабілет танытады.

#### *Біліктілік санаттарына қойылатын талаптар*

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (14.05.2020 ж. №202 өзгерістермен және толықтырулармен).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу Қағидалары мен шарттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі №202 бұйрығының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылған.



#### 4. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

2020-2021 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілін енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады.

Аталған жобаның мақсаты:

- білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту;

- білім алушылардың өзін-өзі тануын, өздігінен дамуын, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуметтенуін қалыптастыру;

- экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын тәрбиелеу.

Тәрбие жүйесін білім беру ұйымының ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Білім алушылардың дамуы үшін жобаны жүзеге асыруға барлық қызметкерлер өз үлесін қосады. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс. Өзінің өнегелі үлгісі негізінде баланы тәрбиелеу – мақсатқа жеткізетін бірден-бір дұрыс тәрбие көзі болып табылады.

Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен –білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында жүзеге асырады:

1) *Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.*

2) *Рухани-танымдық тәрбие.*

3) *Ұлттық тәрбие.*

4) *Отбасылық тәрбие.*

5) *Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.*

6) *Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.*

7) *Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.*

8) *Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.*

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (**сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.)** және ұлттық құндылықтар – (**тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр**) құрайды.

1) *Тәрбие жүйесінің бірінші бағыты білім алушылардың бойында патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезім; тұлғалық еркіндік құндылығын; адамаралық және топаралық төзімділік құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеу; меншік пен материалдық молшылық*

құндылығын; еңбекті құрметтеу; өмірге деген құрмет сезімін; түрлі кемсітушілікке жол бермеу, адамдардың теңдік құқығы идеясының принципін қалыптастырады.

2020-2021 оқу жылында тәрбие жұмысының бұл бағытын орындау аясында «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясын, «Тарих тағылымы» және «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобаларын, «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру қажет.

Білім алушылар арасында өлкетанулық білімді насихаттау мен тарату келесі материалдарда көрсетілген:

– *Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері;*

– *«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жалпы білім беретін ұйымдарда өлкетанулық жұмыстарды жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар;*

– *«Айналаға қара» («Ауыл өмірі», «Қала өмірі»): «Әлеуметтік – тарихи тәжірибе» бағытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар;*

– *«Өлкетану»: мәдени-генетикалық кодтың негізі (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-7 сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдамалар;*

– *«Қазақстанның киелі орындары - Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының құрылымдық жүйесін ұйымдастырудың әдістемелік ұсынымдар;*

– *білім беру ұйымдарында «Туған жер» бағдарламасы арқылы білім алушылардың қазақстандық патриотизмін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. (<https://www.nao.kz>)*

Білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамыту мақсатында «Жас қыран» (1-4 сыныптар), «Жасұлан» (5-10 сыныптар), «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтарының, балалар мен жасөспірімдер қозғалысының қызметін қйымдастыру бойынша жұмысты күшейту қажет. Жалпы орта білім беретін мектептерде өзін-өзі басқару органдарының рөліне маңыздық беру және жұмысты «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы мектеп комитетінің жұмысы үлгісінде құру ұсынылады («Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар, <https://www.nao.kz>).

Балалар мен жасөспірімдер қозғалысын дамытуға жауапты аға тәлімгерлердің біліктілігін арттыру үшін сайтта орналастырылған аға тәлімгерлердің қызметін ұйымдастыру бойынша авторлық әдістемелік материалдар мен құралдар ұсынылады [www.zhasulan.kz](http://www.zhasulan.kz). «Аға тәлімгердің қоржыны» бөлімінде <https://www.zhasulan.kz/kz/project/view?id=14>.

Тәрбиенің бір түрі - құқықтық тәрбие. Білім алушылардың санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру критерийлері болып негізгі заңдарды білу,

оларды түсіну және міндетті түрде мүлтіксіз орындау; құқыққа, заңдылыққа құрмет көрсету; алған білімдерін күнделікті өмірде практикада өз бетінше, өз орнына қолдана білу; нормаларға қайшы келмейтін мінез-құлық әдетін қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес, білім беру ұйымдарында қолданыстағы заңнаманы зерделеу және құқықтық сана-сезім мен құқықтық мәдениет қалыптастыру мақсатында құқықтық жаппай оқыту жүзеге асырылуы тиіс.

Білім алушыларға құқықтық білім берудің негізгі формалары сынып сағаттары, лекциялар; экскурсиялар; әңгімелер; кино, теледидар; кештер; пікірталастар, фильмдер мен кітаптарды, мақалаларды талқылау; көрнекі үгіт-насихаттар болуы керек. Жоғарғы сыныпта оқушыларды құқық қорғау органдарының қызметімен таныстыру, заңсыз мінез-құлық үшін жауапкершілік туралы түсіндіру қажет. Білім алушылар «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясының негізгі ережелерін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексін, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңдарын білулері тиіс. Жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау бойынша зерттеу мәселесіне айрықша назар аудару маңызды.

Карантин және шектеу шаралары жағдайында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың өз ерекшеліктері бар.

**Мектеп пен ата-аналар балалардың қоғамға қайшы әрекеттерден бас тарту мәдениетін тәрбиелеі тиіс.**

Инклюзивті мәдениет инклюзивті білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және өзінің құрамына түрлілікке және ерекшеліктерге шыдамдылық құрметі құндылықтарын қабылдауды қамтиды. Форумдар, арнайы семинарлар, міндетті түрде әр түрлі көрнекіліктер, сонымен қатар ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар (бұдан әрі – ЕББҚ) табысты адамдар туралы презентациялар көрсете отырып («Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары – Серік Есматов, Шахан Жолдасбаев, Зульфия Раухатовна, сонымен қатар Пабло Пинед, Ника Вуйчиче, Стивен Хокинг және басқалар) ұйымдастыру білім алушылардың, ата-аналардың, педагогтердің бойында және жалпы қоғамда инклюзивті мәдениет қалыптастыру бойынша жұмыстардың неғұрлым тиімді түрлері болып табылады.

Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасарына жұмыстың іс-шаралар жоспарына Дүниежүзілік диабетпен күрес күні, Дүниежүзілік мүгедектер күні, Халықаралық сирек кездесетін аурулар күні, Дүниежүзілік Даун синдромы бар адамдар күні, Дүниежүзілік аутизмі бар адамдар күні және т.б. «ерекше даталар» күнтізбесі әзірлемесін кіргізу ұсынылады. Білім алушылар өздіктерінен әр датаға қажетті тақырыптық материалдарды (атаулы датаның тарихы, оның белгісі, осы күн туралы статистикалық деректер мен қызықты фактілер, бұзылыстардың сипаттамасы және олардың пайда болу себептері,



«ерекше» адамдардың өмірбаяны және олардың жетістіктері, осы ауруға байланысты ғылыми-көпшілік және әдістемелік әдебиеттер тізімі, Интернет-ресурстар, көркем фильмдер, кітаптар, денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдармен қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстар және басқалар) іріктейді.

Инклюзивті мәдениетті инклюзивті білім беруді табысты іске асыру факторы ретінде ғана емес, сонымен қатар негізінен ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар тұлғалардың әлеуметтенуіне және жалпы қоғамның тұтастай өзгеруінің негізі ретінде қарау керек.

Бұл бағытта тәрбие жұмысын оңтайлы ұйымдастыру үшін Академия *білім беру ұйымдарында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірледі, бұл материалдар <https://www.nao.kz> сайтында орналастырылған.*

Білім алушылардың психикалық денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыруға, мектептердегі зорлық-зомбылыққа жол бермеу, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алуға ерекше назар аудару қажет.

Ұсынылған материалдардың құндылығы олардың қазіргі жастар мен білім алушы жастардың арасында жиі кездесетін мәселелерді көрсетеді және түбегейлі шешуді қажет ететіндігінде. Бұл жасөспірімдер арасындағы «буллинг», «кибербуллинг», психикалық денсаулықтың, репродуктивті денсаулықтың, ментальды денсаулықтың және т.б. бұзылуы. Бейнежазбалардың мазмұны, форматы мен ұзақтығы, қазақ және орыс тілдерінде қолжетімділігі, шынайы өмірдегі жағдаяттық мысалдар, көпәспекттілігі бейнематериалдардың тартымды жақтары болып табылады. Бейнежазбалар білім беру процесінің барлық қатысушыларына: ұстаздарға, білім алушыларға және ата-аналарға, сонымен қатар білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтері мен мектептердің татуластыру қызметтеріне әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді. Бұл бейнематериалдар 2020-2025 жылдарға арналған БҒДМБ мазмұнында өзекті болып табылады. Мұнда *буллингтің жолын кесу, «тәуекел тобына» кіретін балаларды анықтау және оларға дер кезінде көмек көрсету мақсатында психологиялық қызмет күшейтіле түседі.*

*Девиянтты мінез-құлық пен суицидке бейім, сонымен қатар зорлыққа ұшыраған балалармен жұмыс жасауға арналған («Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі (оралмандар – балалары; мигранттар-балалары; өмірдің қиын жағдайын көрген балалар) әдістемелік ұсынымдамасы БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында орналастырылған <https://www.nao.kz>.*

2) **Рухани-танымдық тәрбие:** адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениетін,



салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас қалыптастырады.

Білім алушылардың әлеуметтік тәжірибесін дамыту және адамгершілікке тәрбиелеудің едәуір тиімді де мақсатқа сай құралының бірі волонтерлік болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың Жарлығымен 2020 жыл Қазақстанда «Волонтерлер жылы» болып жарияланды.

**Орта білім беру ұйымдарында «Қоғамға қызмет» волонтерлық әлеуметтік жобасын** - «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамдарға қуаныш сыйла» акцияларын және т.б. жүзеге асруға **білім алушыларды кең көлемде тарту керек.** Сонымен қатар, мектептер экологиялық, спорттық, мәдени, азаматтық-құқықтық волонтерлықтың өмірге енуіне бастамашы болуы тиіс. Білім беру ұйымдарында волонтерлік қызметті ұйымдастыру туралы жеткілікті ақпарат Астана, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019 ж. *«Білім беру саласындағы волонтерлік пен қайырымдылық және олардың қазіргі жағдайда білім беру жүйесін жаңғыртудағы рөлі»* әдістемелік ұсынымдамасында берілген. <https://www.nao.kz>.

Рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда кездесу-кештері, «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары», «Адамзаттың ұлы ұстаздары», «Қазақстанның ұлы ойшылдары мен философтары» әдеби кештері, «Сұлулық әлемді құтқарады» поэзиялық кештері, «Мейірбандық – адамның барлық адамгершілігіне түрткі болатын негіз» әдеби-музыкалық композициясы, «Махаббат – адам өмірінің негізі», «Қайырымдылық жасампаз күш» адамгершілік-рухани мазмұндағы сынақтар және әңгімелер айтарлықтай маңызға ие болады.

*Жаңа оқу жылында Ұлы қазақ ақыны, ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай өткізетін бұқаралық іс-шараларды жалғастыру ұсынылады.*

Рухани-танымдық құндылықтар жүйесін қалыптастыру кітап оқу барысында жүзеге асады. **2020-2021 оқу жылында кітаптың пайдасын арттыру мен кітап оқуды қолдау мақсатында («Кітап оқу сәні») оқушылар арасындағы кітап оқу сағаттары сақталады.**

Кітап алмасу үшін арнайы орындар – буккросинг, білім аулшылар мен ересектердің (кітапханашы, мұғалім, ата-аналар мен білім алушылар) кітапқа деген жалпы қызығушылығы негізінде, кітап көрмелері мен кітап өнімдеріне қоғамдық шолу жасау үшін арнайы орындар ұйымдастыру; «Оқымысты мектеп» конкурстары, кітапханаларға кітаптарды өз еркімен тапсыруға арналған қайырымдылық акциясы; білім алушылардың кітапхана қызметкерлерімен кездесулері, сонымен қатар отбасылық оқуға арналған кітаптардың тізімін жасау, ата-аналармен қосылып кітап оқу және талқылау, альбомдар, буклеттер, кино және бейне материалдар дайындау және т.б. маңызды.

Мектеп кітапханасы «Жазғы оқылым», «Кітап бәйгесі», «Отбасымен қосылып оқу» және т.б. сияқты бағдарламаларды белсенді түрде дамытуы керек, мұнда бірінші күн «Оқу және жазу мәдениеті күні» деп аталады.

Мектептің сайтында ең жақсы балалар мен мектеп әдебиеттеріне арналған түрлі қызметтер, балалар мен жасөспірімдердің оқуын белсендіру үшін ресурстар (Интернет-викториналар, ұсыныс қызметтері, кітап клубтары туралы ақпарат және т.б.) ұсынылуы керек.

Кітаптарды электронды форматта оқу мүмкіндіктерін, соның ішінде мобильді құрылғыларды пайдалану арқылы балаларға әдебиет ағынын жақсы басқаруға көмектесетін және өзге балаларды кітап оқуға тартуға мүмкіндік беретін жаңа электрондық ресурстарды дамыту қажет.

**3) *Ұлттық тәрбие*** аясында құндылықтар жүйесін қалыптастыру қазақ тілін білу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздері туралы жарыстар мен олимпиадалар өткізу; әрбір мектепте музейлер ашу; атақты спортшылар, ғалымдар, көрнекті тұлғалар, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жоба жеңімпаздарымен кездесулер; сонымен қатар, өлкенің тарихи-мәдени мұраларына жататын объектілерінде мектеп оқушыларына өлкетану бойынша тақырыптық сабақтар өткізу арқылы жүзеге асырылады. Аталған бағыт шеңберінде: «Менің Отаным – Қазақстан» балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетануды дамыту, экспедициялар, жорықтар, экскурсиялар ұйымдастыру, «Тарих мұрасы», «Өз жерінді таны» (өлкетанулық білімін және мектеп туризмін, тарихи-археологиялық қозғалысты арттыру, туған өлкенің тарихын, мәдениетін және дәстүрлерін терең зерттеу) «Табиғат бесігі» (туған жерге жауапкершілікпен және аялап қарау) жобаларын жүзеге асыру ұсынылады.

Мұғалімдер әдістемелік көмек ретінде Академияда әзірленген «100 жаңа есім» жобасының қаһармандары – «ұлттың «алтын» қоры», «Қазақстанның киелі орындары - Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының құрылымдық жүйесін ұйымдастырудың модельдері» ұсынымдамаларын пайдалана алады. <https://www.nao.kz>.

**4) *Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру болып табылады:*** неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана қасиеті; махаббат, адалдық, достық – сезімдері құндылығы.

2020-2025 жылдарға арналған БҒДМБ сәйкес білім беру ұйымдарының оқу процесінде отбасылық құндылықтар мен отбасы институтының маңыздылығы басым болады. «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы аясында мектептерде «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі» құру қажет. Бұл мектептерді құрудың мақсаты бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру болып табылады.

Мұғалімдердің отбасымен өзара әрекеттесу сипаты негізінен мектепке әр түрлі көзқараспен қарайтын, мектепте және сыныпта тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы ролін көретін, балаларын отбасында басқаша өсіретін және әртүрлі интеллектуалдық деңгейге ие ата-аналардың ұстанымына

байланысты. Сондықтан **жаңа форматта ата-аналарға арналған дәрістер мен ата-аналардың қатысуымен бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады.**

Отбасымен және ата-аналармен жұмысты дифференцияланған түрде құру керек, бәріне бірдей қарым-қатынас орнатпай, бірақ ата-аналардың қажеттіліктеріне, сұраныстарына, әсіресе отбасы мен отбасылық тәрбиеге назар аударып, оларды мектеп, сынып және баланың болмысына табандылықпен енгізе алады. Бұл үшін ата-аналармен және балалармен жеке әңгіме жүргізу үшін *педагогикалық және ата-аналар консилиумдарын* құру маңызды, оның нәтижесінде баламен жүргізілетін педагогикалық іс-әрекеттердің нақты бағдарламасы мен жүйесі үйлестіріледі. Атап айтқанда, баланың үй жағдайымен танысу үшін отбасына бару, отбасылық мәселелер және бала тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер өткізуді қамтиды.

*Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген отбасылық құндылықтарды қалыптастыру бойынша ұсынымдамалар орта білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие жұмыстарында отбасылық құндылықтарды жүзеге асырудағы жетекші құрал болып табылады (<https://www.nao.kz>).*

**5) Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылардың бойында:** еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі.

Мектептегі еңбек тәрбиесі – бұл балаларды әртүрлі педагогикалық ұйымдастырылған қоғамдық пайдалы жұмыс түрлеріне тарту процесі. Ол практикалық тәжірибе, еңбек дағдылары, шығармашылық ойлау және еңбексүйгіштік қабілеттерін дамыту мақсатында болады. Білім алушылардың еңбек тәрбиесіне түрлі іс-шараларды: қолөнер көрмесі, сыныпты тазалау, гуманитарлық көмек, көгалдандыру және мектепті абаттандыру, қолөнершілер турнирі, қайырымдылық істер апталығы, көңілді шеберлер қаласы, мектепті косметикалық жөндеу, еріктілер акциясы, шефтік көмек, қамқорлық алаңдары, еңбек десанты, мектептің жөндеу бригадасы.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды мамандыққа бағдарлау жұмысы мектеп түлектерінің болашақ мамандығын таңдауға арналған тиімді шаралардың бірі болып табылады. Мектептерде бұл іс-шара білім алушылармен оқу-тәрбие процесінде, сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыстар арқылы жүргізіледі. Бұл жұмыс үлкен өмірге қадам басқалы отырған адамға көмек беретін жүйелі іс-шараларды қамтиды, ғылыми негізге сүйеніп кәсіптік таңдау жасау немесе мамандыққа бағыттауға арналған тәрбие жұмыстарының жүйесін дамыту мақсатында, білім алушының өз бетінше мамандық таңдау кезеңінде көмек көрсетуге бағытталуы тиіс.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру мақсатында:

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 150 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының білім беру

ұйымдарындағы білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды диагностикалау және анықтауды жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдамалар;

- орта мектептердегі 7-11 класс білім алушыларына кәсіби диагностика жүргізудің құралдарын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- ЕБҚ бар балалардың мамандық таңдауында отбасы, мектеп және жұмыспен қамту мекемелерінің өзара іс-әрекеті бойынша әдістемелік ұсынымдарды пайдалануға болады. (<https://www.nao.kz>)

Мектеп оқушыларының экономикалық тәрбиесі олардың жеке мүмкіндіктерін ашуға бағытталған, атап айтқанда: үнемшілдік, іскерлік, қоршаған ортаға құрмет «Көркем еңбек», география, математика, физика, биология және химия, «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» сияқты оқу пәндерін оқу арқылы жүзеге асырылады.

Экономикалық тәрбиенің арқасында мектеп оқушылары экономика туралы, экономикалық қатынастардың дамуы туралы, нарықтық жағдайда бағыт-бағдар таба білуге және өз қызметін экономикалық тұрғыдан жүзеге асыру қабілетіне ие болады. Сыныптан тыс сабақтарда экономикалық сананы көтерудің негізгі құралдары мен формаларына тақырыптық сынып сағаттары, экскурсиялар, пікірталастар, рөлдік ойындар және т.б. жатады. Мысалы бұған «Іскерлік қарым-қатынас этикасы», «Жарнама жасау өнері» сынып сағаттары, кәсіпорындарға экскурсиялар, «XXI ғасыр менеджері», «Жаңа басшы нені білуі және не істей алуы керек?» тақырыбындағы пікірталастар; «Кәсіпорындардағы даулы жағдайларды шешу» рөлдік ойыны және т.б. жатады.

Экономикалық тәрбие экономикалық ойлаудың дамуын, экономикалық қызметте қалыптасатын адамгершілік және іскерлік қасиеттердің қалыптасуын, яғни: қоғамдық белсенділік, шешімталдық, бастамашылдық; қоғам игілігіне қамқорлық, адалдық; технологиялық процестер мен жабдықтарды жаңарту, жоғары сапа, жеке табыс және әл-ауқатты қамтамасыз етуі керек.

Экологиялық тәрбие беру, қоршаған ортаны құрметтеу кешенді тәрбие іс-шараларының жиынтығы арқылы жүзеге асырылуы керек. «Менің Эко-мектебім» жобасының аясында өсімдік түрлерінің әр түрлілігін және декоративті-өсетін өсімдіктерді (биоәртүрлілікті) көбейту; үйде және оқу орындарында энергияны тұтынудың құрылымы және оны азайту жолдары (энергияны үнемдеу); мектепте және үйде суды үнемдеп пайдалану мүмкіндіктері (суды үнемдеу); қоқыстардың пайда болу көздері, оны азайту жолдарын анықтау, қоқыстарды бөлшектеп жинауды енгізу (қалдықтармен жұмыс) әдістерін зерттеу ұсынылады.

Сыныптан тыс жұмыстарда келесі ақпараттық-экологиялық, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды жандандыру маңызды, олар: іс-шаралар, көрмелер, мектеп пен айналаны көркейту, экологиялық бастамалар, жергілікті тұрғындарға экологиялық білім беру. Білім алушыларға экологиялық білім берудің ең тиімді нысаны – Эко-фестиваль өткізу: ғылыми жобалар, эко-ізденістер, көркемдік нысандарды қоқыстардан қорғау бойынша семинарлар, қоршаған ортаның өзекті мәселелері бойынша ғылыми жобаларды қорғау, театрландырылған қойылымдар, эко-материалдардан, мүмкін қайта өңделген материалдарды қолдану арқылы өнімдер шығару.

Экологиялық тәрбие негізіне білім алушылармен білім беру ұйымдары, аудан, қала аумағындағы жасыл алаңдарды көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктер ұйымдастырудың; «Жасыл ел» қозғалысы аясында жас көшеттер отырғызу; табиғат аясын қоқыстан тазарту сияқты волонтерлік қозғалысқа қатысудың маңызы зор. *Жалпы білім беру ұйымдарының іс-шараларына «Экочелендж», «Экоқалқан», «Эко-десант», «Гүлді калейдоскоп», «Ең жасыл кабинет», «Жасыл» алтын», Плоггинг «Экожүгіру» және т.б. осы тәрізді жобаларды ауқымды түрде енгізу ұсынылады.*

1-11 сыныптарға экология сынып сағаттарын өткізу үшін ұсыныстар әзірленді. Экология бойынша сынып сағаттары айына бір рет өткізіледі.

**б) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие:** эстетикалық сана-сезім; эстетикалық талғам мен сезім; қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да этностар мен этникалық топтардың ұлттық мәдениет құндылықтарын көркемдік-эстетикалық қабылдау.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие мектепте өзге мәдениеттердің, ұлттардың, діндердің өкілдерімен толерантты қарым-қатынас орнатуға бағытталуы тиіс. Осы бағытты іске асырудың негізгі тетіктері Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық; балалар мен жастар жұмыстарының көрмесін, халықтар достығы фестивальдарын, тілдік және шығармашылық клубтарды, конкурстарды ұйымдастыру; кездесулер: белгілі адамдармен, өнер қайраткерлерімен. Жыл сайын тәрбие жұмысының жоспарына білім алушыларды көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбиелеу шараларын енгізу ұсынылады (төзімділік сабақтары, Жер күніне арналған акциялар, Халықаралық бейбітшілік күніне арналған бір сағаттық ақпарат және т.б.).

Көркем-эстетикалық тәрбие аясында орта білім беру ұйымдарында отандық мәдениет жетістіктерін – кітаптар, пьесалар, мүсіндер, суреттер, музыкалық әуендер, халық ауыз әдебиетіндегі Ұлы Дала мұрагерлерінің үздік мұралары – ертегілерді, аңыздарды, оқиғаларды, өсиеттерді, эпостарды меңгеру және жетілдіру жатады. Тұрақты тақырыптық кітап көрмелерін ұйымдастыру ұсынылады.

Театр өнері арқылы адамгершілік-эстетикалық тәрбие балаларға адамның іс-әрекеттерін қалыптастыратын әрекеттерді қабылдау, түсіну және түсіндіру шеберлігін қалыптастыруға негіз болатын, оның көркем тілімен танысуға көмектеседі. Өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында әр мектепте **«Балалар мен театр» ағартушылық жобасын** жүзеге асырудың маңызы зор.

**7) Зияткерлік тәрбие** білімнің құндылығын; зияткерлік позицияның құндылығын; әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы құндылығын; ал ақпараттылық мәдениеті - кибермәдениетті және кибергигиенаны қалыптастырады.

Зияткерлік тәрбие лингвистикалық, музыкалық, логикалық-математикалық, кеңістіктік, дене-кинестетикалық, тұлғааралық, ішкі жан-дүние интеллектісін дамытуға бағытталуы керек.



Сонымен қатар, зияткерлік тәрбие түйіні *білім алушының эмоциялық зияткерлігін қалыптастырушы* болуы қажет. «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және де суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында әзірленген мұғалімдерге арналған әдістемелік құралы әдістемелік ұсыным ретінде ұсынылады (3 модуль. Эмоциональды интеллект және тұлғааралық қарым-қатынас) «Bilim Foundation», 2017.

Білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін, әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сонымен қатар ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру мектепте тәрбие жұмысының маңызды компоненті болып табылады.

«Ұшқыр ой алаңы» атты дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушыларды ой толғауға, талдауға және сыни тұрғыдан ойлауға, топпен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретеді. Пікірсайыс жоғары сыныптарда интеллектуалды сайыс ретінде сабақ және сабақтан тыс шараларды өткізуге өте қолайлы. Қазіргі әлемде пікірталастар саясат, бизнес, қоғамдық қызмет, білім, психология және т.б. әр түрлі салаларда танымал бола түсуде және табылуда.

Білім алушыларға интернет кеңістігіндегі мінез-құлық мәдениетін; қарым-қатынас мәдениетін, өз ойларын білдіру, сұхбаттасушының пікірін құрметтеу және этикалық нормаларды сақтауды дарыту маңызды. Оқушылардың өзін-өзі басқару аясында балалар мен жасөспірімдердің интернеттегі мінез-құлық және қарым-қатынасын қарастыруды тәжірибе жүзінде қолдану маңызды. Отбасы мен мектептің өзара әрекеті **«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 02 шілде 2018 жылғы №169-VI Заңы** аясында балалардың зорлық-зомбылық пен суицидті насихаттайтын кейбір Интернет-сайттарға кіруін бақылауды қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

*Білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысы жоспарларына кибермәдениет пен кибергигиена бойынша іс-шаралар, оның ішінде киберқауіпсіздік және білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігі туралы іс-шараларды енгізу қажет.*

Мектеп партасынан бастап халықаралық тәжірибені ескере отырып, балаларды киберқауіпсіздікке оқыту керек, мұнда олар хакерлердің желілік шабуылдарынан қауіпсіздікті қамтамасыз ететін дағдыларды үйренеді. Білім алушыларға киберқауіпсіздік, кибер гигиена және кибермәдениет бойынша оқу семинарларын ұйымдастыруға арналған материалдарды келесі сайттардан табуға болады:

1. <https://cybersecuritymonth.eu/press-campaign-toolbox/ecsm-material/cybersecurity-spaces-workshops-on-cybersecurity-for-high-school-students>

(осы сайттың «Ресурстар» бөлімінде пайдалы болатын құжаттар бар);

2. [https://www.mcafee.com/blogs/consumer/importance-cybersecurity-lessons-schools/;](https://www.mcafee.com/blogs/consumer/importance-cybersecurity-lessons-schools/)

3. [https://eu-acerforeducation.acer.com/education-trends/cybersecurity-how-to-teach-students-to-use-internet-responsibly/;](https://eu-acerforeducation.acer.com/education-trends/cybersecurity-how-to-teach-students-to-use-internet-responsibly/)

4. <https://www.youtube.com/watch?v=ULGILG-ZhO0> (ағылшын тіліндегі бейнебаяндар барлық негізгі қағидаларды түсіндіреді);

5. <https://www.edb.gov.hk/en/edu-system/primary-secondary/ applicable-to-primary-secondary/it-in-edu/information-security.html> (Киберқауіпсіздік бойынша Гонгонтте әзірленген мектеп оқушыларға арналған PDF файлдар бар).

8) *Дене тәрбиесі* салауатты өмір салты, дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығы қалыптастырады.

Жалпы білім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлерінде (*футбол, волейбол, баскетбол, гандбол, футзал, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғыз құмалақ, қазақ күресі*) мектеп спорт лигаларының желісін кеңейту және спорт түрлері бойынша арнайы мамандандырылған сыныптар және спорттық секциялар ашу маңызды. Ұлттық және бұқаралық спорт түрлері бойынша ұлттық спорт лигаларын дамыту қажет, мектеп оқушыларының қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша спартакиадасын және мектеп оқушыларын жаппай спорт түрлерімен қамтуды арттыру.

Дене тәрбиесінің бірден бір міндеті республикалық көпдеңгейлі балалар мен жасөспірімдер турнирлеріне және халықаралық жарыстарға (қысқы және жазғы дүниежүзілік Гимназия) қатысуға білім алушыларды кеңірек тарту қажет.

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, нашақорлық, алкогольизм, темекі шегудің алдын-алу және негізінен салауатты өмір салты бойынша семинар-тренингтер өткізу тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады.

Келесі материалдар жоғарыда аталған іс-шараларды өткізуге арналған әдістемелік база болып табылады:

1) *Білім алушылардың репродуктивті денсаулығы мен отбасылық тәрбие құндылықтарын оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар.*

2) *Әдіскерлер мен мұғалімдерге арналған, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру мәселелері жөніндегі әдістемелік құралдар орналастырылған: «Қауіпсіз білім беру ортасының компоненттерін оқыту және тәрбиелеу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар», «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және әрекет ету бойынша әдіскерлерге арналған нұсқаулық», қауіпсіз білім беру ортасының келесі компоненттері кіріктірілген бастауыш, негізгі орта буын оқу пәндерінен қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері: «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Табиғи апаттардың қаупін азайту», «Киберқауіпсіздік», «Балалардың жарақат алуының алдын алу», «Экологиялық қауіпсіздік».*

Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде *мегапроект* ретінде, өзекті жоспарлау формасын пайдалану ұсынылады. Оның ішінде ортақ мақсат біріктірілген және оларды орындау уақыты бір-бірімен байланысты жобалар енгізілген. Жобалар шеңберіндегі іс-әрекеттің сәттілік шарттарының бірі – сынып жетекшісінің жүргізіліп жатқан барлық қайта құрудың маңыздылығын түсінуі, олардың оқу-тәрбие үрдісіндегі қызметіне өзіндік талдау жасай алуы.



Тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау кезінде үш деңгей ескерілуі тиіс. *Бірінші деңгей* – оқушының әлеуметтік білімге ие болуы және әлеуметтік шындық пен күнделікті өмір туралы алғашқы түсінік қалыптастыруы. *Екінші деңгей* – бұл қоғамның негізгі құндылықтарына (адам, отбасы, Отан, табиғат, бейбітшілік, білім, жұмыс, мәдениет) және жалпы алғанда әлеуметтік шындыққа құнды көзқараспен қарау және тәжірибе жинақтауы. *Үшінші деңгей* – білім алушының әлеуметтік әрекеттерді өз бетінше тәжірибе жинақтауы. Мына әдістемелік ұсынымда критериілері көрсетілген: «Тәрбиелік іс-шара»: алға қойылған мақсатқа жету деңгейінің өлшеу критерийлері (бәсекелік қабілет; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы») әдістемелік ұсыным Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 120 б.

Білім беру мен тәрбиелеудің құндылықтарға негізделген тәсілі мектептің жалпы жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мектептің климатында, мәдениетінде, барлық қызметкерлердің мінез-құлқында көрініс табатын болады.

**Төтенше жағдай кезінде тәрбие жұмысын ON-LINE – форматта ұйымдастыру ұсынылады.**

**1-контент. Онлайн – көрмелер:**

- «Оқуға кеңес береміз». Мектептің сайтында аудиокітаптар орналастыру, *Формасы* – талқылау нәтижесі бойынша кітаптың кез келген бетіне иллюстрация жасау, «бұл кітапты оқуға арналған 3 себеп» кеңесі және басқалар;

- «Әлемдік мұра нысандары» жас суретшілер көрмесі. *Формасы:* Қазақстанның үш нысанының суретін салу: Тамғалы петроглифтері, Х.А.Яссауи мавзолейі, Батыс Тянь-Шань табиғи нысаны. (Нысандар Қазақстанның 100 киелі жерлері тізімінен анықталады). Суреттерді мектептің инстаграм парақшасында жариялау.

**2-контент. Виртуальнды экскурсиялар:**

- *Әлемдік онлайн-музейлер/видеоспектакльдер/балеттер/опералар:* Эрмитаж, Ван Гогтың Амстердамдағы музейі, Өнер тарихы музейі, Уффици сандық мұрағаты, Лувр, мемлекеттік музей (Санкт-Петербург), Британ музейі, ресми YouTube каналындағы музей және экспозициялар бойынша виртуалды экскурсиялар, Прадо, 11 мыңнан астам шығармалардың суреттері, суретшілер бойынша ізденіс (алфавиттік көрсеткіштермен) және тақырыптық ізденіс, Метрополитен – музей, Нью-Йорк, Сальвадор Дали музейі, Metropolitan Opera, Вена операсы, Үлкен театр және басқалар. *Форма:* слайд-есеп, презентация және басқалар (**сайт <http://journal-shkolniku.ru/virtual-ekskursii.html>**);

- *Отанымыз Қазақстанның Символдары бойынша:* Маңғыстау қорымы - Сисем-Ата - батырлар пантеоны, Шопан-Ата жер асты мешіті, Бекет-ата мешіті, Ахмет Яссауи мавзолейі, Абайдың әдеби-мемориалдық мұражай үйі, Адай атаның қазақстандық мавзолейі және басқа да аймақтық қорықтар, тарихи жерлер, киелі жерлер және т.б. бойынша виртуалды турлар (**[kazmuseum.com/ru/zaly.html](http://kazmuseum.com/ru/zaly.html)**, **<http://yqlasmuseum.kz/>**, **<http://www.gmirk.kz/>**; **<https://qazexpocongress.kz/>**)

**3-контент.** Салауатты өмір салты (СӨС) бойынша онлайн-ағарту:

- «Желілі қала», вайберде немесе басқа мессенджерде топ құру арқылы. СӨС *насихаттау формалары* – онлайн-викториналар, веб-квестер - «Флэшмоб» веб-квесті, Денсаулық күніне арналған веб-квест, «Денсаулық» қазынасын іздеу» квест-ойыны, «Дұрыс тамақтану» квест-ойыны және басқалар.

**4-контент.** Кино әуесқойларына арналған кинозал:

- бағдарлама әдеби шығармалардың келесідей фильмографиясын қамтуы мүмкін: «Біздің заманның батырлары», «Сергей Есенин», Одиссей «Язаон және аргонавтар», Р.Стивенсон «Қазына аралы», Р. Стивенсон «Қара жебе», Жюль Верн «Он бес жасар капитан», А Линдгрэн «Ленебергиден келген Эмиль», ағайынды Гриммдердің ертегілері бойынша түсірілген фильмдер және басқалар (сайт <https://gunfighterar.wixsite.com/mysite-1/blank-5>; <https://www.film.ru/articles/ot-moskvy-do-berlina?page=show>);

- қазақстандық режиссерлардың танымдық фильмдері ([https://ru.wikipedia.org/wiki/Список фильмов студии «Казахфильм»](https://ru.wikipedia.org/wiki/Список_фильмов_студии_«Казахфильм»));

**5-контент.** «Сынып Қонағымен бір сағат» онлайн – платформасы:

- танымал спортшылармен, қоғам қайраткерлерімен, кәсіпкерлермен, әртістермен, волонтерлармен, журналистермен, стилистермен тікелей эфирдегі кездесулер.

**6-контент.** «VISION» өзін-өзі басқару онлайн аумағы:

- мектеп өміріндегі оқиғалар туралы – білім алушылардың өздері ұсынатын түрлі сайыстар, конкурстар, жобалар, фотофлешмобтар, акциялар.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

**Ы.** Алтынсарин атындағы ҰБА ғылыми қызметкерлері әзірлеген барлық әдістемелік материалдарды Академия сайтынан <https://www.nao.kz> «Білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Әдістемелік құралдар» бөлімінен табуға болады.

*Карантиндік және шектеу іс-шаралары жағдайында балалардың қатысуымен мәдени - бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар тоқтатылады.*

## 5. 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ



### 5.1 Мектепалды даярлық топтары сыныптары

Тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік, танымдық, шығармашылық біліктер мен дағдыларды, әлеуметтендіруді қалыптастыру мен дамыту;
- тәрбиелеу-білім беру процесіне қауіпсіз білім беру ортасын құру;
- тәрбиеленушілердің мектепте оқуына табысты дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларын қалыптастыру.

#### **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету**

Білім беру ұйымдары өз қызметінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 II Заңы.
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 Заңы.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).
6. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 қаулысы.

7.«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

8.«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.

9. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

10.«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығы.

11.«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

12.«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы.

13.Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы.

14. «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы.

15. «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдстырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы.

16. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы.

17.«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру

нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

18.«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы.

19.«Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы.

20. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы.

21. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.

22.«Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 және Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 бірлескен бұйрығы.

23. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы.

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, өз жеріне деген сүйіспеншілікке, өзінің кіші Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу болып табылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік бағдарларды қалыптастыру, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының жобаларын ескере отырып, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру және тәрбие процесіне белсенді тарту бойынша жұмыс жалғастырылады.

Баланы жақсылық жасауға баулитын, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін негізгі орта-отбасы болып табылады. Педагогтердің міндеті - ата-аналарға отбасында, ең алдымен, ата-бабалар қалыптастырған адамгершілік және рухани әдет-ғұрыптар мен құндылықтардың сақталуы және берілуі ерек

екенін, ата-аналар балаларды тәрбиелеуге жауапты және бала үшін отбасы-бұл тәрбие негізі, адамдарға, табиғатқа деген қарым-қатынас қаланатын әлем екенін түсінуге көмектесу.

Балалардың құрдастарына мейірімді қарым-қатынасын дамытуға, адамдарға деген құрмет сезімін, игі істер жасауға ұмтылысын тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларда 4К моделі бойынша негізгі құзыреттерді қалыптастыру «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларында жүзеге асырылатын болады:

1) креативтілік-шығармашылыққа деген қабілеттілік, жаңаны ойлап шығару мүмкіндігі. Креативті ойлау дағдылары:

- қасиеттері мен белгілерін ауызша сипаттау бойынша затты табу;
- екі немесе одан да көп объектінің жалпы және әртүрлі белгілерін табу;
- объектінің сипаттамасы бойынша мүмкін болатын әрекеттерді тану;
- бір затқа қолданылатын әрекеттерді басқа затқа ауыстыру;
- шығармашылық әңгіме, ертегі, жұмбақ құрастыру.

Сыни ойлау технологиясын қолдану балаға тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға мүмкіндік береді.

Педагогтің сыни ойлау технологиясының тиімді тәсілдері мен әдістерін қолдануы балалардың пікірін білдіруін қалыптастырады, дербестігін, жауапкершілігін, әлеуметте бағдарлай білуін дамытады.

2) коммуникативтілік-қарым-қатынас жасау, байланыс орнату, тіл табысу, үйлесімділік орнату қабілеті (бірлесіп жұмыс істеуге қабілеттілік).

3) командада жұмыс істей білу - бұл бір-бірімен келісе білу, өзара пікір алмасуды қолдау, басқа адамдарды түсінуге тырысу, өзінің және өзге адамдардың әрекеттерін бағалай білу. Командада жұмыс істеу дағдыларын үйрету балаларға кез келген әлеуметте (балабақша, құрдастары және т.б.) бейімделуге септігін тигізеді.

4) сыни ойлау- нәтижелі түрде пікір алмасу үшін қажетті қасиеттерді: төзімділікті, өз әрекеттеріне жауап беруді, тыңдау қабілетін дамытатын (жұппен және топтық жұмысты қолдану, пікірталас) әлеуметтік ойлау.

Сыни ойлауды дамыту мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- баланың пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға деген ұмтылысын ояту;
- баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету;
- баланы дайын білімді қолданбай, әрекет процесінде туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу.

### **Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру**

Тәрбиелеу-білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - Стандарт)

талаптарына сәйкес іске асырылады және «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру салалары бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталады.

Стандартта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар анықталған.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы) мектепке дейінгі ұйымдарда:

-1 қыркүйектен 31 мамыр бойынша – барлық жас топтары үшін оқу жылы ( Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес жүзеге асырылады, меңгеру мерзімі-5 жыл;

-1 маусымнан 31 тамыз бойынша – жазғы сауықтыру кезеңі (ұйымдастырылған оқу қызметін (бұдан әрі-ҰОҚ), сауықтыру іс-шараларын ауа райына байланысты таза ауада өткізу ұсынылады).

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- білім беру ұйымының жылдық жоспарына;
- өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарға;
- циклограммаға сәйкес іске асырылады.

Жоспарланатын өтпелі тақырыптар, олардың реті мен саны педагогикалық кеңесте қаралады және бекітіледі. Педагогтер перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрады.

Білім беру процесінің тиімділігі, сондай - ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі:

бастапқы- оқу жылының басында (қыркүйекте);

аралық-оқу жылының ортасында (қаңтарда);

қорытынды-оқу жылының аяғында (мамырда).

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа да педагог қызметкерлермен тығыз байланыста жүргізеді. Диагностиканың нәтижелері негізінде тәрбиеші мен педагог-психолог тәрбиеленушінің жеке даму картасын құрастырады.

### **Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты, шектеу шаралары кезеңінде мектеп жасына дейінгі балалармен тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар**

Өңірлердегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты, мектеп жасына дейінгі балалармен сабақтар өткізу, ата-аналардың қалауын ескере келесідей форматта:



- 1) қашық форматта сабақтар (консультациялар) өткізу;
- 2) МДҰ кезекші топтармен сабақтар өткізу ұсынылады..

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін қашықтан оқыту форматындағы сабақтар (консультациялар) – ата-аналардың жетекшілігімен балалар (көбінесе ересек, мектепалды жасындағы балалар) педагогтердің тапсырмаларын оқып, орындайтын үй жағдайында оқыту (консультация).

Тәрбиелеу-білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес іске асырылады және «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталады.

Стандартта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар анықталған.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы) мектепке дейінгі ұйымдарда:

-1 қыркүйектен 31 мамыр бойынша – барлық жас топтары үшін оқу жылы (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес жүзеге асырылады, меңгеру мерзімі-5 жыл);

-1 маусымнан 31 тамыз бойынша – жазғы сауықтыру кезеңі (ұйымдастырылған оқу қызметін (бұдан әрі-ҰОҚ), сауықтыру іс-шараларын ауа райына байланысты таза ауада өткізу ұсынылады).

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- білім беру ұйымының жылдық жоспарына;
- өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарға;
- циклограммаға сәйкес іске асырылады.

Жоспарланатын өтпелі тақырыптар, олардың реті мен саны педагогикалық кеңесте қаралады және бекітіледі. Педагогтер перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрады.

Білім беру процесінің тиімділігі, сондай - ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі:

- бастапқы- оқу жылының басында (қыркүйекте);
- аралық-оқу жылының ортасында (қаңтарда);
- қорытынды-оқу жылының аяғында (мамырда).

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа да педагог қызметкерлермен тығыз байланыста жүргізеді. Диагностиканың нәтижелері негізінде тәрбиеші мен педагог-психолог тәрбиеленушінің жеке даму картасын құрастырады.

### **Қашықтан оқыту форматындағы сабақтарды (консультацияларды) ұйымдастыру тәртібі**

Балалар ата-аналардың қалауы бойынша кезекші топтарға бара алады немесе қашықтан оқи алады.

Қашықтан оқыту форматында тәрбиеленушілерге бейнесабақтар өткізу ата-аналар қауымдастығының сұраныстарын және әлеуметтік тапсырысты орындауды, сондай-ақ қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы тәрбиеленушілердің ата-аналарын консультациялық қолдауды қанағаттандыруға бағытталған.

Мектеп (шағын орталық болған жағдайда) және мектепке дейінгі ұйым басшылары ата-аналардың (балалардың заңды өкілдерінің) хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында және ересектер тобы, мектепалды тобы балаларына қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша:

- қашықтан оқытудың барлық қатысушыларының (педагогтер, балалардың ата-аналары/заңды өкілдері) ересектер тобы, мектепалды тобы балаларын қашықтан оқытуды ұйымдастыру туралы сабақтың басталу күнін көрсете отырып хабардар болуы;

- қашықтан оқытуды өткізу үшін әр отбасында қолжетімді байланыс түрлерінің, ғаламтор-ресурстардың тізімін анықтау;

- «Сауат ашу негіздері», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен танысу» бойынша (күніне бір сабақ) қашықтан кіріктірілген сабақ кестесін құруы;

- педагогтердің демонстрациялық материалдарды, дидактикалық ойындарды және т.б. кеңінен қолдана отырып, қашықтан оқыту сабақтарының конспектілерін (бейнесабақтармен оқыту) әзірлеуі;

- ата-аналармен кері байланысты қамтамасыз ету;

- топтардың контингентін бекіту, сабақ кестесін, жұмыс кестесін, күн тәртібін жасау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

Басшының орынбасарлары, әдіскерлер:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын ересек, мектепалды жастағы балалардың меңгеруіне бағытталған қашықтан оқытуды ұйымдастырады;

- педагогтермен бірге ересек, мектепалды жастағы балаларды қашықтан оқытуды қамтамасыз етеді;

- жұмысты ұйымдастыру туралы барлық қашықтан оқытуға қатысушылардың (педагогтер, балалардың ата-аналары/заңды тұлғалар) белсенді ақпараттандырылуына ықпал етеді;

- қажет болған жағдайда балаларды қашықтан оқыту нәтижелерімен бейне талқылау педагогтермен өткізеді;

- ҰБДҚ мәліметтерін, тәрбиеленушілердің ауысуы, педагогтерінің сапалық құрамы, материалдық база, техникалық персонал және т. б. туралы ақпарат базасын толтырады;

- сабақ кестесін құрады;

- педагогтердің қызметін ұйымдастырады;

- тәрбиеленушілердің ата-аналарына жеке консультация беруді жүзеге асырады;

- тәрбиеленушілердің ата-аналарын (заңды өкілдерін) білім беру платформасы, сабақ кестесі туралы хабардар етеді.

Педагогтер:

- әдіскерлермен және басқа да педагогтермен бірге жас топтарына перспективалық жоспар құрастырады;
- сабақтарды өткізу жоспарын құрады;
- демонстрациялық материалдар (слайдтар, бейне, аудио, көрсетуге арналған заттар (ойыншықтар, муляждар, тұрмыстық заттар және т. б.) дайындайды;
- бекітілген кестеге сәйкес қашық форматта сабақтар өткізеді;
- ата-аналармен кері байланыс орнатады;
- ата - аналар үшін топтық, жеке бейне және аудио консультациялар өткізеді.

### **Мектепке дейінгі ұйымдарда кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру**

Кезекші топтардың жұмысы санитарлық талаптарды қатаң сақтаған жағдайда, оның ішінде осы тәртіпке сәйкес ата-аналардың (балалардың заңды өкілдерінің) өтініштері негізінде жүзеге асырылады. Өтініштер электрондық нысанда қолжетімді құралдар арқылы қабылданады.

Кезекші топқа баруға ниет білдірген жағдайда балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері мектепке дейінгі ұйым басшысының атына өз қалауы туралы өтініш жазады және оны қол жетімді байланыс құралдары арқылы тәрбиешіге жібереді.

Тәрбиеші өтінішті әкімшілікке береді.

Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі берілген өтініштер негізінде 15 балаға дейінгі кезекші топтарды құрады.

Кезекші топтардың контингенті, кестесі, жұмыс кестесі, педагогикалық құрамы педагогикалық кеңестің отырысында бекітіледі, қажет болған жағдайда өзгерістер енгізіледі.

Кезекші топтардағы білім беру процесі мектепке дейінгі ұйымның бекітілген жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Басшының атына өтініш беру арқылы кезекші топтарға баруды таңдау құқығы балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне тиесілі.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларын кезекші топтарға апара отырып, олардың қоғамдық ортада болатынына және коронавирустық инфекцияны жұқтыру қаупін болдырмау үшін барлық шараларды қолдануға келісімін береді және түсіністік танытады.

Тәрбиеші МДҰ бару мәселесі бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді (жұмыс тәртібі, жас топтары, денсаулық жағдайы, тиісті киім, МДҰ күн тәртібін сақтау және т. б., баланы алдын ала алып келу, себебі балаларды қабылдау белгілі бір уақытты алуы мүмкін).

Кезекші топтардағы сабақтар перспективалық жоспар мен циклограммаға сәйкес кесте бойынша өткізіледі.

Тамақтану, ұйымдастырылған оқу қызметі, ұйқы, демалыс режимі сақталады.

Күн тәртібі аяқталғаннан кейін ата-аналар немесе заңды өкілдер балаларды алып кетеді, тәрбиеші баланы шыққанға дейін ертіп барады.

### **Ерте жастағы балаларды дамыту (туғаннан бастап 3 жасқа дейін)**

Жас кезеңдері мен жас топтары (балалардың жасы-оқу жылының басындағы толық жасы) мынадай:

1) бөбек жасы – 0-3 жас:

нәрестелік жас-туғаннан бастап;

ерте жас- 1 жастан бастап (ерте жас тобы);

кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі:

1) ерте жас тобы (1 жастан бастап) – ұзақтығы 7-10 минуттан 7 сағатты;

2) кіші топ (2 жастан бастап) – ұзақтығы 10-15 минуттан 9 сағатты құрайды.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін балалар үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

1) ерте жас тобы (1 жастан бастап) – ұзақтығы 7-10 минуттан 7 сағат;

2) кіші топ (2 жастан бастап) – ұзақтығы 10-15 минуттан 9 сағат.

Осы жас кезеңінде баланың толыққанды, жан-жақты дамуы мынадай міндеттерінің табысты шешілуіне байланысты:

баланың денсаулығын нығайту, оны шынықтыру, жүйке жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін арттыру;

негізгі қимыл түрлерін дамыту (жүру, жүгіру, лақтыру, қағып алу, секіру);

баланың қоршаған ортамен байланысын байыту, күнделікті өмірде және баламен арнайы ұйымдастырылған әрекетте ортаның құбылыстарын түсінуге қызығушылықты дамыту, оларды ойын, бейнелеу, музыкалық және басқа да әрекетке ауыстыру;

түсінінетін сөздер қорын кеңейту және белсенді сөздік қорды байыту;

заттық әрекеттің алуан түрлілігі: жақын маңдағы заттармен, олардың қасиеттерімен, атқаратын қызметімен және олармен әрекет ету тәсілдерімен таныстыру, қасиеттері бойынша заттарды таңдауды және топтастыруды көрсету; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша қарапайым әрекеттерді орындауға (киіну, шешіну, ойыншықтарды жинау) жағымды эмоционалдық ынталандыру және қолдау, еңбек әрекеттеріне қызығушылықты тәрбиелеу, оларды өз бетінше орындау ниетін ынталандыру.

баланың тұлғасын дамытуға ықпал ету: әрекет түрлерінде оның дербестігін дамытуға, өзін – өзі құрметтеу және қадірлеу сезімін әрекетте және қарым-қатынаста табысты бағалау арқылы дамыту үшін жағдай жасау;

ұқыптылық пен тазалықты сақтау дағдыларына баулу;

баланы ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынасқа ынталандыру;

барлық тіршілік иелері (жануарлар, өсімдіктер) мен заттар әлеміне сүйіспеншілікке және ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Үлгілік оқу бағдарламаның мазмұны балалардың өзара әрекеті бойынша әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға, бейімделуіне, баланың тұлға ретінде қалыптасуына, қоршаған ортаға (отбасына, әлеуметке, табиғатқа), қауіпсіз мінез-құлық негіздеріне ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған.

«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларына ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мазмұны енгізілген, ол білім беру салаларын кіріктіру және балалар әрекетінің түрлері (ойын, қимыл, дербес) арқылы іске асырылады.

«Әлеумет» білім беру саласында дербестікті тәрбиелеу, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту, балаларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасы, қоғам мен мемлекет дәстүрлеріне баулу бойынша әлеуметтендірудің негізгі міндеттері көрсетілген.

Мектепке дейінгі ұйымға бейімделу кезеңінде балалардың өмірін дұрыс ұйымдастыру оларды тәрбиелеудің маңызды сәті болып табылады.

Ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту міндеттері:

1 жас-1 жас 6 ай:

- түсінетін сөздер қорын адамның және жануарлардың дене мүшелерін, заттар мен ойыншықтарды, жақын адамдарды білдіретін зат есімдердің есебінен кеңейту;

- белсенді сөйлеуді дамыту;

- заттарды көлемі, түсі, пішіні бойынша ажырата білу;

- заттармен әрекет ету үшін көмекші құралдарды қолдана білуді дамыту (тарту, домалату, қозғалу және т. б.);

- балаларды заттардың пішінімен және көлемімен таныстыру.

1 жас 6 ай-2 жас:

- қоршаған орта заттарын білдіретін зат есімдердің, заттардың жағдайын және белгілерін, қимылдарын білдіретін етістіктердің, сын есімдердің есебінен пассивті сөздік қорды кеңейту;

- диалогтік сөйлеуді дамыту;

- заттар туралы жалпы түсінік қалыптастыру: заттарды тану үшін жағдай жасау, заттарды топтастыру, түсі, пішіні, көлемі және т. б. бойынша сәйкестендіру;

- төрт негізгі түсті ажырата білуді дамыту: қызыл, сары, жасыл, көк;

- қарапайым заттарды меңгеруге жаттықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдану.

2 жастан 3 жасқа дейін:

- түсті, көлемді, пішінді, сапаны, әрекетті және т. б. білдіретін сын есімдермен, етістіктермен, үстеулермен байыта отырып, белсенді сөйлеуді дамыту;

- баланы заттар әлемімен таныстыру кезінде жарқын әсерлермен

байытуды жалғастыру;

- әрекетте заттармен түрлі қимылдарды дамыту үшін жағдай жасау;
- түс туралы түсініктерді кеңейту (қызғылт сары, көк, қара, ақ);

### **Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту (3 жастан және 4 жастан бастап)**

Жас кезеңдері және жас топтары (балалардың жасы –оқу жылының басындағы толық жасы) мынадай:

мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);

ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ).

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі:

- ортаңғы топ (3 жастан бастап) – ұзақтығы 15-20 минуттан 11 сағатты;

- ересек топ (4 жастан бастап) – ұзақтығы 20-25 минуттан 12 сағатты құрайды

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін балалар үшін Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

- ортаңғы топ (3 жастан бастап) – ұзақтығы 15-20 минуттан 11,5 сағат;

- ересек топ (4 жастан бастап) – ұзақтығы 20-25 минуттан 12,5 сағат.

Үлгілік оқу жоспарының құрылымында инвариантты және вариативтік бөлім көрсетілген. Инвариантты бөлім Үлгілік оқу бағдарламасының міндетті бөлімін орындауды қамтамасыз етеді.

Вариативтік компонентті анықтауда балалардың жас және жеке ерекшеліктері, қызығушылықтары және мектепке дейінгі ұйым қызметінің бағыты ескеріледі.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтарда вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

ортаңғы топ балалары үшін-1 сағатты;

ересек топ балалары үшін- 2 сағатты құрайды.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

ортаңғы топ балалары үшін - 0,5 сағатты;

ересек топ балалары үшін - 1,5 сағатты құрайды.

Үлгілік оқу жоспарларына келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

«Қатынас» білім беру саласы:

- «Драма» ҰОҚ алынып тасталды, 0,5 апталық жүктемесі мен міндеттері «Көркем әдебиет» ҰОҚ-не енгізілді және аптасына 1 сағатты құрайды.

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметінде көзделген міндеттер «Көркем әдебиет» ҰОҚ арқылы әдістемелік тәсілдердің көмегімен (рөлдерде ойнау, театрландыру, әңгімелеу, рөлдерді қайталау және т.) жүзеге асатын болады.

«Әлеумет», «Таным» білім беру салалары:

- «Экология негіздері» ҰОҚ алынып тасталды, 0,25 сағат апталық жүктемесі

«Қоршаған ортамен танысу» ҰОҚ енгізілді және апталық жүктемесі 0,5 сағатты құрайды. «Экология негіздері» ҰОҚ міндеттері «Жаратылыстану» ҰОҚ-де шешілетін болады.

### **Мектепалды жасындағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту (5 жастан бастап)**

Мектепалды даярлық 5 жастан бастап отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепалды даярлық сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңы 30-бап) (бұдан әрі - Заң).

1-сыныпқа оқуға балалар алты жастан қабылданады (Заңның 31 бабы).

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балалардың оқу қызметінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);

- мектепке қолайлы бейімделуге қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);

- ұжымдық қызметтегі бірлескен іс-әрекет дағдыларын тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);

- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;

- баланың мектепке деген эмоционалдық-жағымды қарым-қатынасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Білім беру процесі:

- өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарға;

- апталық циклограммаға сәйкес өткізіледі;

- тәрбиеленушілердің жетістіктеріне мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізіледі.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі - 20 сағат және ҰОҚ ұзақтығы -25-30 мин.

Үлгілік оқу жоспарларына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

«Қатынас» білім беру саласы:

- «Драма» ҰОҚ алынып тасталды, 0,5 апталық жүктемесі және міндеттері «Көркем әдебиет» ҰОҚ-не енгізілді, аптасына 1 сағатты құрайды. «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметінде көзделген міндеттер «Көркем әдебиет» ҰОҚ арқылы әдістемелік тәсілдердің көмегімен (рөлдерде ойнау, театрландыру, әңгімелеу, рөлдерді қайталау және т.) жүзеге асатын болады.

- «Шет тілі» ҰОҚ алынып тасталды, 1 сағат апталық жүктемесі «Сауат ашу негіздері» ҰОҚ енгізілді және 2 сағатты құрайды.

«Әлеумет», «Таным» білім беру салалары:

- «Экология негіздері» ҰОҚ алынып тасталды, 0,25 сағат апталық



жүктемесі «Қоршаған ортамен танысу» ҰОҚ енгізілді және апталық жүктемесі 0,5 сағатты құрайды. «Экология негіздері» ҰОҚ міндеттері «Жаратылыстану» ҰОҚ-де шешілетін болады.

Ұйымдастырылған оқу қызметін өткізуге қойылатын талаптар-ұйымдастырылған оқу қызметінің рұқсат етілген көлемін, ұзақтығын қамтамасыз ету және санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келуі.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық үшін вариативтік компонент қарастырылған. Вариативтік компонентті анықтауда балалардың жас және жеке ерекшеліктері, қызығушылықтары және білім беру ұйымының қызметінің бағыты және т. б. ескеріледі.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің көлемі-2 сағатты, ал қазақ тілінде оқитын балалар үшін вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің көлемі - 3 сағатты құрайды. Апталық жүктеменің жалпы көлемі-20 сағат.

Тәрбиелеу-білім беру қызметі Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйым түлегінің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мектепке дейінгі білім берудің мақсаттарымен, міндеттерімен, мазмұнымен негізделген және «Стандартқа қосымшада «Туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесінде» көрсетілген тәрбиеленушінің дамуының күтілетін нәтижелерін қамтиды.

Баланың одан әрі дамуы үшін қажетті жетістіктер тізбесі баланың дамуының жалпы әлеуметтік маңызы бар болжамдары, 5 жастан асқан балалардың даму нормалары, белгіленген білім беру мақсатына қол жеткізуге бағытталған ересектер (педагог қызметкерлер, тәрбиеленушілердің заңды өкілдері) қызметіндегі бағыт-бағдарлар болып табылады.

### **Түрлі жас топтарындағы жұмыстың ерекшелігі**

«Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 29 мамырдағы №206 бұйрығы) мектепке дейінгі білім берудің қол жетімділігін және вариативтілігін қамтамасыз ету үшін, балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқытуда қолайлы жағдайлар жасау үшін мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері құрылады, оларда балалар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жасақталады.

Түрлі жас тобы (1 жастан 3 жасқа дейінгі немесе 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар) қажетті материалдық-техникалық жағдайлармен және кадрлармен қамтамасыз етілген (бөлінген қаражат шегінде) жағдайда құрылады және санитарлық-гигиеналық талаптар мен өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес, қажетті ойын және спорттық құрал-жабдықтармен, оқу-көрнекілік құралдарымен және материалдарымен жабдықталған, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бөлмелерде ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы түрлі жас топтарының толымдылығы санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

## **Түрлі жас топтарында балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудың негізгі тәсілдері**

Білім беру процесі мынадай тәсілдерді:

- саралау, балалардың жас мүмкіндіктерін ең жоғары көлемде есепке алу ұсынымына негізделген, жастары шамалас, аралас балаларды есепке ала отырып, топтарды шағын топтарға бөлуді қамтамасыз етуді;

- жеке, педагогтер, психологтар, ата-аналар яғни, тәрбиелеу мен оқыту процесіне барлық қатысушылардың баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруына және оның қабілеттерін дамытуына бағытталуын;

- ойын, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын белсендіруге ықпал ететін ойын түрлерін оқыту әдісі ретінде қолдануды;

- денсаулық сақтау, балалардың денсаулығын сақтауды және нығайтуды;

- инновациялық, баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалауға бағытталған;

- құзыреттілік, баланың дамуын және мектепке дейінгі ұйымның қызметін және т.б. қалыптастыруды қарастырады.

Пәнді оқытудың мақсаты – қазақтың дәстүрлі музыкасы, әлем халықтары шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыканың үздік үлгілері негізінде білім алушылардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту

Пәнді оқытудың міндеттері: өзге өнер түрлері мен оқу пәніне музыка өнерін кіріктіре отырып әлем тұтастығының бейнесі жөнінде түсінігін қалыптастыру; музыка өнерінің жалпы адамзаттық қажеттілікті құбылыс ретінде, оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру; сын тұрғысынан ойлауы мен музыкаға жағымды қарым-қатынасын, музыкалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру; музыкалық шығармалар мен тапсырмаларды талдау, зерттеу және орындаушылық пен

импровизациялау, презентациялау оқу пәндік-тақырыптық білім, білік, дағды аясында дамыту; музыкалық қабілеттілігін, белсенді шығармашылығын, орындаушылығы мен зерттеушілік дағдысын дамыту; музыка өнері негізінде коммуникация формалары жөнінде білімін қалыптастыру; музыкалық-шығармашылық жұмыстарға идеялар қосу негізінде өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуын қалыптастыру (шығармалар жазу, импровизация және өңдеу); ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану барысында музыкалық-орындаушылық және техникалық білімі мен біліктілігін қалыптастыру, дамыту.

*«Музыка» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:*

*1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;*

*2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.*

*«Музыка» пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер пән бойынша оқыту мақсаттары және оған қол жеткізу реттілігін сыныптар бойынша мазмұндайтын бөлімшелерге бөлінген.*

Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1. «Музыка тыңдау, орындау және талдау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: «Музыка тыңдау және талдау»; «Музыкалық сауаттылық»; «Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет».

2. «Музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: «Идеялар және материалдарды жинақтау»; «Музыка шығару және импровизация».

3. «Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды: «Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау».

*«Музыка» пәнінің 5-сыныпқа арналған базалық мазмұны: «Қазақ халқының музыкалық мұрасы»; «Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыка»; «Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі»; «Музыка тілі – достық тілі»; «Өлкетану: Туған өлке симфониясы» бөлімдерін қамтиды.*

*«Музыка» пәнінің 6-сыныпқа арналған базалық мазмұны: «Классикалық музыканың үздік туындылары»; «Заманауи музыка мәдениеті»; «Музыка және өнер түрлері»; «Музыка – өмір тынысы»; «Өлкетану: Туған жердің таланттары» бөлімдерін қамтиды.*

Әрбір бөлімшелерде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге үш түрлі іс-әрекет арқылы (білім алушылардың музыкалық сауаттылықты зерделеу, музыкалық-орындаушылық және музыкалық-шығармашылық іс-әрекеті) жұмысты жүйелі жоспарлауға, олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

«Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Музыка» пәні бойынша жарты жыл және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

«Туған өлке симфониясы» және «Туған жердің таланттары» тақырыптары 2018-2019 оқу жылынан бастап «Өлкетану» кіріктірілген курсына енгізілген, ол 5-6-сыныптардың «Музыка» оқу пәнінің шеңберінде оқытылады. «Музыка» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

### **«Көркем еңбек» оқу пәні**

«Көркем еңбек» оқу пәнінің 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мазмұны оқыту мақсаттары жүйесінің шығармашылық әрекет үдерісі барысында тәжірибелік және негізгі білім қалыптастыруға бағытталған үш бөлім бойынша ұйымдастырылған:

- 1) «Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі;
- 2) «Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі;
- 3) «Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау» бөлімі.

Оқу бағдарламасының мақсаты – өнер және еңбек технологиясы саласында функционалды сауаттылықты қалыптастыру, шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту.

5, 6, 7, 8, 9 -сыныптарға арналған «**Көркем еңбек**» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттары жүйесі арқылы ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

«Көркем еңбек» оқу пәнінің бағдарламасы: қоршаған ортада өнер, дизайн мен технология туралы түсінік пен білімді дамытуға; Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдениет мұрасын оқып үйренуге; өнер мен дизайнның көркем тәсілдері арқылы шығармашылық идеяларды, технологиялық дағдыларды дамытуға; зерттеу, жасау, талдау, нысандарды көркем түрлендіру үдерісінде білім алушылардың шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға; оқу қызметінің барлық түрлерінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы тәжірибе алуға (зерттеу, идеялардың шығармашылықпен іске асыру, жұмыстардың таныстырылымы); жұмыс нәтижесі үшін түрлі ақпарат көздері мен ресурстарының маңыздылығын түсіне отырып, зерттеу мен пайдалануға; эстетикалық, еңбекке баулу, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбиелеу мен рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыруға; уақыт, материалдың қасиеті мен басқа да факторлардың әсерін анықтап және оны ескере отырып қызметін өз бетінше жоспарлай алуға; оқу мақсаттарына жетуде бірігіп жұмыс істеуді ұйымдастыру (жеке, жұптық және топтық жұмыс) бойынша тәжірибе жинауға бағытталған.

Жалпы негізгі білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй

шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

«Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 6-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды;
- 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды 5 ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйренуді қарастырады: «Визуалды өнер»; «Сәндік-қолданбалы шығармашылық»; «Дизайн және технология»; «Үй мәдениеті»; «Тамақтану мәдениеті».

«Визуалды өнер» мен «Сәндік-қолданбалы шығармашылық» бөлімдерінің тақырыптары ер балалар мен қыз балалар үшін бірдей.

«Визуалды өнер» бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: классикалық және заманауи өнер; қазақстандық суретшілердің шығармашылығы; бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлері; сандық өнер (фотосурет, анимация, медиа құралдар); бейнелеу (визуалды) өнерінің көркем тәсілдері; көркемдік материалдар және техникалармен эксперименттеу бөлімдерін қамтиды.

«Сәндік-қолданбалы шығармашылық» бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: сәндік-қолданбалы өнер ерекшеліктері мен негізгі пішіндері, Қазақстанның және басқа елдердің сәндік-қолданбалы өнері; сәндік-қолданбалы өнер материалдары, технологиялары мен құралдары; Ұлттық ою-өрнек; Ішкі көріністі сәнді безендіру қарастырады.

«Дизайн және технология» (ер балалар) бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: негізгі конструкциялық, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдарды; материалдарды өңдеу құралдары мен жабдықтарын; материалдарды әртүрлі тәсілдермен өңдеуді; әртүрлі материалдардан бұйым дизайнын; ұлттық тұрмыстық заттарды дайындау технологиясын; қазақстандық және әлемдік сәулет ескерткіштерін; макеттеуді; ішкі көрініс дизайнын; робототехника, көлік құралдарын модельдеуді қамтиды.

«Дизайн және технология» (қыз балалар) бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: негізгі тоқыма, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдарды; тоқыма материалдарын өңдеу құралдары мен жабдықтарын; тоқыма материалдарын әртүрлі тәсілдермен өңдеуді; тоқыма материалдарынан бұйым дизайнын; сән индустриясын, стиль және образ, ұлттық киім элементтерін дайындау технологиясын қамтиды.

«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (ер балалар) төмендегі бөлімшелерді: тұрғын үйдің экологиясын; өсімдік шаруашылығы, сәндік өсімдіктер шаруашылығы, ландшафтты дизайн негіздерін; электр қуатының көздері туралы жалпы мәліметтерді, тұрмыстық техника және электр құралдарын қолдану мен жөндеуді; тұрмыстық жөндеу жұмыстарын, ішкі көріністі ұйымдастыру мен жоспарлауды қамтиды.

«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (қыз балалар) төмендегі бөлімшелерді: жеке гигиенаны, тұрғын үй экологиясын; өсімдік шаруашылығы, сәндік өсімдіктер шаруашылығы, ландшафтты дизайн негіздерін; киім күтімі мен ұзақ мерзімді сақтауды қамтиды.

«Тамақтану мәдениеті» бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: дұрыс тамақтану негізін; дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелерін, дастарқанды жабдықтауды; тағам әзірлеу технологиясын; Әлем халықтарының тағамдарын қамтиды.

Жалпы негізгі білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

Ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларда ұсынылатын әрекет түрлері, «Өнер» білім саласы бойынша тақырыптар бейнелеу өнері мен көркем еңбек компоненттерінің мәнмәтінінде оқылатындай етіп құрылған.

Оқу жоспарының мазмұнына сызу және компьютерлік графика мен АКТ, сызулар құру үшін технологиялық құжаттарды орындау дағдыларын дамытумен байланысты оқу мақсаттарына жетуге бағытталған әрекет түрлері қосылған.

«Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Көркем еңбек» жарты жыл және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

Сыныпты екі топқа бөлу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (05.05.2020 ж ҚР БҒМ №182 бұйрығының 57 т. сәйкес).

## «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

**5-9-сыныптарға** арналған «Дене шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының басты мақсаты – ағзаның бүкіл жүйелерін дамыту, оқушылардың физикалық қасиеттерін және олармен байланысты қабілеттерін жетілдіру болып табылады.

Дене шынықтыру пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол оқушының дене дамуына, әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептегі білім беру контекстінде дене шынықтыру білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттайды.

*Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дене және психикалық денсаулығын нығайтуға уәждемесін (мотивация) арттыруға, білім алушылардың арнайы спорттық (спорттық-спецификалық) қимыл дағдыларын меңгеруіне және дене қабілеттерін дамытуға бағытталған.*

*Оқу бағдарламасында дене шынықтыру мен спортты дамыту тарихы бойынша білімді қалыптастыру; негізгі физикалық қасиеттерді жетілдіру, арнайы спорттық біліктер мен дағдыларды дамыту; коммуникативтік дағдыларды дамыту, атап айтқанда, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты пайдалану, оны тиісті нысанда нақты ұсыну қабілеті; ойлау және зерттеу дағдыларын дамыту; адамгершілік-жігер, моральдық-ерік қасиеттерін қалыптастыру қарастырылған.*

Оқу бағдарламасы оқу жылы ішінде бағдарлама бөлімдерін оқытудың бірізділігін анықтайтын ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Сағаттарды бөлу, сондай-ақ тақырыптарды оқу реті мұғалімнің қалауы бойынша өзгеруі мүмкін.

*«Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:*

- 1) 5-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;
- 3) 7-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;
- 4) 8-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Бұл бағдарламада мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дене шынықтырудың барлық негізгі нысандарының мазмұны қамтылған және бұл міндеттерді барлық оқу жылында біртіндеп шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның үшінші сағаты оқушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

Сыныпты екі топқа бөлу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (05.05.2020 ж ҚР БҒМ №182 бұйрығының 57 т. сәйкес).

«Дене шынықтыру» оқу пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

*Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:*

*1.«Қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: түрлі арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындау кезіндегі дәлдікті, бақылауды және үйлесімділікті дамыту; түрлі қимыл-қозғалыс комбинацияларын құру және оларды дене жаттығуларын орындауда қолдану реттілігі; арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыс дағдыларын және олардың орындалу ретін түрлендіру; қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындауды жақсарту үшін өзінің және өзгелердің біліктіліктерін бағалау; бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегиялары мен құрылымдық идеяларын қолдану және бағалау; қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жасауға қайтара білу.*

*2. «Шығармашылық қабілеттер және қимыл-қозғалыс дағдылары*

арқылы сыни көзқарасты қалыптастыру» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: қимыл-қозғалыс әрекеттері арқылы өзгермелі жағдайға жауап қайтара білуге бейімделу; көшбасшылық, сондай-ақ, команда құрамында жұмыс істей білу дағдыларын дамыту және қолдану; қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажет бірқатар тиімді дағдыларды көрсету; дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді бағалау; өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін сыни тұрғыдан бағалау және оны шешудің балама жолдарын ұсыну; жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін білу; жарыс кезінде таза ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету; түрлі қимыл-қозғалыстармен шарттастырылған рөлдерді орындау және олардың айырмашылықтарын сезіне білу.

3. «Денсаулық және салауатты өмір салты» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: жеке бас денсаулығы және салауатты өмір салты туралы білімді қалыптастыру; қыздырыну және қалпына келтіру жаттығуларын құру мен орындау; түрлі дене жаттығуларын іс жүзінде орындау, олардың ағзаға тигізетін әсері мен энегетикалық жүйемен байланысын зерттеу; денсаулықты нығайтуға бағытталған бірқатар дене жүктемелері кезінде туындауы мүмкін қауіп-қатерді басқара білу стратегиясын құру және қолдану; басқалардың дене жаттығулары тәжірибесін байыту масқатында білім, біліктілік және дағдыларды қолдану.

Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан, жарты жылының және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

«Дене шынықтыру» пәні сабақтарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9-сыныптарда) «Дене шынықтыру» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018.–89 б.» (Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 24 сәуірдің №5 хаттамасы)) әдістемелік ұсынымдама әзірлеп, академия сайтына орналастырылған (nao.kz).

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту кезінде білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламасы әзірленеді.

5-9-сыныптарда білім беру ұйымдарынан тыс жеке сабақтар үшін ең жоғарғы оқу жүктемесі: 5-сынып-7,5 сағат; 6 – сынып-7,5 сағат; 7 – сынып-8,5 сағат; 8 – сынып-9 сағат; 9 – сынып-9,25 сағат құрайды.

Сабақтар емдеуші дәрігердің қорытындысына сәйкес осы медициналық ұйымда 15 күннен астам емдеуден/оңалтудан өтуі тиіс білім алушылармен жүргізіледі. Оқу сабақтары балалар стационарға түскен сәттен бастап және баланың денсаулық жағдайына байланысты басталады. Сабақтың ұзақтығы барлығы үшін - 35 минут, бірінші сыныпта - 25 минут (бірінші жартыжылдықта). Аурудың ауырлығына қарай ауру балалар болатын медициналық режимдердің әрқайсысына олармен жұмысты жоспарлау кезінде белгілі педагогикалық бағыттылық сәйкес келеді.

Сынып жиынтықтылығы бір сыныпта 4 және одан да көп бала санынан басталады. Бір сыныпта 3-ке дейінгі балалар саны болған кезде: 5-6-7-сыныптар, 8-9-сыныптар бірігуі мүмкін.

Медициналық ұйымның психо-неврологиялық бөлімшелерінде бастапқы және қайталама бұзылуларды жеңуге, психикалық функцияларды дамытуға, балалар мен жасөспірімдердің қоғамға бейімделуіне, әлеуметтік-еңбекке бейімделуіне және кірігуіне ықпал ететін компенсаторлық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған түзету-дамыту оқытуы жүзеге асырылады. Егер социумға кірігу үшін бөлімшелерде жеке түзету-дамыту сабақтары жүргізілсе, кейбір пәндер қысқартылуы мүмкін.

Оқу жоспарларында бастауыш, негізгі және орта мектептің жалпы білім берудің базалық компонентін 80%-ы сақтау, сондай-ақ қаржыландыру шеңберінен шықпай, емдеу мекемесінің ерекшелігін ескере отырып, оқу жоспарын 20% сағатқа дейін қайта бөлу көзделуге тиіс.

Үлгілік оқу бағдарламаларында көзделген сағаттар саны сараланған тәсілді ескере отырып алынуы және инклюзивті білім беру талаптарына сәйкес келуі тиіс. Пәндер арасында сағаттарды қайта бөлуге және мектепте жекелеген сабақтарға баруға жол беріледі.

Бөлімшелерде емдік дене шынықтыру (емдік дене шынықтыру) және музыкатотерапия сабақтары өткізілетін жағдайларда мектепте музыка және дене шынықтыру сабақтары жүргізілмейді.

Еңбекке және кәсіптік оқыту білім алушылардың денсаулық жағдайына қарай айқындалады және мынадай профильдердің негізінде жүзеге асырылады: ағаш, тігін бағыты, Шаштараз өнері, сәндік-қолданбалы өнер.

Информатика және көркем еңбек және технология бойынша сағат саны артады. Бұл пәндерді қосымша зерделеу қажеттілігі болашақта кәсіптік бағдар беру мақсатында ақпараттық технологиялар мен еңбек дағдыларын игеруге ерекше мұқтаж балалардың қажеттілігімен байланысты. Бейнелеу өнері пәні кеңірек, пластикалық массалармен, басқа да көркем жұмыстар түрлерімен



жүргізіледі, өйткені бұл іс-әрекет қолдың ұсақ моторикасын дамытады, назарын бекітеді, балаларды шығармашылыққа үйретеді.

Қажет болған жағдайда түзету көмегі психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде (оңалту орталығында) белгіленген тәртіппен көрсетіледі. Қазақ және орыс тілдері мен әдебиеті үшін бөлінген сағаттар 1 сағатқа қысқартылуы және басқа оқу пәнінің сағаттарын жүргізу үшін қайта бөлінуі мүмкін, сөйлеу тілін дамыту мен түзету клиникалық бөлімшелерде логопедия сабағын толықтырады.

Үйде оқитын баланы сыныптан тыс, үйірме жұмыстарына және мектептің басқа да тәрбие іс-шараларына тарту маңызды.

Үйде оқытуды ұйымдастыру жөніндегі қосымша ақпаратты «Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламалары бойынша балаларды үйде оқыту жөніндегі әдістемелік ұсынымдардан» ([www.nao.kz](http://www.nao.kz) сайтынан) табуға болады.

### **Инклюзивті білім беру.**

Қазіргі балаларды оқыту кезінде ерте жастан бастап өмір бойы білім алу үшін жаһандық дағдылар мен қызығушылықтарды қалыптастыру өте маңызды. Осыған байланысты білім берудің мақсаты білім алушылардың үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы, кең ауқымдағы дағдыларға ие білім беру кеңістігін құру болып табылады.

Инклюзия кез келген баланың білім алу қажеттіліктеріне бейімделген моральдық, материалдық, педагогикалық ортаны қалыптастыра отырып, мектептің барлық әлеуметтік процестерін терең қамтиды. Мұндай қолайлы жағдайлар тек ата-аналармен тығыз ынтымақтастықта, білім беру процесінің барлық қатысушыларының бірлескен командалық өзара іс-әрекеттестігінде ғана жасалуы мүмкін. Бұл жағдайда барлық балалар оларға табысты болуға, осы қоғамда қауіпсіздікті және өз орнын сезінуге мүмкіндік беретін қолдаумен қамтамасыз етіледі.

Қазіргі уақытта мектептің міндеті – барлығын және әрқайсысын оқыту болып табылатындықтан, әрбір педагогтің көкейінде мынадай орынды сұрақтар туындауы тиіс: Мұны қалай іске асыруға болады? Барлығын қалай оқыту керек? Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды әдеттегі сыныпта қалай оқытуға болады? Оларға мақсатқа қол жеткізуге қалай көмектесуге болады және сол уақытта басқа балаларды қалай назардан тыс қалдырмауға болады? Сыныптағы барлық балалар табысқа жететіндей оқу процесін қалай құру керек? Бұл сұрақтарды бүгінде көптеген заманауи педагогтер қоюда, олардың көпшілігі осы мәселелерді оңтайлы шешу – дифференциалды оқыту деп санайды. Инклюзивті білім беру жағдайында негізгі мектеп мұғалімдерінің алдында әлеуметтік-мәдени интеграцияға және бейімдеуге байланысты проблемаларды шеше отырып, барлық білім алушылардың, оның ішінде ЕБҚ бар білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту деңгейін арттыру, түлектердің кәсіби дайындығын, өмірлік өзін-өзі анықтауын, әлеуметтік қауіпсіздіктегі мүдделерін, қажеттіліктерін іске асыруды қамтамасыз ету және бүкіл қоғам шеңберінде әлеуметтік-мәдени процестерге қосу міндеті тұр.

Жаңартылған мазмұнның оқу бағдарламасы оқытудың спиральды түрінде болады, яғни оқушы пәнді қайталаған сайын ақпарат қайталады және есте қалады; спиральды білім беру бағдарламасы жеңілдетілген идеялардан күрделіге логикалық түрде ауысуға мүмкіндік береді; оқушылар білімді оқу немесе білім беру бағдарламаларының келесі бөлімдерінде қолдана алады. Спиральды оқыту моделінде құрылған оқу бағдарламалары оқушылардың сыныптан сыныпқа көшуіне қарай білім мен түсініктерді қайта қарауды көздейді. Мұндай бағдарлама ЕБҚ бар балалар бар сыныптардағы сабақтың мақсатын іске асыруға көмектеседі.

Инклюзивті білім беруде әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балалар оқу үдерісіне енгізілуі тиіс, ал білім беру ұйымдары бұл үшін оларға тиісті жағдай жасауы тиіс деп болжайды, өйткені барлық оқушылар мектеп қауымдастығының тең құқылы мүшелері болып табылады.

Оқыту қиындықтарының сипаты мен айқындылық дәрежесіне байланысты білім алушыда бір немесе бірнеше ерекше білім берілуіне қажеттілік айқындалуы мүмкін. Білім алушылардың ерекше білім берілуіне қажеттілігі білім арудың кез келген кезеңінде пайда болуы мүмкін.

Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау ерекше білім беру қажеттілігін бағалау негізінде жүзеге асырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – анықталған оқу қиындықтары мен олардың пайда болу себептері негізінде оқу процесінде оқушының қолдау түрлерін, формалары мен көлемін анықтау.

Қажеттіліктерді бағалауда білім алушыларды қолдау секілді деңгейлік сипатқа ие бола алады. Бір деңгейді қолдаудан қолдаудың қарқындылығын арттыру жағына да, қолдауды азайту жағына да басқа деңгейді қолдауға көшу мүмкіндігі бар.

Бірінші деңгейде оқушының қажеттілігі мен қолдауын бағалауды тікелей мұғалім жүзеге асырады, өйткені ол бірінші болып формативті бағалау процесінде оқытудың қиындықтарын анықтайды. Бұл жағдайда мұғалімнің міндеті – қиындықтар сипатын, олардың пайда болу себептерін өз бетінше анықтау, оқушының қалыптасатын білімдеріндегі олқылықтарды анықтау. Алынған ақпарат негізінде мұғалім әртүрлі әдістер мен жеке тәсілдеме арқылы сыныпта оқушыны қолдауды ұйымдастыруы қажет. Егер мұғалімнің барлық күш-жігеріне және жеке көмек беруіне қарамастан, білім алушыда бір және одан да көп негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгерудің қиындықтары бір тоқсан бойы сақталса, онда мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінен көмек сұрай алады.

Екінші деңгейде қажеттіліктерді бағалау мен қолдауды тек мұғалім ғана емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының командасы (психолог, логопед, дефектолог мұғалім, әлеуметтік педагог және т.б.) жүзеге асырады. Оқушының мамандардың көмегіне қажеттілігін бағалауды жүргізу үшін оқушының ата-анасының жазбаша келісімін алу қажет. Әрбір маман қажетті әдістер мен әдістемелерді қолдана отырып, оқушыларды оқытудың қиындықтарын тудыратын себептерді анықтау

мақсатында психологиялық, логопедтік, арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді.

Зерттеу барысында маман оқушы дамуының әлсіз жақтарын ғана емес, сондай-ақ оқудағы табысты болу үшін оқушының қолда бар ресурстарын да анықтайды. Тексеру нәтижелері бойынша мамандар келесілерді анықтайды:

- оқу бағдарламасының бейімделуіне оқушының қажеттілігі;
- оқушыға оқу-жаттығуда қиындықтарды жеңуге көмектесетін нақты мамандар (психолог, логопед, әлеуметтік педагог т.б.);
- ең тиімді оқыту әдістері мен тәсілдерін ұсыну;
- оқушының оқу орнын бейімдеу қажеттілігі.

Мамандардың көмек бағыттары мұғалімнің сабақтағы жеке тәсілдеме мазмұнымен, ата-аналар тарапынан оқушыға көмек мазмұнымен келісіледі. Мамандардың көмегі жеке немесе топтық сабақтарда көрсетіледі.

Мұғалім мен мамандардың көмегі бейімделген оқу бағдарламасын (1-3 оқу тоқсан бойы) табысты меңгеруіне әкелмеген жағдайда, қолдау қызметі оқушылардың ата-аналарының ұсынымдарын алу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін (ата-аналардың келісімімен).

Үшінші деңгейде оқушының қажеттілігін бағалауды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның мамандары анықтайды, оның нәтижелері бойынша оқушыға оның ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұсыныстар беріледі.

Білім беру жүйесін жаңғыртудың заманауи жағдайында мектеп барлық білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқытудың түрлері мен әдістерін таңдау тұрғысынан неғұрлым икемді және бейімделген болады, сонымен қатар білім берудің жаңартылған мазмұнының бағдарламалары саралау және дараландыру принциптерін ұстануға жеткілікті жеңіл мүмкіндік береді. Бұл ретте білім беру процесінің барлық қатысушылары, бірінші кезекте, мектеп әкімшілігі мен педагогтер инклюзивті білім берудің басты қағидатын сақтауы тиіс: бала қолданыстағы шарттар мен нормаларға «сәйкес келмейді», керісінше, барлық білім беру жүйесі нақты баланың қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктеріне «ыңғайластырылады».

Ерекше қажеттіліктері бар білім алушы өзін мектепте сенімді және қорғалған сезінуі тиіс. Бұл жағдайда мәселе тек физикалық қауіп туралы ғана емес. Баланың психологиялық және эмоциялық қорғалуы маңызды.

Білім алушы, егер оған көмек қажет болса, міндетті түрде көмектесетініне, егер өз идеяларымен бөліскісі келсе, оны міндетті түрде тыңдайтынына, егер сұрақ туындаса, оған міндетті түрде жауап беретініне сенімді болуы керек

**Арнайы мектептерде/сыныптарда оқушыларды оқыту дамудың бұзылу түрлері бойынша ұйымдастырылады:**

- есту қабілетінің бұзылымдары бар балаларға арналған;
- көру қабілетінің бұзылымдары бар балаларға арналған;
- ауыр тілдік бұзылымдары бар балаларға арналған;

- тірек-қозғалыс аппаратының бұзылымдары бар балаларға арналған;
- психикалық дамуының тежелісі бар балаларға (бұдан әрі – ПДТ) арналған;
- зияттық бұзылымдары (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі) бар балаларға арналған.

Арнайы мектептердегі/сыныптардағы бастапқы деңгейде оқу-тәрбиелеу процесі келесідей нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Тиісті түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережесін бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 «Арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің Үлгілік ережесін бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Ерекше білім беру қажеттігі бар оқушыларға арналған Үлгілік оқу бағдарламалары (ҚР БҒМ 05.02.2020 ж. № 51 бұйрығы).

Арнайы мектептерде/сыныптарда негізгі орта деңгейде оқыту ұзақтығы оқушылардың танымдық ерекшеліктерін, оқытудың баяулатылған қарқынын, жалпы білім беру пәндеріне оқу бағдарламаларының мазмұнын толыққанды игеруге ықпал ететін пропедевтикалық және толықтыру-дамыту бөлімдерін енгізу қажеттігін ескере отырып, 10 сынып есебінен 1 сағатқа ұзартылған. Оқу жылының 5-10 сыныптардағы ұзақтығы 34 оқу аптасы. Оқу күнінің тәртібі оқушылардың жоғары шаршағыштығы ескеріліп белгіленеді: бірінші ауысымда оқыту және үзілістерде демалуға уақыттың жеткілікті болуы. Есту, көру қабілетінің, тірек-қозғалыс аппаратының, ауыр тілдік бұзылымдары бар, психикалық дамуының тежелісі бар оқушыларға арналған Үлгілік оқу жоспарларының инварианттық бөлігінің жалпы білім беру пәндерінің тізбесі және олардың негізгі мазмұны Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі - МЖБС) талаптарына сәйкес келеді (ҚО БҒМ 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығы). Оқыту оқушылардың психикалық-дене ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктері ескеріліп, бастауыш орта білімнің оқу бағдарламасының негізінде әзірленген арнайы оқу бағдарламасы (бағдарламалар Академияның –[www.nao.kz](http://www.nao.kz) сайтында орналасқан) ретінде де жалпы білім берудің оқу бағдарламасы ретінде де пайдаланумен іске асырылады. Екінші (қазақ немесе орыс) және үшінші (ағылшын) тілдерін оқыту оқушылардың тілдік даму деңгейі ескеріліп іске асырылады, оқыту әдістерін бейімдеу және жетістіктерді бағалау қарастырылған. Оқу процесінде арнайы ОӘК, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерге арналған ОӘК пайдаланылады. Көрмейтін балаларды оқыту жалпыға білім беретін мектептерге арналған Брайль қарпімен, ал нашар көретіндер үшін ірілендірілген қаріппен басылған оқулықтар бойынша жүзеге асырылады.

Зияттық бұзылымдары бар оқушыларға арналған Үлгілік оқу бағдарламалар бөлімдерінің және оқу пәндерінің тізбесі, сондай-ақ оқу бағдарламалары мен оқулықтарының мазмұны МЖБС талаптарына бағдарланбаған. Оқу процесі жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес арнайы оқулықтар мен оқыту әдістемесін пайдаланумен арнайы оқу бағдарламалары бойынша іске асырылады. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар саны жеткілікті болғанда осы оқушылар үшін арнайы сыныптары бар екінші бөлім ашылады. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған Үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде жасалған Үлгілік оқу бағдарламаларына және жеке оқу бағдарламаларына сәйкес және сынып педагогы мен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандарының оқушыны кешенді психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде іске асырылады. Жеке оқу бағдарламасы жарты жылға жасалады, оқытудың жеке бағдарламасы жүзеге асырылғаннан кейін әрбір оқушыны жетістігін талдау жүргізіледі және келесі жарты жылға жеке оқу бағдарламасы жасалады. Педагог әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін және білім беру және жеке жетістіктерге мониторинг жүргізу нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, әдісін, нысанын, дидактикалық құралдарын дербес таңдайды. Екінші бөлімнің сыныптарында оқыту мазмұны мыналарды қалыптастыруға бағытталған: өзі туралы түсінік; өзіне қызмет көрсету және өмір сүруді қамтамасыз ету дағдылары; қоршаған орта туралы және ортада бағдарлану туралы қол жетімді ұсынымдар; коммуникативтік біліктер; пәндік-практикалық және қол жетімді еңбек қызметі; практикалық бағытталған және тәрбиеленушілердің психикалық-дене мүмкіндіктеріне сәйкес келетін жалпы білім беру пәндері бойынша қолжетімді білімдер.

Үлгілік оқу бағдарлама негізінде ұйым онда оқытылатын оқушылар құрамының ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, әрбір сынып үшін Жұмыс оқу жоспарын жасайды. Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес Үлгілік оқу бағдарлама оқу пәндері арасында (Үлгілік оқу бағдарламасының жалпы сағаттар саны шеңберінен шықпай) педагогикалық кеңестің шешімі бойынша сағаттарды қайта бөлуге рұқсат етіледі. Білім беру ұйымы оқушылардың ата-аналарымен немесе оларды ауыстыратын тұлғалармен бірлесіп, оқытылатын пәндер тізбесін анықтайды, үйде жеке оқытудың Үлгілік оқу жоспарының бөлінген сағаттарының шегінде сыныптар бойынша пәндер сағаттарын олардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бөледі.

Арнайы мектепте/сыныпта оқу-тәрбиелеу процесі мектеп штатының психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандары (психолог, логопед, арнайы педагогтар: тифлопедагог, сурдопедагог, олигофренопедагог, сондай-ақ ЕДК нұсқаушысы, элеуметтік педагог) жүргізген әрбір оқушының қажеттілігін психологиялық-педагогикалық бағалау мәліметтеріне негізделген, сарамалы және жеке тәсілдер қолданылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету педагогтары мен мамандарының жұмысы мектеп директоры бекітетін жергілікті нормативті актілермен реттеледі. Арнайы мектеп/сынып оқушылары

психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандары жүргізетін фронталды, топ бөлімдеріндегі және жеке сабақтарда оқушылар Үлгілік оқу жоспарының тиісті бөлімінде қарастырылған сағаттар шеңберінде (түзету құрама бөліктері) арнайы психологиялық-педагогикалық көмегін алады. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандарының барлық арнайы мектептер мен арнайы сыныптар түрлерінде сабақ өткізулері міндетті болып табылады. Сабақтардың негізгі міндеттері:

1) есту қабілетінің бұзылымдары (естімейтін, нашар еститін) бар балалар үшін:

- жоғары психикалық функцияларды қалыптастыру, жалпы білім беру пәні бойынша білімді меңгеру базасы сияқты тұрмыстық ұғымды игеру үшін тілді меңгеру;

- электр акустикалық аппаратурасын пайдаланып, естіп қабылдауды қарқынды дамыту жағдайында қозғалыс пен тілді дамыту;

- оқушының коммуникативтік қызметін қамтамасыз ету, сөйлесу-күнделікті сөздік қорын дамыту.

- ауызша тілді қалыптастыру және сөйлеу естілімін дамыту;

- есту арқылы қабылдауды, айтуды, еріннен оқуды оқушылардың ауызша тілін қалыптастырудың және жетілдірудің есту-көру негізі ретінде дамыту.

Республика мектептерінде естімейтіндерді оқыту процесі есту-көру негізінде іске асырылады, ымдау тілі оқыту процесінде бағдарламалық материалды аса терең түсіну үшін көмекші құрал ретінде пайдаланылады;

2) көру қабілетінің бұзылымдары (көрмейтін, нашар көретін) бар оқушылар үшін:

- көздің қалдық көруін және көру арқылы қабылдауды дамыту;

- әлеуметтік-тұрмыстық бағдар (ӘТБ);

- кеңістікте бағдарлау;

- бет қимылы мен пантомимиканы дамыту;

- тіл дамуының және қозғалыс кемшіліктерін еңсеру;

3) тірек-қозғалыс аппаратының бұзылымдары бар оқушылар үшін:

- қозғалу саласын қалыптастыру және жетілдіру;

- танымдық қызметті дамыту;

- тіл дамуының кемшіліктерін еңсеру;

4) ауыр тілдік бұзылымдары бар оқушылар үшін:

- тіл дамуындағы ауытқуларды меңгеру;

- моторлық, тілдік моторлық, тілдік ойлау қызметін дамыту;

5) психикалық дамуының тежелісі бар оқушылар үшін:

- білімін және қоршаған болмыс туралы түсінігін байыту, дамудың алдыңғы сатысындағы олқылықтың орнын толтыру;

- жалпы қозғалыс пен қозғалысты үйлестіруді дамытудағы ауытқуларды еңсеру;

- тіл дамуындағы кемшіліктерді еңсеру;

- танымдық қызметін және эмоционалды-жеке саланы дамыту;

- оқу қызметін қалыптастыру;

- оқу бағдарламаларын игерудегі олқылықтарды толтыру.

б) зияттық бұзылымдары (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі) бар оқушылар үшін:

- қозғалу саласын (жалпы және ұсақ қозғалыс) жетілдіру;
- эмоционалдық саланы, коммуникативтік дағдыларды, әлеуметтік қонымды мінез-құлық нормаларын дамыту;
- танымдық қызметті дамыту;
- оқу қызметін дамыту.

Түзеу циклының сабақтары топта, қосымша топтарда күннің бірінші және екінші жартысында жеке өткізіледі.

Түзеудің құрама бөліктерінің пәндерін оқу жоспарының инварианттық құрама бөліктерінің пәндерімен ауыстыруға, сондай-ақ бұл сағаттар санын қысқартуға рұқсат етілмейді. Оқытудың толықтыру-дамыту бағыттанылуы жалпы білім беру циклының, түзеу пәндерінің шеңберінде, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесінде жүзеге асырылады.

Еңбекке оқыту, жұмысшы кадрларының қажеттілігіне бағдарланған өңірлік, жергілікті жағдайларға қарай және тәрбиеленушілердің психикалық-дене дамуының жеке ерекшеліктері, денсаулығы, мүмкіндіктері мен олардың және ата-аналарының немесе заңды тұлғаларының мүдделері ескеріле отырып, еңбек саласын таңдау негізінде ұйымдастырылады. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды еңбекке оқыту Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша немесе оқушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріліп, мұғалімдер дайындаған және мектептің педагогикалық кеңесі бекіткен бағдарламалар бойынша жүргізіледі. Кәсіби-еңбекке оқыту сабақтары бойынша сыныптар 5-ші сыныптан бастап, ал ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған сыныптар 4-ші сыныптан бастап екі топқа бөлінеді. Еңбек түрлері бойынша топтарды жинақтау оқушылардың психикалық-дене күйі және мүмкіндіктері ескеріліп, дәрігердің ұсынысы бойынша іске асырылады. Оқушыларды қатар және аралас сыныптардан қосымша топтарға біріктіру мүмкін болады. Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған мектепте оқыту еңбекке оқыту бойынша емтихан тапсырумен аяқталады. Оқушылар белгіленген тәртіппен бітіру емтиханынан босатылуы мүмкін. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау бойынша сабақтарды өткізу кезінде сынып екі топқа бөлінеді.

Еңбекке оқыту саласы бойынша факультативтік сағаттар мен элективтік курстардың сағаттары, жалпы білім беру циклының пәндерін үйренуге, жаңа пәндерді, қосымша білім беру модульдерін, арнайы курстарды енгізуге және оқушыларды әлеуметтендіруге, даму кемшіліктерін еңсеруге, мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ықпал ететін практикумдар, сабақтары үшін пайдаланылады.

Негізгі мектептің курсы ішінде жалпы білім беру бағдарламаларын табысты игерген оқушылар үшін жалпы орта білім және мамандық алу мақсатында әрі қарай кәсіби колледждерде, кешкі мектепте оқу мүмкін болады.

Есту, көру қабілетінің, тірек-қозғалыс аппаратының, ауыр тілдік бұзылымдары бар, психикалық дамуының тежелісі бар оқушыларға арналған арнайы мектепті бітірушілер алған білімінің деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі аттестат алады. Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар мектеп

бітірушілер арнайы білім беру ұйымының осы түрі үшін белгіленген үлгідегі аттестат алады (ҚР БҒМ 2015 жылғы 28 қаңтардағы «Мемлекеттік үлгідегі білімі туралы құжаттар түрі мен нысанын және оларды беру Ережесін бекіту туралы» № 39 бұйрығы).

## 5.4 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІ

### 10-11-СЫНЫПТАРДА БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Жалпы орта білім берудің мақсаты** – білім алушылардың жоғары оқу орнында білім беруді жалғастыруға академиялық дайындығын қамтамасыз ету және кең ауқымдағы дағдыларды дамыту негізінде кәсіптік өзін-өзі анықтау үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру:

- *білімді функционалдық және шығармашылық қолдану;*
- *сын тұрғысынан ойлау;*
- *зерттеу жұмыстарын жүргізу;*
- *ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;*
- *коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану;*
- *топта және жеке жұмыс істей білу;*
- *мәселелерді шешу және шешім қабылдау*

### **Жалпы орта білім берудің негізгі міндеттері:**

1. Міндетті оқу пәндері мен таңдау бойынша бейінді оқу пәндерін ұштастыру негізінде жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды жүзеге асыру.

2. Жоғары оқу орындарына түсу үшін білім алушылардың академиялық дайындығын қамтамасыз ету.

3. Бітірушілердің қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес олардың кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал ету.



*Қалалық білім беру ұйымдарында сыныптарды 24 және одан да көп білім алушы, ауылдық жерлерде 20 және одан да көп білім алушы толтырады:*

- 1) қазақ тілі мен әдебиеті – қазақ тілінде оқытылмайтын сыныптарда;*
- 2) орыс тілі мен әдебиеті – орыс тілінде оқытылмайтын сыныптарда;*
- 3) шетел тілі;*
- 4) информатика;*
- 5) дене шынықтыру.*

*(ҚР МЖМБС 51-тармағы 05.05.2020 № 182 өзгеріс пен толықтырулары бар).*



*Сыныптарды топтарға бөлуге қалалық, ауылдық білім беру ұйымдарында, шағын жинақты мектептерде инвариантты компонент пәндері бойынша сабақтар өткізу кезінде 51-тармақта көрсетілген пәндерден басқа білім алушылар санына қарамастан жол беріледі..*

*(ҚР МЖБС 51.1-тармағы 05.05.2020 № 182 өзгеріс пен толықтырулары бар).*



***Карантиндік және шектеу іс-шаралары жағдайында сынып-жиынтықтар 15 адамға дейін қалыптасуы мүмкін.***

**Білім алушылардың ең жоғарғы оқу жүктемесіне қойылатын талаптар**

1. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 39 сағаттан аспайды.
2. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компоненттерін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарымен белгіленеді.



*Арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының оқу жоспарларында бұзылыс түрін ескере отырып, міндетті түзету компоненті қарастырылған.*



*Арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының оқу жоспарларындағы инвариантты, түзету және вариативті компоненттер білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып белгіленеді.*

***2. 2020-2021 оқу жылында білім алушылардың қалыптастырушы бағалау нәтижесі балл түрінде электронды/қағаз журналға қойылады.***

**«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» БІЛІМ САЛАСЫ**

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы аясында келесі пәндер оқытылады: «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі».

**Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде)**

2020-2021 оқу жылында «Қазақ тілі» пәні бойынша 11-сынып жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасымен оқитын болады.

Тіл де, әдебиет те – ғасырлар бойы жасалған, ұлттың дүниетанымы мен ғылыми-философиялық ойлау жүйесін танытатын құндылықтар.

Дәл бүгінгі таңда жаһандану дәуірінің ұлттық құндылықтарға төндіріп тұрған қаупі үнемі қаперде болуы ескеріліп, бүкіл ұлттық құндылықтардың ұйтқысы қазақ тілін пән ретінде оқытудың басшылыққа алынған тенденциялары, оларды жүзеге асыру жолдары мен қағидалары мыналар:

- 1) Қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау.
- 2) Тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау. Тілдік білім мен біліктерді ХХІ ғасыр

адамының бойында сөйлеу мәдениетін, ойлау мәдениетін және кісілік мәдениетті қатар дамытуға, құзіреттіліктер қалыптастыруға бұру.

3) Тілді оқытуда жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға басымдық беру.

4) Қазақ тілін оқытуда білім мен ғылымның интеграциясын жүзеге асыру. Тілді ғаламның бір бөлшегі ретінде таныту. Қазақ тілі – мектепте оқытылатын барлық пәндердің, ғылымның кілті.

Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – танымның, ой мен сезімді білдірудің де құралы және ұлттық ділді сақтаудың кепілі, ұлттық сананы қалыптастырудың тетігі.

### ***Білім мазмұнын ұйымдастырудағы ерекшеліктер:***

10-11-сыныпта оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына және «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген Ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады:

- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;

- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ([https://www.nao.kz/Білім беруді оқу-әдістемелік камтамасыз ету/ Оқу бағдарламалары/](https://www.nao.kz/Білім_беруді_оқу-әдістемелік_камтамасыз_ету/Оқу_бағдарламалары/) сайтынан алуға болады. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары. Қазақ тілі).

Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша оқылатын шығармалар, тілдік дағдылар бойынша күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілді.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

- *жаратылыстану-математикалық бағытта:*

1) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

2) 11-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

- қоғамдық-гуманитарлық бағытта:

1) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

«Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым/айтылым, оқылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;

2) білім алушылардың қазақ тілін күнделікті өмірде өзі еркімен қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) қазақ тілі жүйесін құраушы кіші жүйелерді, тіл бірліктерін және олардың табиғатын танып біледі;

4) тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады;

5) «Қазақ тілі» пәні бағдарламасы білім алушының тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

«Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның қолданыстағы бағдарламадан ерекшелігі қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген:

5) тыңдалым және айтылым;

6) оқылым;

7) жазылым;

8) әдеби тіл нормаларын сақтау.

«Тыңдалым және айтылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

«Оқылым» бойынша: әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;

«Жазылым» бойынша: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б. мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия және мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графикалық мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік пікір жаза білу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектiлеу), әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

«Әдеби тіл нормалары» бойынша: орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша).

*Оқу мақсаттарымен жұмыс жүргізу жолдары, мәтінді оқыту кезеңдері, күнделікті сабақ жоспарын құруда назар аударатын мәселелер әдістемелік нұсқау хаттың «5-9-сыныптарда жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері» тарауында*

берілген.

Бағдарламада әртүрлі оқыту сатыларында өмірлік маңызды міндеттерді шешу үшін қажетті дағды мен қабілеттерді бірізді және кезеңдік дамыту жүреді.

Ақпаратты талдау, жалпылау, жіктеу, сондай-ақ әртүрлі жанрда және стильдерде мәтіндер жазу, жеке, іскерлік хат жазысуды жүргізу, түйіндеме, мақала, аннотация, тезис құрастыру, берілген тақырып бойынша эссе жазу дағдылары мен қабілеттерін жетілдіру тілді оқуды ынталандыруға септігін тигізеді.

Сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың деңгейі мен қажеттілігіне сай әдеби тіл нормаларын қалыптастыруға назар аударған дұрыс. Тілдік бірліктер мен құрылымдарды, яғни грамматиканы оқыту коммуникативтік контекст негізінде жүзеге асырылуы керек. Яғни мұғалім тіл туралы білім қалыптастырудан гөрі тілдік қолданыс, грамматиканың функционалдығына назар аударуы тиіс.

### **«Қазақ тілі» пәні (жаратылыстану-математикалық бағыт) бойынша жиынтық бағалау саны**

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 қарашадағы №509 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 14-4-тармағына сәйкес **«Қазақ тілі» пәні (жаратылыстану-математикалық бағыт)** аптасына 1 сағат болғандықтан БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып, тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

### **«Қазақ тілі» пәні (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) бойынша жиынтық бағалау саны**

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімінің нақты санын және әр тоқсан сайын 1 рет тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

**66-кесте. Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдері және тоқсандық жиынтық бағалаудың (ТЖБ) балл сандары туралы ақпарат, 2020-2021 оқу жылы**

	Пәні	Сыныбы	Барлық БЖБ				ТЖБ балдары			
			1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан четверть	4-тоқсан
<b>10-сынып</b> <b>Қоғамдық-гуманитарлық бағыт</b>										
1	Қазақ тілі	10	2	2	2	2	30	30	30	30
<b>Жаратылыстану-математикалық бағыт</b> <b>10-сынып</b>										
2	Қазақ тілі	10	-	2	2	2	-	-	-	-
<b>11-сынып</b> <b>Қоғамдық-гуманитарлық бағыт</b>										
3	Қазақ тілі	11	2	2	2	2	30	30	30	30
<b>11-сынып</b> <b>Жаратылыстану-математикалық бағыт</b>										
4	Қазақ тілі	11	-	2	2	2	-	-	-	-

Ескертпе: Тілдік пәндерде бөлім бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым)

*«Қазақ тілі» пәні бойынша карантиндік және шектеу іс-шаралары болған жағдайда барлық мектептерде (штаттық режимде, дистанциялық форматта, кезекші сыныптарда) 1 БЖБ, 1 ТЖБ өткізіледі)*

#### **«Қазақ әдебиеті» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)**

2020-2021 оқу жылында 11-сынып «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларымен оқитын болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған ([https://www.nao.kz/Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету/ Оқу бағдарламалары/](https://www.nao.kz/Білім_беруді_оқу-әдістемелік_қамтамасыз_ету/Оқу_бағдарламалары/)) Жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары. Қазақ әдебиеті).

#### ***Білім мазмұнын ұйымдастырудағы ерекшеліктер:***

10-11-сыныпта оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылады:

- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;

- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.



### **Назар аударыңыз!**

Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) 1-тармағында Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспарының 2-тармақшасындағы:

***«Зобалаң заман шындығы» бөлімінің атауы «Заман шындығы» және сол бөлімде оқытылатын Лира Қоныстың «Тиын» әңгімесі Ерболат Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесімен ауыстырылды.***

Аталған бұйрықтың 1-тармағында Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспардың 1) тармақшасындағы:

***«Аңызбен өрілген көркем сөз» бөліміндегі Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романының орнына Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі енгізілді.***

Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша оқылатын шығармалар, тілдік дағдылар бойынша күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілді.

Қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) «Қазақ әдебиеті» бағдарламасы білім алушылардың сауаттылығын, олардың әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында құрастырылған;



2) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

3) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

4) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

5) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

- *жаратылыстану-математикалық бағытта:*

1) 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

2) 11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

- *қоғамдық-гуманитарлық бағытта:*

1) 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

2) 11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ. Сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімшелері пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну, әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы мәселелермен байланыстыру, шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы, шығармадағы автор стилі мен көркемдегіш құралдардың қызметін ашу, көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу, әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру, шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында Блумның толық меңгерту теориясы басшылыққа алынып, көркем шығарманы толық оқыту қағидаты сақталғандықтан көркем шығарма аз берілген. ХХІ ғасырдың жана адамының талғамын қанағаттандырып, толғандырар сұрақтарына жауап бере алатын толыққанды әдеби шығармалар енгізілген. Бұл ерекшеліктер оқушылардың шығармадағы автордың идеясын толық түсінуге, оны жан-жақты



талдай алу қабілетін дамытуға және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тоқсан ішінде көркем шығармаларды оқытуға бөлінетін сағат сандарын шығарманың көлеміне, оқу мақсаттарының жеңіл, күрделілігіне қарай мұғалім өзі анықтайды.



### **Назар аударыңыз!**

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында:

11-сыныптың «Әдебиеттегі сын-сарын» бөліміндегі М. Райымбекұлы «Көшбасшы» поэмасының орнына Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі енгізілді.

**«Қазақ әдебиеті» пәні (жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар) бойынша жиынтық бағалау саны**

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімінің нақты санын және әр тоқсан сайын 1 рет тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

67-кесте. Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	2	2	2	2
11-сынып	2	2	2	2

*«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша карантиндік және шектеу іс-шаралары болған жағдайда барлық мектептерде (штаттық режимде, дистанциялық форматта, кезекші сыныптарда) 1 БЖБ, 1 ТЖБ өткізіледі).*

Қазақ әдебиеті пәнін оқу арқылы оқушылар:

1) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

2) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

3) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

4) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

Әдістемелік бірлестік отырыстарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру үшін *(әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі,*

шығармашылық топ және т.б.) пәнді оқыту әдістемесі мен теориясының келесі мәселелерін қарау ұсынылады:

1. Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде сабақты жоспарлау мен критериалды бағалау;
2. Тиімді сабақ. Жоспарлау. Бақылау.
3. Рефлексия – мұғалімнің кәсіби дамуының негізі;
4. Оқу мақсаттарынан сабақ мақсаттарына шығу жолдары;
5. Қалыптастырушы бағалау – бағалаудың тиімді тәсілі;
6. Тыңдалым дағдысын қалыптастыруда кездесетін қиындықтар және оны шешу жолдары;
7. Тыңдалым дағдысын қалыптастыратын белсенді әдістер;
8. ҚМЖ құрудың тиімділігі мен артықшылығы;
9. Lesson Study жүргізу жолдары және күтілетін нәтижелер;
10. Тыңдалым материалдарын пайдаланудың тиімді жолдары;
11. Грамматикалық тақырыптарды лексикалық тақырыптармен сабақтастырудағы шеберлік;
12. Сабақта саралап оқытуды жүзеге асыру;
13. «Эссе жазу стратегиясы туралы»;
14. Білім беруде қолданылатын сандық технологиялардың тиімділігі.

Негізгі білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары бойынша құрылған жаңа білім мазмұны мұғалімді де, оқушыны да оқу әрекетіне белсенді қатысуға, өз пікірін айтуға, өзінің сөйлеген сөзіне дәлел келтіруге, кейіпкерлер арқылы өмірлік ситуацияларды шешу жолдарын ізденуге, ең бастысы жаңаша ойлайтын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2020-2021 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз:

2019 жылғы 9 шілде – қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, жазушы, публицист, драматург Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 130 жыл (1889 - 1931);

15 қазан – қазақ балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 95 жыл (1924-1991);

15 қазан – қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ақын, жазушы, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл (1894-1939);

22 қазан – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан тұлға Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 95 жыл (1924);

15 қараша – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына – 125 жыл (1894-1938)

25 желтоқсан – халық жазушысы, қазақ ақыны, журналист, Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты Фариза Оңғарсынованың дүниеге келгеніне 80 жыл (1939 - 2014);

2020 жылғы 10 тамыз – қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл (1845 - 1904).

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- базалық кәсіпорындарда, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;
- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;
- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;
- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу және т.б.

Сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар теориялық білімін кеңейтіп толықтырады және білім алушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

***«Қазақ әдебиеті» пәнінен оқушылардың оқырмандық қабілетін, сөйлеу тілін дамыту мақсатында оқу бағдарламасына қосымша жазғы демалыс кезінде оқитын көркем шығармалардың тізімі ұсынылды.***

Көркем шығармалардың тізімі оқушылардың жас ерекшелігі мен келесі сыныпта оқылатын және оқулықта үзіндісі ғана берілетін шығармалар ескеріліп жасалды. Жаңа оқу жылының басында жазда оқыған шығармалары бойынша «Оқушы күнделігі», «Мен оқыған кітап» және т.б. тақырыптарда көрме өткізуге болады. Көрмеге әр оқушы өзі оқыған туынды бойынша шығармашылық жұмысын ұсынады. Жұмыс фотоколлаж, эссе, жарнама, сурет т.с.с. түрде жасалуы мүмкін. Оқушылардың жұмысын арнайы сарапшылар талдап, қорытындысын шығарады.

«Оқырман күнделігі» тақырыбындағы іс-шарада оқушы оқыған шығарманың мазмұнын:

- сұрақ қою;
- тірек сөздерді жазу;
- оқиғаның түйінін жазу;
- оқиғаны суретке түсіру түрінде дәптерге түсіреді.

### **«Русский язык и литература» оқу пәні (оқыту орыс тілінде емес)**

Целью обучения учебному предмету «Русский язык и литература» является совершенствование навыков речевой деятельности, основанных на владении системой разноуровневых языковых средств, соблюдении правил и норм русского литературного языка, правил речевого этикета, что способствует развитию функциональной грамотности обучающихся.

Программа по предмету «Русский язык и литература» способствует становлению мировоззрения обучающегося, дает возможность пользоваться информацией различных сфер: социально-культурной, социально-

экономической, социально-юридической, научно-технической, учебно-профессиональной; помогает ориентироваться в общемировом образовательном пространстве.

Учебная программа направлена на развитие всех видов речевой деятельности. Задачами учебного предмета «Русский язык и литература» являются:

1) развитие навыков слушания, говорения, чтения, письма, необходимых для общения в социально-культурной, социально-экономической, научно-технической, учебно-профессиональной сферах жизни;

2) совершенствование знаний о единицах языковой системы, правилах их сочетания, функционирования, навыках и умениях конструирования синтаксических структур в соответствии с нормами и правилами русского языка, а также знание теоретико-литературных понятий;

3) развитие умения анализировать художественный текст, определять род и жанр литературного произведения, характеризовать роль изобразительно-выразительных средств, формулировать идею и проблематику произведения;

4) развитие умения выразить собственное отношение к прочитанному, выявлять авторскую позицию;

5) совершенствование навыков создания связного текста (устного и письменного) на соответствующую тему с учетом норм русского литературного языка;

6) совершенствование умений и навыков, связанных с поиском, переработкой и фиксацией информации;

7) совершенствование навыков критического мышления, направленных на формирование у обучающихся навыков на основе чтения и письма, исследовательских умений, навыков анализа, синтеза, оценки, интерпретации информации, полученной на других предметах;

8) использование различных видов чтения в соответствии с коммуникативными задачами;

9) обогащение словарного запаса обучающихся узкоспециальной лексикой и фразеологией русского языка;

10) совершенствование навыков использования информационно-коммуникационных и компьютерных технологий;

11) формирование толерантного отношения к языкам и культурам различных этносов, проживающих в Казахстане и за рубежом.

Грамматический материал изучается в контексте лексических тем на основе текстов художественных произведений.

Содержание учебной программы организовано по разделам обучения, включающим виды речевой деятельности и использование языковых единиц.

Разделы разбиты на подразделы, которые содержат в себе цели обучения по классам в виде ожидаемых результатов по классам.

Цели обучения, организованные последовательно внутри каждого подраздела, позволяют планировать работу и оценивать достижения обучающихся, а также информировать их о следующих этапах обучения.

В структуру учебной программы включен долгосрочный план, в котором отражены темы изучаемых разделов, цели обучения, изучаемые произведения художественной литературы на учебный год.

Цели обучения в учебной программе направлены на изучение темы урока, содержание и выработку навыков, которые обучающиеся должны освоить на конкретном уроке.

Цели обучения содержатся в учебной программе, учебных планах.

Учебная программа по предмету содержит цели обучения.

Краткосрочный план – это предложенные действия на основе целей обучения. При составлении краткосрочного плана учитель может руководствоваться следующими рекомендациями:

- при организации урока необходимо руководствоваться целями, указанными в учебной программе и в учебном плане;
- следует детализировать формулирование целей урока, то есть ставить конкретные, измеримые, достижимые цели;
- на уроке должны быть организованы все виды деятельности;
- при необходимости следует дополнить виды деятельности по усмотрению самого учителя.

В план урока следует включить следующие пункты:

- пишите четко сформулированные и подходящие цели урока;
- включите детали различных компонентов плана урока;
- предоставьте подробную информацию о стадиях учебной деятельности и достижения задач обучения, которые логически упорядочены и алгоритмированы для выполнения обучающимися;
- определите соответствующие стратегии для разработки целевых знаний и навыков, предусмотрите проблемы и предложите решения, касающиеся необходимых навыков;
- спланируйте использование соответствующих материалов и ресурсов.

Наиболее эффективными в повышении успешности обучающихся являются следующие стратегии:

- активное обучение (когда обучающиеся выполняют задания и реализуют практические навыки);
- обратная связь (дискуссия об обучении, включающая в себя предоставление личного мнения, которая может происходить либо между сверстниками, либо между учителем и обучающимся);
- укрепление уверенности (использование похвалы для мотивации и придания уверенности обучающемуся);
- качество обучения (планирование дифференцированных заданий).

При изучении учебного предмета «Русский язык и литература» рекомендуется:

- создавать позитивную атмосферу обучения, вовлекать всех обучающихся;
- воспитывать у обучающихся уверенность, ответственность, активность и направлять на самоанализ, рефлексию и инновационную деятельность;

- использовать эффективные методы преподавания, направленные на развитие навыков обучающихся;

- организовывать, управлять и планировать групповую (фронтальную или работу в малых группах), индивидуальную, парную или коллективную формы работы, эффективно использовать материалы, ресурсы и дополнительные материалы для проведения запланированных уроков, согласно установленным целям;

- использовать простой, понятный язык для объяснения обучающимся идей, для инструктирования, в разъяснении значений слов;

- наблюдать за обучающимися и предоставлять обратную связь.

В обучении русскому языку как второму рекомендуется исследовать методы активного чтения и письма, что в дальнейшем сформирует эффективные навыки говорения и аудирования.

Некоторые моменты, которые следует учитывать при использовании различных заданий:

- рекомендуется планировать множество различных заданий в рамках одного урока. На одном уроке необходимо включить четыре, пять или более различных заданий. Предусмотреть работу в коротких промежутках времени, например, 10 минут. Время, за которое обучающиеся могут сосредоточить свое внимание, часто довольно короткое;

- обращать внимание, что каждое задание следует за предыдущим, и постоянно напоминать обучающимся о главных учебных целях. Повторяйте задание по-разному. Например, сделать задание в устной форме, а затем попросить класс сделать ту же самую задачу в письменной форме. Это помогает обучающимся понять задачу, приводит к плавному переходу, укрепляет предыдущее обучение и позволяет обучающимся практиковать более одного навыка;

- включать индивидуальные, парные, групповые задания в деятельность всего класса.

Объем учебной нагрузки по учебному предмету «Русский язык и литература» составляет:

1) в 10 классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году;

2) в 11 классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году.

При оценке языковых компетенций необходимо учитывать следующее:

1. Языковые ошибки обучающихся следует отмечать и обращать их внимание на совершенные ошибки доступным для них способом, однако ошибки не могут повлиять на оценку, если ученик может доступно продемонстрировать свои знания. Главная задача ученика передать свое сообщение, грамматика при этом может страдать. Постепенно самовыражение становится более точным и корректным.

2. Ученики, отвечая на вопросы, могут использовать и первый язык. Поскольку вначале ограниченный словарный запас и знание целевого языка могут стать препятствием при высказываниях и ответах, то на первой стадии обучения это (по крайней мере, частично) разрешается. При этом следует

договориться, в какой момент все ученики перейдут на ответы на неродном (целевом) языке и, начиная с того момента, применение первого языка становится скорее исключением. Как правило, в устной речи учитель исправляет возникшую ошибку с помощью перефразирования, повторения правильной формы от ученика не требуется, потому что это может прервать выражаемую мысль, а также ученик может потерять уверенность в выражении мыслей на неродном языке.

3. Если одна и та же ошибка повторяется вновь, в конце объяснения соответствующей темы учитель приводит примеры правильных форм и при необходимости делает ударение на грамматике. Помимо этого, либо педагог, либо класс в целом, в виде совместной деятельности, могут привести некоторые соответствующие теме примеры выражений, имеющие то же самое лингвистическое содержание.

4. При проверке письменных работ языковые ошибки также не учитываются (если выраженная мысль или текст понятны), но педагог указывает это в своих комментариях.

5. На встрече учителя-предметника с учителем языка передается проблемный языковой материал, чтобы учитель языка мог повторить тему на следующем уроке.

Ниже в таблице 71 дано количество суммативного оценивания за раздел/сквозную тему.

Таблица 71. Количество суммативных оцениваний по предмету «Русский язык и литература»

Класс	Количество суммативных оцениваний за раздел/сквозную тему			
	1 четверть	2 четверть	3 четверть	4 четверть
10 класс	1	1	1	1
11 класс	1	1	1	1

Итоговая аттестация обучающихся является частью системы критериального оценивания, которая также включает формативное и суммативное оценивание.

Целью оценивания является определение степени освоения обучающимися объема учебной программы по предмету «Русская литература» в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом основного среднего образования.

Итоговая аттестация обучающихся 11-х классов охватывает содержание Типовой учебной программы по предмету «Русская литература» (с русским языком обучения) для 5-9 классов уровня основного среднего образования по обновленному содержанию. Уровень знаний и умений, а также навыки обучающихся определяются ожидаемыми результатами ГОСО.

Экзамены проводятся согласно Типовым правилам проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся в

организациях образования, реализующих общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего, общего среднего образования, утвержденных приказом Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся для организаций среднего, технического и профессионального, послесреднего образования» от 18 марта 2008 года № 125.

Таблица 72. Требования к уровням языковых компетенций. Русский язык (Я2)

<b>10 класс</b>	
<b>Слушание</b>	<p>понимает текст продолжительностью до 8-9 минут;</p> <p>понимает значение слов и терминов по различным темам;</p> <p>прогнозирует вероятное завершение текста;</p> <p>выявляет логические связи в сообщении, выделяет наиболее значимую информацию;</p> <p>понимает содержание предложенного текста, находит в нем грамматические ошибки (видо-временная связь, согласование и др., нарушения в употреблении паронимов и др.);</p> <p>отвечает на проблемные вопросы;</p> <p>понимает тексты различных стилей и типов с изложением</p>
<b>Говорение</b>	<p>владеет объемом словарного запаса, достаточным для эффективного общения по широкому кругу тем;</p> <p>пересказывает текст, выражая собственное понимание проблематики и позиции автора;</p> <p>создает высказывание на основе личных впечатлений и наблюдений;</p> <p>участвует в диалоге по различным темам;</p> <p>самостоятельно рассуждает на заданную тему, с использованием веб-сайтов и сообществ;</p> <p>определяет основную идею текста, выражая собственное мнение;</p> <p>оценивает высказывание на основе личных впечатлений, наблюдений и диалог по актуальной теме</p>
<b>Чтение</b>	<p>понимает сложные тексты разных жанров на абстрактные и конкретные темы;</p> <p>определяет принадлежность текста к различным стилям в соответствии с темой, целью, коммуникативной ситуацией;</p> <p>формулирует проблемные вопросы по тексту;</p> <p>формирует независимое мнение, используя различает факты и мнения;</p> <p>умеет пользоваться типом ознакомительного чтения (сканирование текста), создавая план с цитатами из текста;</p> <p>извлекает необходимую дополнительную информацию;</p> <p>владеет основными приемами переработки печатного текста, используя разные источники информации;</p> <p>создает библиографию;</p> <p>выявляет проблематику текстов/произведений;</p> <p>сравнивает тексты/ произведения по проблематике</p>
<b>Письмо</b>	<p>умеет создавать тексты в соответствии с темой, целью и ситуацией общения;</p> <p>использует метафоры в письме;</p> <p>анализирует и оценивает тексты разных типов и композиций;</p> <p>составляет отзывы на основе проведенного;</p>



	<p>правильно применяет средства связи (предлоги, частицы в синонимичных и омонимичных конструкциях, союзы для создания сложных предложений);</p> <p>правильно применяет знаки препинания в сложных предложениях;</p> <p>пишет творческие работы;</p> <p>улучшает и редактирует собственный текст</p>
<b>11 класс</b>	
<b>Слушание</b>	<p>понимает текст продолжительностью 15-20 минут;</p> <p>понимает значение слов и терминов по широкому кругу тем и проблемных вопросов;</p> <p>прогнозирует самый вероятный конец различных текстов;</p> <p>понимает содержание различных текстов, определяя грамматические ошибки (видо-временная связь, согласование и др.) в использовании паронимов и др.;</p> <p>отвечает на проблемные вопросы и обоснованно аргументирует свои ответы;</p> <p>понимает тексты разных стилей и типов речи в соответствии с темой, целями, ситуацией общения</p>
<b>Говорение</b>	<p>владеет объемом словарного запаса, приближенным к речи носителя языка;</p> <p>пересказывает текст, выражая и развивая собственное понимание проблематики и позиции автора;</p> <p>анализирует проблематику текста и обоснованно аргументирует свое мнение с использованием идей, интерпретаций и предположений, основанных на логике, доказательстве и рассуждении;</p> <p>создает различные высказывания, свободно аргументирует собственную точку зрения;</p> <p>участвует в диалоге по широкому кругу тем;</p> <p>самостоятельно рассуждает на заданную тему, включающую различные подтемы, с широким использованием аудиовизуальных материалов;</p> <p>оценивает различные высказывания и диалоги по широкому кругу тем</p>
<b>Чтение</b>	<p>понимает тексты разных жанров на абстрактные и конкретные темы любой сложности, в том числе и узкоспециальные тексты;</p> <p>читает и анализирует композиционные особенности текстов различных стилей, типов и жанров;</p> <p>формулирует проблемные вопросы на основе прочитанного текста;</p> <p>знает различные виды чтения в зависимости от коммуникативных целей;</p> <p>составляет развернутый план прочитанного текста;</p> <p>извлекает дополнительную информацию из разных источников;</p> <p>анализирует и сравнивает тексты/художественные произведения с произведениями других видов искусств (живопись, музыка, театр, кино), характеризуя их общие и отличительные признаки</p>
<b>Письмо</b>	<p>создает тексты разных типов и стилей в соответствии с темой, целями, проблематикой конкретной ситуации;</p> <p>использует выразительные средства для более точной передачи мыслей, чувств и эмоций;</p> <p>создает рукописные тексты, соблюдая правила оформления письменных работ и печатных текстов;</p> <p>составляет информацию в различных формах (аудио, видео и др.), используя материалы СМИ и электронные средства для составления</p>

	<p>собственного высказывания;          правильно использует в письме самостоятельные и служебные части речи;          правильно использует пунктуацию в простых и сложных предложениях, в предложениях с прямой речью, с диалогами и цитатами;          пишет развернутые эссе и другие творческие работы на заданную тему;          соблюдает смысловую цельность, связность и последовательность изложения;          аргументирует точку зрения с использованием литературного и другого материала;          использует художественные средства в соответствии с нормами литературного языка.</p>
--	---

## «Шетел тілі» оқу пәні

**10-11-сыныптарда шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты** білім алушыларда шетел тілін мәдениет диалогында қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға, атап айтқанда: мектептегі білім беру, жастар туризм саласында мәдениетаралық қарым-қатынас жасауға даярлауда, шетел тілін адами білімнің қызықтыратын салаларында өз бетімен білім алу құралы ретінде, басқа халықтардың мәдениетіне ену құралы ретінде пайдалануда, оларды Қазақстан Республикасы азаматтарының өмірі мен тұрмыс ерекшеліктерімен, Қазақстанның әлемдік мәдениетке қосқан үлесімен таныстыру.

Қазіргі заманғы коммуникативтік әдістердің көмегімен шетел тілін үйрену білім алушыларға интерактивті дағдыларды дамытуға және басқалармен өзара қарым-қатынас негізінде оқуға мүмкіндік береді, осылайша жақсы коммуникатор болып табылады. Шетел тілін меңгерген және жақсы коммуникативтік дағдылары бар білім алушылар қазақстандық қоғамның дамуына оң үлес қосатын болады.

Шетел тілінде сөйлесе білу қазіргі заманғы бұқаралық жаһандық коммуникация әлемінде шешуші мәнге ие. Білім алушылар шет тілінде оқып, жаза және қарым-қатынас жасай білуі, сондай-ақ өз мұғалімдері мен құрдастарын жоғары деңгейде түсінуі тиіс. Шетел тілі коммуникация, ғылым, бизнес, Демалыс, Саяхат және спорт саласында жиі қолданылады. Шетел тілін жақсы білу білім алушыларға осы салаларға қол жеткізуге мүмкіндік береді және оларға өзінің білім беру, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын жалғастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің «Шетел тілі» пәні бойынша дағды деңгейі тілді меңгерудің жалпыеуропалық деңгейлерімен (CEFR) сәйкес келеді.

Шетел тілін тәрбиелеу, тану және басқа ұлттық мәдениетпен және оның тасымалдаушыларымен өзара іс-қимыл құралы ретінде оқыту білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, болашақта бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін шет тілін меңгеру дағдыларын одан әрі дамытуға бағытталған. Шет тілінде ауызша, жазбаша нәтижелі коммуникацияға қабілеттілік функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі ретінде негізгі құзыреттіліктердің біріне жатады. Бұл орта мектептің жоғары сыныптарында шет тілін оқытудың мақсаттары мен міндеттері.

Орта мектептің соңғы кезеңіндегі өзге тілді білім берудің негізгі айырмашылығы – шетел тілі бейіндік оқытуды жүзеге асыру құралы ретінде әрекет етеді. Белгілі бір бейіндік бағыттылыққа оқыту мазмұнын қайта құрылымдау, яғни жалпы білім беру тақырыбын қысқарту және оқушылардың болашақ мамандығына бағдарланған дәлме-дәл оқу материалын енгізу, бейіндік бағыттағы мәтіндік материал негізінде сөздік қорын байыту арқылы коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіру есебінен қол жеткізіледі.

Жоғары сыныптарда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылады. Бұл деңгейде қазіргі әлемде және Қазақстанда шет тілін білудің маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуді, болашақ мансабында кәсіби даму үшін үлкен мүмкіндіктер ашатынын түсінуді қалыптастыру қажет.

Жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне және жеке қызығушылықтарына жауап беретін шет тілі сабақтарында аутентальды материалдарды пайдалану кәсіптік бағдар элементтерімен, таңдалған мамандық ерекшеліктерімен және болашақ мамандықты меңгерудегі шет тілінің рөлімен танысуды, ғылыми - техникалық және мәдени прогреске тартуды, таңдаған бейіндік бағыт саласындағы жалпы ой-өрісін кеңейтуді қамтамасыз етуі тиіс.

Бейіндік бағытталған оқу материалдарымен жұмыс істеу өнімді де, рецептивті де тілдік минимумның кейбір артуына, сондай-ақ сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде білімнің, іскерліктің және дағдылардың өсуіне әкелуі тиіс, бұл колледж бен ЖОО-да оқуды одан әрі жалғастыру үшін кәсіби бағдарлы база құруға ықпал етеді.

Оқытудың мазмұны және оқытудың шығармашылық-креативті деңгейін арттыруға қабілетті пайдаланылатын білім беру технологиялары жалпыеуропалық стандартқа сәйкес B1+ (B2) деңгейінде шетел тілін меңгеруді қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылар тілдік және тілдік тақырыптарды меңгеруі, тілдік материалды тілдік қарым-қатынаста пайдалануы, белгілі бір тақырыптар шеңберінде коммуникативтік міндеттерге сәйкес ауызша және жазбаша түрдегі монологиялық және диалогтік сөздерді оқуы, түсінуі және елестетуі тиіс.

#### ***Шетел тілі бойынша оқу жүктемесінің көлемі:***

10-11 -сыныптарда – әр сыныпта аптасына 3 сағаттан, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

10-11 -сынып білім алушылары келесі ***үлгілік оқу бағдарламалары бойынша оқитын болады:***

- Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;

- Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

«Француз тілі» және «Неміс тілі» оқу пәндерінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары ***Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген***

**(10-11-сыныптар).**

Барлық үлгілік оқу бағдарламалары ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында <https://nao.kz/> орналастырылған.

Оқу бағдарламалары **ұзақ мерзімді жоспарға** сәйкес жүзеге асырылады, онда бөлімдер оқу жылы бойы оқытылады. Педагог тоқсан ішіндегі тақырыптарды зерделеу тәртібін және олардың сағаттарын өз қалауы бойынша бөледі.

**«Ағылшын тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау**

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын нақты саны бекітілген бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және 1 рет тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу көзделеді. БЖБ үшін максималды балл 10-11 сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық болмауы керек. *БЖБ үшін максималды бал, БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сұрау, эссе) мен сабағы және БЖБ орындау уақыты реттелмейді.* 73-кестеде бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны берілген.

**73 - кесте. Жиынтық бағалау рәсімдерінің саны**

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	2*	2*	2*	2*
11-сынып	2*	2*	2*	2*

\* Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым)

*«Шет тілі» пәні бойынша карантиндік және шектеу іс-шаралары болған жағдайда барлық мектептерде (штаттық режимде, дистанциялық форматта, кезекші сыныптарда) 1 БЖБ, 1 ТЖБ өткізіледі)*

Тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) тілдік қызметтің барлық түрлерін тексеруді көздейді: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым. «Ағылшын тілі» оқу пәнінен жиынтық бағалау ерекшеліктері (спецификация) <https://smk.edu.kz/> сайтында орналастырылған.

**Бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын педагог өзі дайындайды.**

БЖБ және ТЖБ-ға қорытынды балды қою кезінде қолмен жөнделген жер, сондай-ақ оқу тапсырмалары мен есептер шарттарын ресімдеу сапасы есептелмейді.

Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда тоқсанда бір БЖБ, тоқсанның соңында ТЖБ өткізіледі.

**«Шетел тілі» оқу пәні бойынша білім беру процесін ұйымдастыру**

Ағылшын тілі бойынша білім беру процесін ұйымдастыру коммуникативтік технологияларды (жобалар, сұхбаттар, рөлдік ойындар, пікірталастар, дебаттар, конференциялар, байқаулар, қойылымдар және т.б.) жан-жақты пайдалануды көздейді. Сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және сабақтан тыс іс-әрекет мүмкіндіктерін белсенді пайдаланған жөн, бұл білім алушылардың шетел тілін үйренуге ынтасын арттыру үшін, танымдық қызметін белсендендіру, өзара тілдік қарым-қатынасын жандандыру, шығармашылық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

Шетел тілінің қарым-қатынас жағдайын модельдеуге мүмкіндік беретін және мәдениетаралық қарым-қатынас құбылыстарын интерпретациялауда білім алушылардың дербестігінің барынша ықтимал деңгейін қамтамасыз ететін оқыту технологияларын үнемі пайдалану маңызды болып табылады.

*Қосымша оқу уақыты:*

- шетел тіліндегі коммуникативтік іс-әрекет тәжірибесін кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік беретін күрделі коммуникативтік тапсырмаларды шешу арқылы білім алушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға және біліктерін жетілдіруге;

- пәндік-тақырыптық мазмұнның базалық деңгейі бар бірыңғай шегінде нәтижелі игерілетін лексикалық және грамматикалық материалдың көлемін арттыруға;

- оқытылатын тіл елдерінің әлеуметтік-мәдени ерекшелігінің феномендері мен құбылыстарын дұрыс интерпретациялау үшін білім алушылардың дайындық деңгейін арттыруға;

- оқытылатын тіл елдерінде қабылданған нормалар мен талаптарға сай тілдік және тілдік емес мінез-құлықты жүзеге асыруға;

- шетел тілін меңгеру бойынша білім алушылардың өздігінен білім алу қызметіне дайындық деңгейін арттыруға;

- сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде компенсаторлық қабілеттерді жетілдіруге;

- оқу-танымдық қабілеттерді дамытуға арналуы тиіс.

Жаратылыстану-математикалық бағыт пәндерінің (физика, биология, химия, информатика) педагогтерімен бірге кіріктірілген тақырыптық декадалар өткізу ұсынылады. Аталған іс-шара оқу пәнінің аясында білім алушылар мен педагогтерді жаңашылдықтарға ынталандырып қана қоймайды; педагогтердің өзара тәжірибе алмасуына, қолданылатын әдістердің жетілдірілуі мен кіріктірілуіне ықпал етеді.

Тақырыптық іс-шараларды жоспарлау кезінде Қазақстанның да, оқытылатын тіл елінің де мерейтойларын және маңызды даталарын ескеру ұсынылады, бұл өз кезегінде елдердің мәдениеті мен тарихын терең зерттеуге ықпал етеді.

***Пәндік бақылау бойынша ұсынымдар***

➤ Сабақ уақытын негізінен ауызша сөйлеу дағдылары мен біліктерін дамыту және жетілдіру үшін қолданылады.

➤ Жаңа лексикалық және грамматикалық материалды коммуникативтік

жағдайларда енгізу және бекіту ұсынылады. Сабақта жұппен, топтармен жұмысты ұйымдастыру есебінен әрбір білім алушының сөйлеу белсенділігі уақытын ұлғайту.

➤ Міндетті түрде мәтін алдындағы, мәтіндік және мәтіннен кейінгі жұмыс кезеңдерін сақтай отырып, оқылым мен тыңдалымға үйрету.

➤ Жазба жұмыстарын жүргізу кезінде оқу бағдарламасының талаптарын қатаң сақтау.

➤ Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін тексеру кезінде басымдылық бақылаудың ауызша түрлеріне берілуі тиіс.

Тапсырмалардың әр түрлі: ауызша, жазбаша, міндетті, таңдау бойынша, жалпы, сараланған, жеке, аралас, шығармашылық түрлерін кезектестіру және үйлестіру ұсынылады. Шығармашылық сипаттағы тапсырмалар білім алушылардың қалауын ескере отырып беріледі, бұл ретте нәтиже алу үшін тапсырманың көлемі мен күрделілігін ескеру қажет.

**Әдістемелік бірлестіктің отырыстарында талқылауға арналған тақырыптар:**

1. Жалпы орта мектепте жаңартылған білім беру мазмұны аясында ағылшын тілін оқытудың ерекшеліктері.

2. «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын ЖМБ пәндерінің педагогтері және ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысын жоспарлау ерекшеліктері.

3. Ағылшын тілі мұғалімдерінің бір-бірімен тәжірибе алмасуы үшін 2019-2020 оқу жылында өзара сабаққа қатысуын ұйымдастыру.

4. Білім беру үдерісін ұйымдастыруда заманауи тәсілдерді жүзеге асыру мәселелері.

5. Қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарларды талқылау.

6. Қалыптастырушы және жиынтық бағалауды өткізу ерекшеліктері.

7. Құрылымдық кері байланыс және рефлексия.

8. Ағылшын тіліндегі сабақтан тыс қызмет және т. б.

Жалпы орта білім беру деңгейін аяқтағаннан кейін білім алушылар «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша В2 тілдік деңгейіне, «Француз тілі» және «Неміс тілі» оқу пәндері бойынша В1 тілдік деңгейіне жетуі тиіс.

Ағылшын тілін В2 деңгейінде оқыту кезінде:

- оқытылатын тілдің сөйлеу нормаларын, өзге тілдегі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге;

- білім алушыларды өз бетімен білім алуға дайындауға, сондай-ақ өзге тілді қарым-қатынастың тәжірибесін өздігінен меңгеруге;

- мәдениетаралық коммуникация процесінде талап етілетін жеке тұлғалық дамуға ерекше көңіл бөлу керек. Бұл білім алушыларға неғұрлым терең әлеуметтік-мәдени және/немесе энциклопедиялық білім негізінде проблемалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы орта білім беру деңгейіне арналған **«Ағылшын тілі» оқу пәнінің бағдарламасы** ағылшын тілін меңгерудің әлемдік стандарттарына сәйкес жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде әзірленген. Білім беру деңгейін аяқтағаннандағы ағылшын тілін меңгеру деңгейі ағылшын тілді елдердің

стандарттарына сәйкес келеді (салыстыру үшін шетел тілін меңгеру деңгейлерінің жалпыеуропалық жүйесі алынды (Common European Framework of References, CEFR).

Ағылшын тілін үйрену CEFR сәйкес тілді меңгерудің жеткілікті деңгейін меңгеруге мүмкіндік береді (бір деңгейді меңгеруге 150-200 сағат).

*B2-10-11 сыныптар (204 сағат)*

74-кесте. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының сыныптары бойынша деңгей шкаласы

Тілдің Еуропалық деңгейлер шкаласы (CEFR)	Жаңартылған білім беру мазмұнындағы «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының сыныптары бойынша деңгей шкаласы	
<b>B2</b> Орта Ортадан жоғары (Vantage)	10-сынып	B2 low –mid (ортадан төмен)
	11- сынып	B2 high (жоғары)

Деңгейлердің еуропалық шкаласына сәйкес 10-11 сынып оқушылары үшін ағылшын тілін меңгеруге қойылатын талаптар B2 деңгейімен шектеледі. B2 деңгейі ағылшын тілі бойынша тіл және кәсіби даярлық бойынша мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарын аяқтау үшін талап етілетін деңгей болып табылады.

Төменде оқу, есту, ауызша және жазбаша сөйлеу кезінде білім алушыларда болуы тиіс білім мен білікті сипаттайтын деңгейлер берілген.

75-кесте. Жаңартылған білім мазмұнындағы «Ағылшын тілі» оқу пәні бағдарламасында әрбір деңгей бойынша күтілетін нәтижелер

Деңгей	Еуропалық деңгейлер шкаласының сипаттамасы (CEFR)	Жаңартылған білім мазмұнындағы «Ағылшын тілі» оқу пәні бағдарламасында әрбір деңгей бойынша күтілетін нәтижелер
<b>B2</b>	Абстрактілі және нақты тақырыптарға берілген күрделі мәтіндердің жалпы мазмұнын түсінемін, оның ішінде арнайы тақырыптық мәтіндер. Тіл тасымалдаушылармен үнемі қарым-қатынас жасау үшін кез келген тарапмен қиындықсыз және тез сөйлей аламын. Мен әртүрлі тақырыптарға нақты, егжей-	<b>10-сынып</b> Білім алушылар: - еркін талқылаудың негізгі мазмұнын, нақты ақпаратты және дәлелнің егжей-тегжейін түсінеді; - сөйлеудің формальды және формальды емес стилдерін қолданады, өзінің және басқаның көзқарасын түсіндіреді және негіздейді, басқа адамдардың пікірін бағалайды және түсіндіреді; - көлемді мәтіндердің негізгі идеясын түсінеді, түрлі стильдер мен жанрлардың көлемді мәтіндерінен алынған арнайы ақпараттар мен бөлшектерді таниды. Мәтіннің мазмұнын анықтау

	тегжейлі хабарлама жасай аламын және негізгі мәселеге өз көзқарасымды баяндай аламын, түрлі пікірлердің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсете аламын.	мақсатында ұзын мәтіндерді қарап оқу қолданылады. Көркем және ғылыми әдебиеттің әртүрлі мәтіндерін таныс және бейтаныс тақырыптарға, сондай-ақ оқу бағдарламасындағы тақырыптарға оқиды; - тиісті формальдылыққа жету үшін сөйлеу стилін қолдана отырып, грамматикалық дұрыс хат жазады. Қисынды дәлелдерді және қажет болған жағдайда мысалдар мен себептерді келтірумен тұжырымдайды
